

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ  
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**



**Әжинияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық  
институты**

Түрки тілдер факультеті

Қазақ тілі және әдебиеті

Магистратура бөлімі

**«Лингвистика теориясы және практикалық тіл білімі»  
пәнінен лекция**

Түзген: **ф.ғ.ғ.д.(PhD) Ы.Қуттымуратова**

**Нөкіс-2020**

## 1-Дәріс. ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ТІЛ БІЛІМІ

### Жоспары:

1. Ежелгі дәуір тіл білімінің басты мәселелері
2. Ежелгі Қытай тіл білімі
3. Ежелгі Үнді тіл білімі
4. Ежелгі Грек тіл білімі

Әдебиеттер: №2, §57-60, 127-136бб

Қоғам тарихының көне дәуірі де, жазу мен ғылымның алғашқы бастамалары да Таяу Шығыста, Месопотамия мен байырғы Египетте басталғанымен, олардан қалған тілге байланысты еңбектер біздің заманға жеткен жоқ, сондықтан ежелгі дәуір тіл білімі деген көне Қытай, Үндістан, Грек-Рим заманынан қалған, біздің заманға жеткен жазба нұсқаларға байланысты қаралады. Біз де осы жолмен жүреміз.

Ежелгі дәуір-тіл біліміне қатысты ой-пікірдің жаңа туындай бастаған және оның мейлінше балаң шағы. Ұзақ мерзімді қамтитын бұл уақыт бойында тіл біліміне тән түсінік бірте-бірте, өте баяу дамиды. Ол өрісі, тереңдігі жағынан да, тым жұпыны болды. Соған қарамастан бұл кезеңдегі тіл біліміне қатысты мәліметтерді қазіргі кезде өркен жайған тіл білімінің бастамасы, қалана бастаған іргетасы деп санаған жөн.

Ежелгі дәуір тіл білімінде ерекше көңіл бөлінген екі күрделі проблема болған. Оның бірі-*атау, ат қою* теориясы да, екіншісі-*грамматикалық өнер* (искусство) проблемасы.

Мұның біріншісінде-зат атаулары қалай пайда болған, атаулардың өздері атауы болған заттармен, құбылыстармен, оқиғалармен қандай байланысы бар? Атаулардың дұрыс я теріс қойылуының қандай мәні бар? дегендерді сөз етушілер-философтар болған және бұл проблеманы олар философияның ең мәнді саласының бірі ретінде қараған. Ғылым тарихында *ат қою теориясы* деп аталатын бұл сала қытайда да, үнділерде де, гректерде де бір-біріне өте ұқсас бағытта талданып, біртектес шешімге сайып отырған.

Грамматикалық өнер теориясы тілді дұрыс қолданудың ережесін белгілеуді мақсат еткен. Бұл ереже бірде грамматикалық өнер делінсе, енді бірде жазу өнері деп те аталады. Грамматикалық теория жазба ескерткіштер тілдерін зерттеуден туған. Сондықтан ежелгі дәуір тіл білімі, әдетте, *филология* дәуірі деп те аталады (филология-грек сөзі, мағынасы-сөзді сүю).

Филология-жазба ескерткіштердің тілін, стилін, тарихи жақтарын зерттейтін ілім. Оның дүниеге келуі жазба ескерткіштердің пайда болуымен, оны зерттеу қажеттігінің тууымен тығыз байланысты. Грамматика теориясы көне заман елдерінің әрқайсысында әр түрлі мақсатта және әр түрлі дәрежеде болған.

Бірақ соған қарамастан ежелгі дәуір тіл біліміндегі ой-пікірдің барлығына тән ортақ сипаттар да болды.

*Біріншіден*, бұл кезеңдегі грамматикалық өнер біраз мәселеде философияға байланысты болған.

*Екіншіден*, грамматикалық өнер тілдің құрылысын түсіндіруді мақсат етпеген, тілді дұрыс қолданудың, дұрыс сөйлеудің ережелерін жасауды, жазу тілі мен сөйлеу тілі арасындағы қарым-қатынасты түсіндіруді көздеген. Сондықтан да грамматикалық өнер пікірді дұрыс, әдеби етіп бере білуге үйрететін тәжірибелік ілім деп саналады.

*Үшіншіден*, филология дәуірінде тілдің морфология, фонетика саласында едәуір істер атқарылғанымен, олар тек тәжірибелік сипатта ғана болған, ал, лексикология, синтаксис мәселелерінің зерттелуі тым мардымсыз.

*Төртіншіден*, әр елдің филологтары тек өз тұсындағы бір тілге тән нұсқаларды зерттеген. Сондықтан әр түрлі тіл фактілерін салыстыра қарау дегенді олар білмеген.

*Бесіншіден*, бір елдің тіл біліміндегі ой-пікірдің екінші елге жетуі де нашар болған.

**Ежелгі Қытай тіл білімі.** Қытай-мәдениеті, ғылыми ой-пікірі ертеде дамыған, дүниежүзілік мәдениетке зор үлес қосқан ежелгі ел. Қытай тіл білімінің тарихы екі мың

жылдан астам уақытты қамтиды. Қытай тіл білімі 19 ғасырдың аяғына дейін басқа елдердегі тіл білімінің әсерінсіз өз бетінше дамыған. Тіл ғылымы тарихында өзіндік дәстүр қалыптастырған. Бірақ Қытай тіл білімі әлемдік тіл ғылымына мәнді үлес қосқан жоқ, ұлттық шеңберден шыға алмады. Қытай жазба ескерткіштері біздің заманнан 15 ғасыр бұрын пайда болған. Олар мал сүйектеріне, әсіресе жауырынға жазылып сақталған.

Ат қою теориясы мен грамматикалық өнер теориясы Ежелгі Қытайда да болған. Ат қою теориясын қалыптастырған адам, біздің жыл санауымыздан бұрынғы 551-479 жылдар арасына өмір сүрген философ ғалым-Конфуций (Кун-Цзы).

Оның ойынша, зат пен оның атауы арасында табиғи байланыс болады. Атау заттың табиғатына сай болуы керек. Бұл-кәте тұжырым. Ат қою теориясымен қатар Ежелгі Қытайда грамматикалық өнердің де негізі қаланған. Грамматикалық ілім қытайлардың көне жазуы-иероглифке негізделген. Қытай иероглифі біздің жыл санауымыздың бірінші ғасырының өзінде-ақ белгілі нормаға келтіріліп, *уставтық, жартылай уставтық және жылдам жазу* делініп үш стильге бөлінген, грамматикаға байланысты пікірлер де осы иероглиф жазуын талдап түсіндіруге негізделген.

Грамматикалық өнер ежелгі дәуірден сақталған діни жазбалар тілін зерттеу негізінде туған. Көне және Ортағасырлық Қытайда тілге байланысты үш түрлі филологиялық мәселеге ерекше көңіл аударылған. Оның бірі-көне сөздердің мағыналарын айқындау, екіншісі-иероглифтің құрылысы мен этимологиясын айқындау, үшіншісі-фонология. Тілдегі дыбыстық өзгешеліктерді айқындауда, тілді зерттеуде қытайлықтардың өзіндік ерекшелігі, дәстүрі болған. Оларда ежелден қалыптасқан ұғым бойынша, тілдегі ең негізгі тұлға-сөз. Сондықтан иероглиф жазуы жеке дыбысты емес, сөзді таңбалайды. Ежелгі Қытай лингвистикасының негізгі міндеті-тілдегі әр сөзге жеке таңба тағайындау, ол таңбалардың мағынасын, оларды қалай оқу, қалай қолдану жолдарын айқындау болған. Ол үшін таңбалар сөздігі жасалған. Біздің заманға жеткен сондай сөздіктердің бірі және қытайлар үшін ең беделдісі-қытайша «Эрья» деп аталатын сөздік. Біздің заманға дейінгі 3-2 ғасыр шамасында жасалған бұл сөздік бұрыннан сақталған діни жазбаның сөздерін-иероглифін түсіндіруге арналса керек. Ол жазбалардың сөздері-киелі, жоғары стильді, канондық сөздер деп саналған. Сөздікте оның иероглифін талдау, жүйелеу, оларды оқудың, түсінудің ережелері берілген. Сөздікті грамматикалық еңбектер қатарына жатқызуға себепші болатын да сол ережелер.

Кейінгі кездерде «Эрья» сөздігіне еліктеп, оның сырын аша түсуге арналған тағы да бірнеше сөздік жасалған. Біздің заманымыздың басында «Фан янь» («жергілікті сөз») деп аталатын диалектизмдер сөздігі жасалған. Біздің заманымыздың 121 ж. жасалған «Шо янь» («Жазулар түсініктемесі») сөздігінде 10 мыңға жуық иероглиф қамтылған, бұл әлемдегі бірінші толық түсіндірме сөздік болып табылады. Олардың барлығы да Қытайдың иероглифін талдауға, олардың этимологиясын, мағынасын ашуға арналған. Сол себепті бұл сөздіктерді кейде иероглифтік грамматика деп те атайды.

Қытай тілінің даралық сипатына байланысты грамматика жете дамымаған. Иероглифтік грамматикаларда морфема, сөз мағынасы, этимология мәселесі болмаса, қалыпты грамматикалық әдебиеттердегідей грамматикалық категория мәселелері сөз болмаған. Қытай лингвистикасының өзіндік ерекшелігі, өзіндік дәстүрі де осында.

Қытай тіл білімі көрші жатқан Корея, Жапония, Вьетнам, 11-13 ғасырларда Танғұт тіл білімдеріне зор ықпал еткен.

**Ежелгі Үнді тіл білімі.** Үнділерден бізге жеткен зерттеулер жыл санауымыздан бұрынғы 5 ғасырдан басталады. Бұл материалдардың ғылыми жүйелілігіне, ой тереңдігіне қарағанда Үнді тіл білімі бұдан да бұрын болғанға ұқсайды. Тіл білімі мұнда практикалық қажеттіліктен туған. Үнділердің өте ерте дәуірден сақталған аңыздардан, гимндерден, діни жырлардан құралған «Веда» деп аталатын жазба ескерткіштері болған. Олардың ең көне «Ригведа» көне үнді тілі санскритке жатады. Санскрит-сол кездегі брахмандардың, ғалымдар мен шайырлардың өңделген, қолданылуы заңдастырылып

қағидаға айналған, нормативті әдеби тілі. Ол халықтың ауызекі сөйлеу тілі праkritке қарама-қарсы қойылып зерттелген. Біздің дәуір алдындағы 6 ғасырларда белгілі болған бұл ескерткіштер жинағын үнділер қасиетті, киелі деп санаған және қазірде де солай санаушылық бар көрінеді. Бұл «киелі» жырлар тілінде сол уақыттағы үнділерге мағынасы түсініксіз көптеген сөздер, сөйлемшелер болған. Соларды айқындау және «Веда» тілін сөйлеу тілі әсерінен қорғау, оның айтылу мәнерін, беретін түсінігін өзгеріссіз сақтау мақсатымен «Веданың» тілін зерттеген. Бұл зерттеу төрт түрлі бағытта жүргізілген: а) дыбыстық жүйесі мен айтылу мәнерін, яғни фонетикасы мен орфоэпиясын зерттеу; ә) жырдың құрылысы мен өлең өлшемдерін зерттеу; б) грамматикасын зерттеу; в) жеке сөздердің тіркесін және оның мән-мағынасын, яғни лексикасы мен этимологиясын зерттеу. Ежелгі Үндістандағы тіл білімі, негізінде, осы төрт бағытта дамыған. Бірақ бұлардың даму тарихы, зерттелу дәрежесі біркелкі болмаған. Өз кезі үшін айтарлықтай жақсы, жан-жақты зерттелген мәселелер қатарына ғалымдар фонетика мен морфологияны жатқызады. Бұлар жөніндегі зерттеулер үнділердің атақты лингвисті Яски мен Панини жазған еңбектер арқылы біздің заманға жеткен. Яски біздің дәуірімізге дейінгі 5 ғасырда өмір сүрген. Ол-«Веда» тілінің бес томдық сөздігін жасап, түсінік берген адам.

Панинидің біздің дәуірге дейінгі 6 ғасыр шамасында жазған «Аштадхьян» (грамматикалық ережелердің сегіз бөлімі) деген еңбегінде төрт мыңдай грамматикалық ереже берілген. Бұл еңбегінде Панини «Веда» жыры тілінің дыбыстық жүйесін, көне әдеби тілінің және «Веда» жыры тілінің дыбыстық жүйесін, сөзжасам, сөз өзгерту жолдарын жан-жақты зерттеген. Зерттеушілердің айтуынша, Панини еңбегі-тіл білімі тарихындағы біздің дәуірге жеткен тұңғыш сипаттама грамматика. Ол *санскрит тілінің грамматикасы* деп те аталады. Мұнда сөздерді тапқа, түбірге, түрлі қосымшаларға бөлу, жұрнақ, жалғау, префикс дегендердің бәрі де бар. Панини грамматикасы ережелерінің дәлелдігіне, зерттеулерінің терең және жан-жақтылығына қарап, бірсыпыра ғалымдар Үндістанда тіл білімі Панинге дейін де даму басқышынан өткен, бірнеше грамматикалық еңбек жазылған болу керек деп жорамалдайды. Бірақ ондай еңбектердің болған-болмағаны ғылымда әзірше белгісіз.

Үнділер тілдегі барлық сөздерді есім, етістік, предлог, демеулік деп төрт топқа бөлген де, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты сипаттаған. Етістіктің шаққа бөлінуі, есімдерде жеті түрлі септік жалғаудың барлығы, т.б. көптеген грамматикалық мәселелер өте дәлдікпен шешілген.

Үнділер синтаксис мәселелеріне жеткілікті көңіл бөлмеген.

Ежелгі Үнді тіл білімінде морфологиядан кейінгі мол зерттелген сала-фонетика. Фонетика ежелгі заман тіл білімінің ешқайсысында Үндістандағыдай зерттеудің жоғарғы сатысына көтеріле алмаған. Дыбыстардың физиологиялық сипаттары, сөйлеу органдарының тіл дыбыстарын жасаудағы артуляциясы, дыбыстардың дауысты, дауыссыз, шұғыл, ызың болып кездесетіндіктері, олардың себептері жан-жақты және дұрыс сөз етілген.

Үнді тіл білімінің тарихын сөз ете келіп, В.Томсен: «Үндістан тіл білімінің көтерілген биігі ерекше. Бұл биікке, көп нәрсені үнділерден үйрене тұрса да, еуропалық тіл білімі 19 ғасырға дейін көтеріле алмады»-деп жазады.

Ал, И.А.Бодуэн де Куртенэ «19 ғасырдағы тіл ғылымы немесе лингвистика» деген еңбегінде: «Егер де үнді грамматистерінің 18 ғасырдың аяғы мен 19 ғасырдың бас кезіндегі Еуропа зерттеушілерінің ақыл-ойына тигізген орасан зор әсері болмаса, салыстырмалы грамматиканың, тіпті Еуропа мен Америка топырағында пайда болған тіл ғылымының гүлдеп дамуы болмаған болар еді»-дейді.

Шынында да, үнділер тіл білімінің дамуына елеулі үлес қосқан. Тіл фактілерін зерттеуде олар синтетикалық тәсілді де қолданған. Сол арқылы тілдік элементтердің өзара ұқсастығын және бір-бірінен өзгешеліктерін айқындаған.

Кейінгі дәуірлерде Үндістанда Панини грамматикасының мән-мағынасын талдап түсіндірген, оның жолын ұстанған бірнеше лингвист ғалымдар болған.

Эдинбург университетінің профессоры Джон Лайонз 1978 жылы орыс тілінде жарияланған «Теориялық лингвистикаға кіріспе» деп аталған еңбегінде Панинидан кейін Үндістанда он шақты грамматикалық бағыт болған. Бізге олардан көне үнді грамматикасын зерттеген мыңға жуық еңбек жетті. Олардың көпшілігі Панини дәстүрін қолдаған деп жазды.

**Ежелгі Грек тіл білімі.** Ежелгі дәуір тіл білімінің тағы бір отаны-Ежелгі Греция. Грецияда туған тіл біліміндегі ой-пікір бүкіл Еуропа тіл ғылымының қалыптасып дамуына күшті әсерін тигізді. Ф.Энгельстің: «Греция мен Рим қалаған негіз болмаса, қазіргі Еуропа да болмас еді» деген сөзін тіл біліміне байланысты да айтуға болады. Тіл мәселелеріне байланысты бұл елден біздің дәуірге жеткен жазба материалдар жыл санауымызға дейінгі 5 ғасыр шамасынан басталады.

Ғалымдардың айтуына қарағанда, Грек тіл білімі Гомердің «Илиада» мен «Одиссея» жырының тілін зерттеуден басталыпты. Көне заманнан сақталған бұл дастан тілінің көп жері гректердің сөйлеу тілінен мейлінше алыстап, оларға түсініксіз бола бастаған да, грек ойшылдары соны зерттеу, айқындау істерімен шұғылданған. Бұл жағынан алғанда, Үнді тіл білімі мен Грек тіл білімін туғызған себеп бірдей.

Әдетте, Грек тіл білімін екі кезеңге бөліп қараушылық бар. Оның бірі-философиялық кезең, екіншісі-филологиялық кезең деп аталады. Бірінші кезең біздің дәуірге дейінгі 5-3 ғасырлар арасын қамтиды. Бұл-Грек тіл білімі қалыптасуының алғашқы кезеңі. Мұны қалыптастырушылар философтар болған. Олар тіл мәселелерін лингвистикалық тұрғыда емес, философия тұрғысынан сөз еткен, философияға тәуелді, соның ажырамайтын бір саласы деп есептеген жөн деп нақтылы тілдік фактілерге сүйенбей, абстракты болжаулар, философиялық тұжырымдар жасаумен шұғылданған. Бұл бағыт Грек тарихында *эллинизм* деп аталатын дәуірге дейін сақталды.

Ежелгі Грек философтарының тілге қатысты мәселелерден ерекше сөз еткендері-атаудың табиғаты, зат пен оның атауы арасында қандай байланыс болатыны, тілдің қайдан, қалай пайда болғаны және тілдің грамматикасы мен логика арасындағы қарым-қатынас жөніндегі мәселелер.

Заттың өз атауына қатысты жөніндегі мәселе Ежелгі Грецияда бірнеше ғасырға созылған және Грек философтарын екі топқа бөлген аса күрделі мәселе болған. Олардың Героклит бастаған бір тобы-атау заттың табиғатына сәйкес жаратылыстан берілген, сөз табиғат туындысы десе, Демокрит бастаған екінші тобы оған қарсы-зат пен оның атауы арасында табиғи байланыс болмайды, ол екеуінің арасындағы байланыс-шартты, кездейсоқ байланыс деген тұжырым жасайды.

Грек философтары арасында болған бұл айтыс Платонның «Кратил» деп аталатын диалогы арқылы біздің дәуірге жетті. Демокрит атаулардың жаратылыстан берілген табиғи еместігіне төрт түрлі дәлел айтады. Олар тілдерде бір затты әр түрлі атаумен білдіретін синоним және атауы біркелкі бола тұра әр түрлі мағынаны білдіретін омоним сөздердің болуы, сондай-ақ, көптеген заттардың тілдік атауларының болмауы немесе зат атауларының кейде өзгеріп кететіні-осылардың барлығы атаудың зат табиғатына тән еместігін білдіреді деген дұрыс қорытынды жасайды.

Ежелгі Грек философтарының тілге байланысты сөз еткен екінші проблемасы-тілдің шығуы жөніндегі мәселе. Бұл мәселеде де олар дұрыс шешімге келе алған жоқ. Олардың бір тобы тілді дыбысқа еліктеуден шыққан десе, екінші бір тобы ертедегі адамдардың өзара келісуінен барып шыққан дегенді айтады. Тіл білімінде мұның алғашқысын *дыбысқа еліктеу теориясы* десе, соңғысы *келісім теориясы* деп аталады. Бұл екі тұжырымның екеуінің де ғылыми негізі жоқ.

Грек ғалымдары көтерген тағы бір проблема-грамматика мәселелері. Грамматиканы да алғашында философия, әсіресе логика ғылымына тәуелді, соның бір саласы ретінде, логикалық категориялардың көрсеткіші ретінде ғана қараған. Бұл

саладағы алғашқы пікір Платон мен Аристотель еңбектерінде кездеседі. Платон тілдегі сөздерді есім, етістік деп екі топқа бөлсе, Аристотель алдыңғы екеуінің үстіне жалғауыш дегенді қосып, үш топқа бөледі. Аристотель-грамматика мен логика арасындағы қарым-қатысты алғаш сөз еткен ғалым. Оның логика мен поэтика жөніндегі ілімі кейінгі заман оқымыстыларына да күшті ықпал жасады. Аристотель логиканы ұғым, байымдау сияқты категорияларды зерттейтін ғылым деп анықтайды да, сөз табы деген-сөйлемнің элементтері, ал, сөйлем-есім мен етістіктің байланысы, бұл екі категория арасында елеулі өзгешеліктер бар: етістік шақты білдіреді, предикативтік қызмет атқарады, ал, есім септеледі, сөйлемде субъектілік қызмет атқарады дейді. Бірақ Платон да, Аристотель де сөздерді тапқа бөлгенде, біздің қазіргі түсінігіміздей тілдік категория ретінде емес, логикалық категория ретінде қарайды. Есім мен етістік-байымдаудың мүшелері, бұлардан басқа сөздер осы екеуінің төңірегінде топталып, жалғауыштық қызметтер атқарады деп түсіндіреді. Соған қарамастан Аристотельдің лингвистикалық көзқарастарды бұл ғылымның кейінгі замандардағы дамуына зор әсерін тигізді. Күні бүгінге дейін қолданылып жүрген грамматикалық категориялардың, терминдердің көпшілігі сол Аристотельден қалған.

Бұл елдегі тіл ғылымы өз дамуының ең биігіне Греция тарихында эллинизм деп аталатын дәуірде көтерілді. (Бұл-жыл санауымызға дейінгі 3 ғасыр мен біздің дәуірдің 4 ғасыры арасы). Тіл білімі тарихында грамматистердің Александрия мектебі деп аталатын бағыт та осы дәуірде қалыптасқан. Бұл кезең Грек тіл білімі тарихында филология дәуірі деп аталады. Оның басты бір ерекшелігі-грамматикалық ілімнің философияның, логиканың ықпалынан босанып, өз алдына дербес пән ретінде қаралуы еді. Грамматистердің Александриялық мектебін қалыптастырып, грамматика ілімін дамытушылар: Аристрах Самофракийский (б.з.д. 200-150 ж), оның шәкірттері Дионисий Фракийский, Аполлоний Дискол (біздің заманымыздың 2 ғасыры) болды. Аристрах тілдегі сөздерді есім, етістік, есімше, член (артикл), есімдік, предлог, үстеу, жалғаулық деп сегіз топқа бөлген. Дионисий Фракийский негізгі сөз таптарының көптеген грамматикалық категорияларын, Аполлоний Дискол синтаксис мәселелерін зерттейді. Дегенмен, Ежелгі Грецияда морфологияға қарағанда синтаксис, фонетика, лексикология аз зерттелген.

Бұл дәуірдегі филология жазба ескерткіштерді жинау, зерттеу ісімен ерекше шұғылданған. Ежелгі Грек дәуірінен келе жатқан зат пен оның атауы арасындағы қарым-қатынас жөніндегі талас бұл кезеңде де болды. Бірақ бұл кездегі талас тілде белгілі бір заңдылық деген бола ма, жоқ па деген мәселе төңірегінде болды. Оны бар деушілер *аналогистер*, жоқ деушілер *аномалистер* деп аталады.

Аномалистер (Ктатес Малос) зат пен оның атауы және грамматикалық категориялар мен логикалық категориялар арасында ұқсастық, заңдылық жоқ десе, аналогистер (Аристрах Самофракийский) тілде аналогияның рөлі ерекше, тілдік элементтерде аналогия жолымен бірыңғай, біркелкі болу тенденциясы күшті болады, тілдегінің барлығы да белгілі заңдылыққа бағынады деді.

Тіл білімі тарихында елеулі мәні барлығына қарамастан, Ежелгі Грек тіл ғылымының әлсіз жақтары да мол болған. Тіл мәселелері алғашқыда философия, логика ғылымдарына тәуелді, соның бір саласы ретінде қаралғандықтан, тілдік категорияларды логикалық категориялармен теңестіріп қарау, алдыңғысын соңғысының мүддесіне бағынышты ету әрекеті кейінгі заманға дейін арылмай келді. Тілдік категорияның өзгеріп, дамып отыратын тарихи құбылыс екеніне гректер де жете мән бермеді. Оның үстіне гректер өз тілінен басқа тілдерді зерттемеді. Сондықтан олардың зерттеулері бір ғана тіл фактілеріне негізделеді. Бұл-олардың лингвистикалық мәліметтерінің өсуіне, жалпы тілдік теориялық терең тұжырымдар жасауларына мүмкіндік бермеді.

Рим тіл білімі. Грецияны жаулап алған римдіктер тіл білімін дамытуға айтарлықтай үлес қоса алмады. Олар Александрия грамматистерінің ілімін өз тіліне сәйкестендіріп қолданудан аса қойған жоқ. Рим грамматистері ішіндегі ең көрнектісі-Варрон (жыл

санауымызға дейінгі 1 ғасырда өмір сүрген), кейінірек Доната (4 ғасырда) болды. Бұлар латын тілі грамматикасын жазды.

## 2-лекция ХҮІ-ХVІІІ ғ. тіл білімі

Жоспар:

1. Орта ғасырдың өзіндік бір ерекшелігі.
2. Тіл ғылымындағы канондық тіл жайлы.
3. Араб тілі туралы алғашқы еңбектер.
4. Араб тілінің дамуына үлес қосқан ғалымдар еңбектерінің маңызы.
5. Араб тіл білімінің грамматикасы.
6. 17 – 18 ғ. жаңа үлгіде жазылған грамматикалық еңбектер.
7. Қайта өркендеу дәуірінің лингвистикалық проблемасы.
- 8/ Универсал грамматика бөлімдері.

Орта ғасырдың өзіндік бір ерекшелігі - әр түрлі діндердің туып, әлемдік діндерге айналуы. Дүние жүзілік діндердің тарауымен қатар сол діндердің сүндет-парызын, шариғатын уағыздайтын жазбалар да тарады. Ол жазбалар тілі киелі, қасиетті тіл, пайғамбарлар тілі деп жарияланды. Бұл тіл -тіл ғылымында канондық тіл деп аталады. Сөйтіп, дін тараған аймақтардағы халықтар өз ана тілімен қатар канондық тілді де қолданды. Жазба тіл, әдеби тіл деп саналатын да канондық тіл болды. Мысалы, түркі халықтары, сондай-ақ қазақ халқы үшін де канондық тіл араб тілі, исламның ең қасиетті, киелі кітабы - Құранның тілі болды. Араб тілі оқу пәні болды. Оны молдалар, дін иелері оқытты. Еуропа халықтары үшін канондық тіл - латын тілі. Олар латын тілін жазу тілі, ғылым ретінде пайдаланды.

Қайта өркендеу дәуіріндегі тіл білімі. Универсал грамматика. Қайта өркендеу дәуірі тіл зерттеу мәселесіне бұрынғыдан басқаша тұрғыдан келу, бірінші орынға канондық тілдерді емес, әр халықтың әр ұлттық өзіндік сөйлеу тілін қоюды, соны зерттеп, соның сырын ашуды қойды. Осылардың нәтижесінде жаңа үлгіде жазылған грамматикалық еңбектер әр елде, әр жерде шығып жайтты. 1562 ж. П. Романің «Француз тілі грамматикасы». 1693 ж. Уоллистің «Ағылшын тілі грамматикасы». 1659 ж Лавренти Зизанидің «Славян грамматикасы». 1757 М В Ломоносовтың «Россия грамматикасы».

Еуропа тарихы тұрғысынан алғанда, Қайта өркендеу дәуірі 14-16 ғасырлар арасын қамтиды. Қайта өркендеу дәуірінде ерекше қолға алынған тағы бір мәселе – орта ғасырда жөнді мән берілмеген ежелгі грек, рим жазба нұсқаларын тауып жариялау болды. Өз дәуірі үшін бұл саладағы күрделі істер қатарында И. Скалигердің 1540 жылы шыққан «Латын тілінің негіздері туралы», Р. Стефанустың 1553 жылы шыққан «Латын тілі қазынасы» және «Грек тілі қазынасы» атты еңбектерін атауға болады.

Универсал грамматика 1660 жылы жарияланған. Оны француз ғалымдары – логик, философ, профессор Антуан Арно (1612-1694) мен грамматист, филолог, профессор Колод Лансло (1616-1695) екеуі бірігіп жазған.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Орта ғасырдың өзіндік бір ерекшелігі қандай ?
2. Тіл ғылымындағы канондық тіл дегеніміз не?
3. Реалистер мен номиналистер дегеніміз кімдер?
4. Араб тіл білімі қай дәуірде дамыды?
5. Араб тіл білімінің өкілдері?
6. Махмұт Қашқари сөздігінің маңызы?
7. Қайта өркендеу дәуірінің тіл ғылымы үшін маңызы қандай?
8. Универсал грамматика қай жылы жарияланған ?
9. Рационалды жалпы грамматика дегеніміз не ?

### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Ковчиков. В.А. Психоллингвистика. Теория речевой деятельности. М: Астрель, 2007. -318с.
2. Попова З.Д. Общее языкознание. -М: АСТ: Восток-Запад, 2007. -408с.

3. Копыленко М.М. Избранные труды в 2-томах. А:Ин-т языкознания им. А.Байтурсынова.2010.,2010.-443с.
4. Норман Б.Ю.Лингвистические задачи. –М: Флинта-Наука.2009.-271с.

### 3-лекция Салыстырмалы-тарихи тіл білімі. Жоспар:

- 3.1 Франц Бопп (1791-1867)
- 3.2 Якоб Гримм (1785-1863)
- 3.3 Тіл философиясы.

Еуропалық тіл білімі дамуының жаңа дәуірі тілді дамып, өзгеріп отыратын тарихи құбылыс деп танудан, тілдер өзара туыстас, төркіндес болады деп біліп, сол заңдылықтарды ашуға, зерттеуге салыстырмалы- тарихи әдісті қолданудан басталады. Тіл туралы ғылым тарихында үлкен бетбұрыс болған бұл жәйт XIX ғасырдың алғашқы он жылдығында орныға бастайды. Әрине, жаңа әдістің қалыптасуы - ежелгі заманнан басталатын лингвистикалық ой- пікір дамуының заңды, табиғи нәтижесі. ХҮШ ғасырдың соңғы жартысы мен XIX ғасырдың алғашқы жылдарында тіл ғылымының даму қарқыны, бағыты жаңа зерттеу әдісінің қажеттігін айқын көрсетті.

Өткен ғасырдың бас кезінде әр елде салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде жазылған бірнеше еңбек жарық көрді. 1816 жылы неміс ғалымы Франц Бопптың санскрит тіліндегі етістіктердің жіктелу жүйесін грек, латын, парсы, герман тілдеріндегі етістіктердің жіктелу жүйесімен салыстыра зерттеген еңбегі шықты. Онда аталған тілдердің туыстастығы дәлелденді. Бопп бұл тілдерден жинаған материалдарын иран, славян, балтық бойы халықтары, армян тілдері фактілерімен толықтыра келіп, 1833-1849 жылдар арасында "Үнді-Еуропа тілдерінің салыстырма грамматикасын" жазды.

Ғалымдардың айтуына қарағанда, Бопптың бұл еңбегіне үнді тіл білімінің әсіресе Панини еңбегінің әсері тиген. Панини сияқты Бопп та, негізгі зерттеу объектісі етіп морфологияны алады да, фонетиканы соған тәуелді жағдайда қарайды, синтаксис саласы тіпті сөз болмайды.

Тіл білімі тарихында Бопп салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін салушы деп саналады. Ф.Бопп еңбектері салыстырмалы-тарихи тіл білімінің дамуына зор ықпалын тигізді.

**3.1 Франц Бопп (1791-1867)** Майнц қаласында туған. Гимназияда оқып жүрген кезінде-ақ санскрит, парсы, араб, көне еврей тілдерін оқып үйренген. 1821 жылы Берлин университетіндегі шығыс әдебиеті және жалпы тіл білімінің профессоры, 1829 жылдан академик. Оның ең басты еңбегі - "Санскрит, зенд, армян, грек, латын, литва, көне славян, гот, неміс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы". Бұл еңбек үш томнан тұрады: 1833-1852 жылдары бірінші рет, 1856-1861 жылдарда жөнделіп екінші рет, 1868-1870 жылдары үшінші рет басылды.

Салыстырмалы-тарихи әдісті қалыптастырушылардың екіншісі - Дания ғалымы Расмус Раск. Ол өзінің 1818 жылы басылып шыққан "Исланд тілінің шығу тарихы" атты еңбегінде тілдер туыстастығын білдіретін негізгі белгілер не екендігін жан-жақты көрсетеді. Ол - тілдердің сөздік жағынан бір-біріне ұқсастығы тіл туыстастығының кепілі бола алмайды, бір тілден екінші тілге сөз ауыса береді, тіл туыстығының белгісі - олардың грамматикалық жағынан ұқсас болу, өйткені грамматикалық формалар бір тілден екіншісі тілге ауыспайды деген қорытынды шығарды. Тілдер туыстастығының екінші бір кепілі - дыбыстар алмасуындағы заңдылықтар мен негізгі сөздік қордың ұқсастығы дегенді баса айтады. Өзінің осы тұжырымына сүйене отырып, Раск көптеген еуропалық тілдер фактілерін бір-біріне салыстыра зерттейді.

**3.2. Расмус Кристиан Раск (1787-1832)** Копенгаген университетінде оқыған. 1823 жылдан бастап осы университеттің профессоры. Ол 20-шақты тілді білген, испан, италян, француз, көне ағылшын, швед, т.б. көптеген тілдердің грамматикасын жазған. Расктің тілдер фактілерін салыстырудан туған ең көрнекті еңбегі «Ежелгі солтүстік тілдері және

неміс, исланд тілдерінің шығуы туралы зерттеулер" деп аталады. Бұл еңбегінде автор гот (герман) тілдерінің латын, грек тілдерімен туыстастығын дәлелдейді.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің тағы бір көрнекті өкілі - неміс ғалымы Якоб Гримм. Бұл ғалымның төрт томнан тұратын «Неміс грамматикасы» атты еңбегінің бірінші кітабы 1819 жылы басылады. Мұнда автор неміс тілінің қалыптасу, даму жолдарын, оның құрамындағы әр түрлі диалектілерді бір-біріне салыстыру, неміс тілін герман тіліне жататын басқа тілдермен қатар қоя қарау арқылы айқындайды.

Гримм өзінің еңбектерінде тілдің, тілдік элементтердің даму тарихын зерттеуге баса көңіл бөледі. Ол тарихи салыстырудың баспалдақты, хронологиялық жолын енгізіп қалыптастырады. Сөйтіп, тілдегі өзгеріс-құбылыстардың қай-қайсысы да оның бірте-бірте дамуының табиғи нәтижесі екенін дәлелдейді.

Гримм тіл тарихының қоғам тарихымен байланыстылығын, тілдің қоғам тарихын зерттеуде орасан зор роль атқаратынын баса айтты.

Ф.Бопп еңбектері сияқты Гримм еңбектері де салыстырмалы-тарихи тіл білімін зор беделге ие етіп, оның даму бағытына елеулі ықпал жасады. Ф.Энгельс Гриммді герман тілі салыстырмалы грамматикасының негізін салушы деп жоғары бағалады.

**3.3 Якоб Гримм (1785-1863)** Ганау қаласында туған. Кассель қаласындағы лицейде, кейін Марбург университетінің заң факультетінде оқыған. Бірақ ол филология мен әдебиет маманы болды. Ол Геттинген, кейініректе Берлин университеттерінің профессоры болған. Оның ең негізгі лингвистикалық еңбегі төрт томнан тұратын "Неміс тілі грамматикасы". Мұнда бүкіл герман тілдерін бір-біріне тарихи тұрғыда салыстыра зерттейді. Бұл еңбек салыстырмалы-тарихи тіл білімінің теориялық жағынан да, практикалық жағынан да ілгері дамуына зор әсерін тигізді.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін салушылардың жолын ұстанған басқа да ғалымдар болды. Олар салыстырмалы-тарихи әдіспен үнді-еуропа семьясына жататын тілдерді жекелеп те, топтап та зерттей отырып, олардың арасындағы бірлік пен өзгешеліктерін, бір-біріне жақындық дережелерін айқындады.

Салыстырмалы-тарихи әдісті қалыптастырушылардың ерекше назар аударған мәселесі - үнді-еуропа семьясына жататын тілдердің шыққан төркінін, ол төркіннің қандай сипатта болғанын айқындау болды. Ол төркін тілді ата тіл-праязык деп атады да, одан тараған тілдер тобын семья деп атады.

Дыбыс тілі жалпы адамзаттық құбылыс болғандықтан, онда бір-біріне ұқсастық болмай қоймайды. Оның себептері көп. Ұқсастық бір тілдің екінші біреуіне тигізген әсерінен, тілдік тұлғалардың, әсіресе сөздердің бір тілден екіншісіне ауысуынан болуы мүмкін. Мысалы, орыс тілінде қолданылатын колпак, алтын, баба, бак, бар, оба деген сөздер бірлі-жарым дыбыстық өзгешеліктер мен көптеген түркі, солардың ішінде қазақ тілінде де кездеседі. Бірақ соңғыларда басқа мағынада жұмсалады. Жоғарыда айтылған кездейсоқ ұқсастық дейтіндеріміз - осылар. Мұндай тіларалық омонимдер олардың туыстастығының көрсеткіші бола алмайды. Сондай-ақ, қазақ тіліне орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден ауысқан: база, телефон, радио, демократия, студент, кафедра тәрізді сөздер бар. Бұлар -қазір бір-бірімен ешқандай туыстық жақындықтары жоқ көптеген тілдерде кездесетін ортақ сөздер. Жоғарыда айтылған тілдер қарым-қатынасы арқылы пайда болатын ұқсастық, бірлік дейтіндер, міне, осылар. Бұлар да тілдер туыстастығына кепіл бола алмайды. Тілдер туыстастығының, төркіндістігінің негізгі кепілі - сөз туғызушы, сөз өзгертуші формалардың бірлігі, ұқсастығы және негізгі сөздік қор мен дыбыс заңдарындағы жақындық. Сондықтан тілдер туыстастығын ай-қындау үшін кездейсоқ ұқсастықты алмай, тілдердің фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік жүйелеріндегі ұқастықтарды салыстырған жөн. Тілдер туыстастығын тек осылардағы бірлік пен төркіндістік қана аша алады. Бірақ туыстас тілдер фактілерін салыстырғанда олардың бір-бірінен ешқандай жақындығы, бірлігі жоқ фактілерін немесе бір-біріне ешқандай өзгешелігі жоқ фактілерін салыстыруға болмайды. Мысалы, қазақ тіліндегі сөйлем, үтір, нүкте деген сөздердің - мағынасы ұйғыр тілінде жүмлә, пәш, чекит

деген сөздермен беріледі. Ал енді, қазақ тіліндегі пай, ат, зиян, қызыл, қызғылт, қымыз, ақ деген сөздер башқұрт тілінде де дәл осы қазақ тіліндегідей дыбыстық құрылымда айтылады.

Салыстыру үшін алынатын материалдар, фактілер тарихи жағынан салыстырып отырған тілдерге ортақ, о баста бір негізден тарағанмен, кейін өзгерістерге ұшырап, бөлектенген болуы керек. Мысалы, қазақ тілінде: тас, тұз, баға, болат, балта, мүйіз, табан, жақсы, жат деген сөздердің, ойрот тілінде: таш, тұз, баға, болат, балта, мүйіз, табан, жат болып айтылуын немесе қазақ тілінде қосымша *д,т* дыбыстарынан басталып қосылатын: біздер, тілектестік, мендік, атты дегендердің қарақалпақ тілінде; біздер, тілеклестік, менлік, атлы болып, *л* дыбысымен ауысатындығын алуға болады. Салыстыру арқылы бұл фактілердің бастапқы түрін де, қай тілде қалай және неліктен өзгеріске ұшырағандығын да табуға болады.

**3.4 Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің кемшілігі:** Салыстырмалы-тарихи әдіс тіл туралы ғылымды қалыптастырып, дамытуда зор роль атқарды, лингвистикалық жаңа дәуірдің басы болды. Бірақ соған қарамастан ғылымның кейінгі замандардағы дамуы бұл әдістің бірсыпыра осал жақтарының да барлығын айқындап берді. Біріншіден, ең алдымен, салыстырмалы-тарихи әдісті қолданушылар тілдің өткенін зерттеуге, болған-болмағаны беймәлім, жорамалдан туған ата тіл (праязык) дегенді табуға баса назар аударды. Сөйтіп, тілдің қазіргі күйін, оның жүйелік, құрылымдық сипаттарын айқындауға жете мән бермеді. Екіншіден, бұл әдіс тілдің лексикасын, семантикасын мен синтаксисін зерттеуде айтарлықтай жеміс бере алмады. Үшіншіден, туыстас тілдердің бір-біріне жақын, ұқсас келмейтін фактілері ескерусіз қалды. Анықталып, түпкі төркіні табылды деген тілдік элементтердің көпшілігінің қай тарихи кезеңге жататынын және қай тілде солай болғанын тап басып айту мүмкін болмады. Төртіншіден, бұл әдіс бірнеше тілдер фактілеріне сүйеніп қана қорытынды жасады, тілдердің басым көпшілігі, әсіресе туыстығы белгісіз тілдер зерттеуден шет қалды. Бесіншіден, туыстас тілдер фактілерін салыстыруда ол фактілердің хронологиялық жақтарына жете мән берілмеді, көп жағдайда өзара жалғаспайтын, бір-бірінен алшақ жатқан дәуірлер фактілері салыстырылды. Алтыншыдан, тілдік фактілерді салыстырғанда сол тілдердің иесі болып табылатын қауым тарихына жеткілікті мән берілмеді. Тіл тарихы қоғам тарихына, материалдық мәдениет тарихына жеткілікті шамада ұштастырылмады. Ең ақырында, салыстырмалы-тарихи әдіс тіл біліміндегі бірден-бір әдіс деп есептеліп, оның аты ғылым атына (салыстырмалы-тарихи тіл білімі) айналды. Бұл ол көтере алмайтын жүк еді. Бірақ салыстырмалы-тарихи тіл білімі мен оның зерттеу әдісі - салыстырмалы-тарихи әдіс тепе-тең емес. Салыстырмалы-тарихи тіл білімі - туыстас тілдерді зерттейтін, туыстық жақындықтарына қарай оларды түрлі семьяға, топқа жіктейтін, олардың тарихын, тараған аймақтарын айқындайтын ғылым. Бұл ғылым мен ол қолданатын әдістің проблемалары бір емес. Алдыңғының өрісі әдіске қарағанда әлдеқайда кең.

Тіл білімінің дамуына байланысты туған жаңа талаптарға сай келмейтін осындай оқулықтар зерттеудің жаңа амал-тәсілдеріне көшуге мәжбүр етті. Бірақ бұдан салыстырмалы-тарихи әдіс қолданудан біржола шығып қалған, қажетсіз тәсіл екен деп ойлауға болмайды. Ол - тіл білімінің даму тарихында елеулі роль атқарған, орынды пайдалана білсе, әлі де берері көп, қазір де зерттеудің басты бір тәсілі ретінде қолданылып жүрген әдіс.

**3.5 Тіл философиясы.** Тіл философиясы тіл білімінен көп бұрын пайда болған. Тіл ғылымы дүниеге келген күнінен бастап философиямен тығыз байланыста келеді. Ол туралы алдыңғы тарауларда айтылды.

Дүниеге келу тарихының көнелігіне қарамастан, тіл философиясы осы атауға XIX ғасырда ғана ие болды. XIX ғасырда Еуропа халықтарының салыстырмалы-тарихи грамматикаларын жазумен қатар тіл философиясының ғылым саласы ретінде

қалыптасуына, дамуына, өзіндік объектісінің айқындалуына көп көңіл бөлінді. Бұл дәуірдегі тіл философиясының алға қойған мақсаты - тілдің табиғаты мен мәнін, оның қоғам өмірінде алатын орны мен қызметін, ойлаумен, адамдардың рухани өмірімен байланысын айқындау болды. Бұл мәселемен сол дәуірдің көрнекті ойшылдары - Гердер, Шлегель, Гумбольдт, Шлейхер, Штейнталь, Вундт сияқты ғалымдар айналысты. Бұлардың ішінде өз дәуірі үшін де, кейінгі заман үшін де ең беделдісі Вильгельм Гумбольдт /1767-1835/ болды. Тіл ғылымы тарихында оны салыстырмалы-тарихи тіл білімінің философиялық негізін қалаушы деп санайды. Гумбольдт салыстырмалы-тарихи әдістің тіл зерттеу әдісі болып қалыптасуында үлкен роль атқарды. Осы әдістің принциптері, мәселелері шеңберінен тысқары да көптеген проблемаларды көтеріп, теориялық тұжырымдар жасады. Тілдің табиғаты, мәні, құрылымы, тіл мен мәдениет, тіл мен материалдық дүние, тіл мен ойлау, тіл мен қоғам, тіл тарихы, тіл білімінің салалары, т.б. Гумбольдт зерттеген проблемалар қатарына жатады. Оның бұл салалардағы тұжырымдары толық та, айқын баяндайтын еңбектері - "Адамзат тілі құрылысының әр алуандығы туралы" /1827/, "Ява аралығындағы Кави тілі туралы" /1836/ деп аталатын туындылары.

Гумбольдт бірінші болып, тілдің ішкі құрылымын, оның халықтардың рухани өмірімен, ой-санасымен, мәдениетімен, тарихымен байланыс дәрежесін жан-жақты талдады, өзіндік лингвистикалық, философиялық біртұтас сындарлы жүйе құрды.

Гумбольдт тіл білімінің өзіндік философиялық қоры – тіл философиясы. Тіл философиясының негізгі принциптері - тілді адамдар әрекеті деп тану, оны халықтың ұлттық санасы де есептеу. Гумбольдтың ойынша, тіл - әрекет, ол рухтың жемісі, рухтың әрекеті. Тіл үздіксіз даму үстінде, даму - тілдің өмір сүруінің формасы. Тіл - ойлау әрекетінің шығармашылық синтезі, бірақ сонымен бірге ол - актив форма, ойлау әрекетінің құралы. Тіл мен ойлаудың бірлігі - ажырамас бірлік. "Халық тілі – оның рухы, халық рухы - оның тілі". Тіл жеке адамдардың сөйлеуі арқылы көрінеді, бірақ ол - жеке адамның табысы емес, халықтың табысы, жалпыхалықтық туынды. Гумбольдт тілдерді типологиялық белгілеріне қарай жіктеу мәселесімен де айналысты.

Сонымен, XIX ғасырдың алғашқы жартысы - компаративистиканың /лат. салыстыру/ өз алдына дербес ғылым болып қалыптасып, өзінің зерттеу тәсілі мен әдістемесін жетілдірген, объектісін айқындай түскен кезең болды. Бұл кезеңде тіл ғылымының жалпы тілдік мәселесі ретінде тіл философиясы, жеке тілдер жөніндегі тарауы, салыстырмалы грамматика салалары қалыптасып, дами түсті. Тілдік материалдар жинау, тіл білімін теориялық жақтан дамыту да қызу жүріп жатты. Бәрінен де гөрі кеңірек етек алған мәселе - үнді-еуропа тілдерін бір-біріне салыстыра зерттеу, олардың шыққан төркін, ата тілді айқындау болды. Тілді, тілдік элементтерді тарихи тұрғыдан зерттеу ғана ғылыми деп жарияланды.

**3.6 Типологиялық зерттеу.** Салыстырмалы-тарихи зерттеу - өзара туыстас, төркіндес тілдер семьясын жеке-жеке зерттегені болмаса, әр семьяға жататын тілдерді бір-біріне салыстыра жинақтап қарау, сөйтіп, дүние жүзіндегі тілдердің барлығына немесе көпшілігіне ортақ типтік сипаттарды ашу ісінде дәрменсіз болды. Ал жалпы тіл білімі тек тілдер туыстастығын айқындауды ғана көздемейді, ол дүниежүзіндегі тілдердің жалпы адамзаттық сипаттарын, типтес белгілерін ашып, тіл атаулының барлығын да қамти алатын типологиялық классификация жасауды да қажет етеді. Осы мақсатты іске асыру үшін салыстырмалы-тарихи зерттеумен замандас салыстырудың екінші түрі, типологиялық салыстыру дүниеге келді. Тіл білімінде зерттеудің бұл түрі салыстырмалы әдіс, типологиялық әдіс, кейде типологиялық тіл білімі деп те аталады.

Типологиялық зерттеудің кеңірек етек алып, зерттеудің бір әдісі ретінде қалыптасуы XIX ғасырдың бас кезі болғанымен, ХҮІ-ХҮІІ ғасырларда басталған көп тілді салыстырмалы сөздіктер жасау, рационалды грамматикалар жасау, - осы әдістің алғашқы нәтижелері. Екеуінде де тіл фактілерін салыстыру болғанымен, типологиялық зерттеу -

салыстырмалы-тарихи зерттеуден өзгеше. Бұлардың объектісінде де, көздейтін түпкі мақсатында да өзгешелік кездеседі. Типологиялық зерттеуде туыстас тілдер ғана емес, бір-бірімен ешқандай туыстық жақындығы жоқ тілдер фактілері де салыстырылады. Екіншіден, салыстырмалы-тарихи әдістегідей тілдік жүйедегі жеке элементтер емес, жүйе құрылымы салыстырылады. Үшіншіден, мұнда тілдік тұлғалардың материалдық туыстығын ашу көзделмейді, салғастырылып отырған тілдердің ортақ белгілерін, типтік сипаттарын айқындау, сөйтіп тілдерді типологиялық белгілеріне қарай жіктеу көзделеді. Типологиялық зерттеудің алға қоятын мақсаты - барлық тілдерге немесе тілдердің көпшілігіне ортақ әмбебап, типтік белгілерді ашу. Бұл зерттеудің типологиялық деп аталуы да осыдан.

Ғылымда типологиялық зерттеуді сипаттама зерттеудің жалғасы, соның екінші басқышы деген пікір бар. Бұл орынды да, өйткені типологиялық салыстыру үшін, алдымен, дүние жүзіндегі тілдердің әрқайсысының құрылымдық сипаттары жеке-жеке зерттелген болуы керек. Типология сол айқындалған құрылымдық сипаттарды өзара салыстыра қарау арқылы тілдерде болатын ортақ қасиеттерді, типологиялық белгілерді айқындайды.

Типологиялық зерттеу - мәні, функциясы жағынан тілдердің барлығына немесе көпшілігіне ортақ, жалпылық сипаты бар объектілер салыстырылады. Мұндай объект тілдің фонология саласында да, семантикалық, грамматикалық салаларында да болады. Типология тілдердің осы аталған жүйелердегі жалпылық мәні бар объектілерді бір-біріне салыстыра қарау арқылы олардың арасындағы ұқсастықтар мен өзгешеліктерді ашады. Мысалы, фонология саласында дыбыстардың дауысты, дауыссыз, шұғыл, ызың болып бөлінуі, болмаса морфемалардың лексикалық, грамматикалық болып бөлінуі, т.с.с. тілдердің барлығына немесе басым көпшілігіне тән типтік белгілер. Типологиялық зерттеуде осылар сияқты әмбебап тұлғалар салыстырылады.

Типологиялық әдістің тіл білімінде қолданыла бастағанына біраз уақыт болғанымен, ол туралы әр елдің көрнекті тіл ғалымдарының көпшілігі пікір айтқандарымен, бұл мәселе күні бүгінге дейін бір ізді шешімін тапқан жоқ.

Дүние жүзіндегі тілдердің типологиялық белгілерін айқындап, тілдерді сол белгілеріне қарай жіктеуді алғаш ұсынған неміс романтиктерінің көсемі Фридрих Шлегель. Ол 1809 жылы жарық көрген «Тіл және үнділердің даналығы» дейтін еңбегінде сөз тұлғасын түрлендіретін қосымшалардың бар-жоқтығына, сөздердің тұлғалық құбылысқа түсудегі сипатына қарай тілдерді флективті, агглютинативті деп екі топқа бөледі. Мұнда көрсетілген типологиялық шағын белгілер дүние жүзіндегі тілдерді қамти алмайды. Осыны байқаған Шлегельдің туысы Август Шлегель 1818 жылы шыққан "Провансаль тілі туралы" атты зерттеуінде алдыңғы екеуі үстіне аморфты тіл дегенді қосады. Аморф - формасыз деген мағынаны білдіреді. Бірақ формасыз тіл болмайды, тек оның көріну жолдары әр тілде әр басқа болады. Сондықтан бұл жіктеу де толық емес. Ағайынды Шлегельдердің біраз кемшіліктерін ашып, типологиялық зерттеуді едәуір дамыта түскен ғалым - В.Гумбольдт. Ол тілдерді типологиялық белгілеріне қарай жіктеуге екі түрлі белгіні негіз етуді ұсынады: оның бірі - тілдік тұлғалар қарым-қатынасы, екіншісі - сөйлем құрау тәсілдері. Осы белгілерге сүйене отырып, Гумбольдт дүние жүзіндегі тілдерді төрт топқа бөлді, жоғарыда аталған үш белгінің үстіне инкорпорациялы тіл дегенді қосып, оған Америка индеецтері мен палеоазиат тілдерін жатқызады.

Көрсетілген типологиялық белгілер, сол белгілер негізінде тілдерді жіктеу принциптері кейінгі замандардағы А.Шлейхер, Э.Сепир, И.Мещанинов, Т.Милевский, т.б. ғалымдар зерттеулерінде толығына жетіле түсті.

Қазір типологиялық белгілердің негізгілері ретінде сөз құрылымын, сөздердің тұлғалық түрленісін, сөз туғызатын, сөз түрлендіретін формаларды, синтаксистік қатынастарды алады. Сөз құрылымы морфологияның негізгі объектілерінің бірі болғандықтан, ғылымда типологиялық жіктеу - морфологиялық деп те аталады.

Морфологиялық белгілерге ерекше мән берілетін себебі ол тілдік ұсақ жүйелер ішіндегі ең тұрақтысы, екіншіден, морфологиялық тип тілдерде онша көп емес және оған тән тұлғалар айқын да тұрақты, сондықтан оларды жүйелеу оңай. Осы аталған белгілерге қарай тілдерді түбір тіл, жалғамалы /агглютинативті/, қопармалы /флективті/, полисинтетикалық тілдер деп бөлу - қазіргі заман тіл білімінде көп тараған принцип.

Типологиялық әдіс тек тілдерді жіктеуге ғана қолданылмайды, сонымен бірге, салыстырмалы сөздіктер жасауда да, шет тілді оқытуда да кең қолданылады.

**Бақылау сұрақтары:**

1. 19 ғ. бас кезінде салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде қандай еңбектер жарық көрді?
2. Тіл философиясы қашан пайда болған?
3. Типологиялық зерттеудің қалыптасуы қай кезден басталады?

**Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Ковчиков. В.А. Психоллингвистика. Теория речевой деятельности. М: Астрель, 2007. -318с.
2. Попова З.Д. Общее языкознание. -М: АСТ: Восток-Запад, 2007. -408с.
3. Копыленко М.М. Избранные труды в 2-томах. А: Ин-т языкознания им. А. Байтурсынова. 2010., 2010. -443с.
4. Норман Б.Ю. Лингвистические задачи. -М: Флинта-Наука. 2009. -271с.

**4-лекция**  
**XX ҒАСЫР САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАРИХИ ТІЛ БІЛІМІ**  
**Жоспары:**

1. 20 ғасыр лингвистикасындағы сөздер мен заттар, эстетизм, неолингвизм, социологиялық мектеп өкілдері, олардың ғылыми ұстанымдары
2. Фердинанд Соссюрдің лингвистикалық концепциясы
3. Структуралық тіл білімі
4. Прага мектебі
5. Копенгаген структуралық мектебі
6. Дескриптивтік мектеп
7. Металингвистика
8. Этнографиялық лингвистика

Әдебиеттер: №2, §77-82, 172-184бб

19 ғасырдың аяғы, 20 ғасырдың басынан бастап, жас грамматикалық бағыт қатты сынға алынды. Әр елде, әр жерде жасграмматистерді сынға алған бағыттар, мектептер пайда болды. Олардың жасграмматистерді сынға алғандағы бағыттар мен ұстанымдары әркелкі еді.

Сөздер мен заттар. Тіл білімі тарихында жас грамматистерге қарсы ұран көтерген тұңғыш мектеп. Оның өкілдері 1909 жылдан бастап Австрияда Рудольф Мерингер шығара бастаған «Сөздер мен заттар» аталатын журнал төңірегінде топтасқандықтан, солай аталған. Бұл мектептің көрнекті өкілі ромн тілдері мен жалпы тіл білімінің маманы Австрия тіл ғалымы Гуго Шухардт. Ол тек роман тілдері ғана емес басқа да көп тілдерді білген, білімдар адам. Ол тіл біліміндегі біршама қиын мәселелерге өз көзқарасын білдіріп отырған. Ол «Заттар мен сөздер» деген еңбегінде «Тілді тек лингвистикалық талдау арқылы ғана емес, заттар тарихы арқылы да зерттеуге болады. Сөздер мен заттар арасында толық параллелизмдер де, күрделі де нәзік қарым-атынас та бар. Тіл білімінің міндеті – осы қарым-қатынасты зерттеу» дейді. Сөйтіп, затты оның атауынан алдыңғы қатарға шығарады. Бұл мектеп өкілдері тілдік элементтер семантикасының дамуына аса мән берді.

Г.Шухардт тілдерді туыстық жақындықтарына қарай жіктеудің дәлдігіне, ататіл болды дегенге күмән келтіреді, генеологиялық классификациялау орнына тілдерді географиялық ыңғайына қарай қарастыруды ұсынады. Географиялық жағдайына қарай бір тіл екінші тілге ықпал етеді, тілдің дамуы, өзгерістері тілдердің араласуынан, тоғысуынан болып жатады дейді. Дүниежүзіндегі барлық тілдер туыстас, бірақ олардың туыстастығы гендік жақындық емес, араласып, тоғысқаннан пайда болған жақындық деп түсіндіреді. Бірқатар пікірлерінде бұлар индивидуалистік психологизм бағыты өкілдерімен пікірлес болды. Шухардтың пікірінше, тіл – жеке сөйлеушінің жемісі. Индивидумның тұрмыс жағдайы, мінез-құлқы, мәдениеті, жасы, тілегі тілге әсерін тигізеді, сөйтіп, индивидуалдық стиль пайда болады. Сөздер тарихы – сол сөздерді қолданушылардың тарихы дейді. Г.Шухардт «Фонетикалық заң туралы» деген мақаласында жас грамматистердің «бұлжымайтын фонетикалық заң бар» деген принципін қарсы шығады: «бұлжымайтын фонетикалық заң» деген жоқ, кездейсоқ фонетикалық өзгерістер бола береді дейді.

Бұл мектеп өкілдерінің тілдік ұстанымдарында қайшылықта мәселелер де болды, ол тілдің әлеуметтік, қоғамдық сипатын жоққа шығару, ұғым, идеядан заттың өзін бірінші кезекке қою, сөз, ұғымдарды тек заттар тарихымен байланыстыру т.б. Ал ең басты маңызы тіл тарихында ареалдық лингвистиканы теориялық негіздеген пікірлері болып табылады.

Сондай-ақ, 20 ғасырда жасграмматистерге қарсы эстетизм, неолингвизм бағыты және социологиялық мектеп деп аталатын мектептер мен ағымдар пайда болды.

Эстетизм мектебін қалыптастырушы неміс ғалымы, роман тілдерінің маманы, әдебиетші, Мюнхен университетінің профессоры Карл Фосслер болды. Эстетизм мектебінің негізгі принциптері Фосслердің «Лингвистикадағы позитивизм мен идеализм»,

«Тіл және шығармашылық даму» деген еңбектерінде баяндалған. Эстетикалық мектептің негізгі теориялық ұстанымы – тіл ғылымын эстетиканың бір саласы деп қарастыру, тілді зерттеу эстетикадан басталып, эстетикамен аяқталуы керек деп талап қою. Тіл ғылымын эстетикаға стилистика арқылы жатқызады. Тілді индивидуалды рухани шығармашылық деп қарастырады, тілді индивидуум жасайды, индивидуумның тілін стилистика зерттейді, тіл білімінің бастамасы, негізі – стилистика. Стилистика – эстетиканың бір саласы, олай болса, тіл білімі эстетиканың бөлінбейтін бір саласы. Бұл мектептің эстетизмі индивидуализммен ұштасатындықтан, эстетикалық индивидуализм деп те аталады. Фосслер «Лингвистикадағы позитивизм мен идеализм» деген еңбегінде өзінің жолын қушыларды идеалистер, жасграмматистерді позитивистер деп атайды. Жалпы Фосслер өзінің идеалистік көзқарасында идеалистік философияны, В.Гумбольдтың, Г.Штейнтальдың концепцияларын негізге алады, тіл рухтың көрінісі деп таниды.

Қорыта айтқанда, эстетистер тілдің қоғамдық мәнен жоққа шығарады, жалпыхалықтық тіл, диалектілік тіл деген мүлде болмайды деп есептейді, тілдің жалпыхалықтық мәнін индивидуалдық тілдің жай жиынтығы деп көрсетеді. К.Фосслер тіл арқылы адамдардың қарым-қатынас жасауы тілдің жалпылығынан емес, сөйлеу қабілетінің адам баласына ортақтығынан деп түсіндіреді. Барлық адамға сөйлеу қабілеті, дарыны бірдей берілген, сондықтан біраз уақыттардан кейін түрлі тілде сөйлейтіндер де түсінісе бастайды дейді. Эстетистердің айтуынша, тілдік категорияларға негіз болатын интуиция, тек интуиция ғана тілдік категориялардың мәнін танып-білуге мүмкіндік береді. Тіл білімінің міндеті зерттеу ісіне интуитивтік тану әдісін қалай қолдануды айқындау дейді. Эстетистер жас грамматизм, логицизм, психологизм бағыттарын сынға алады. Логика мен тіл білімі біріге алмайды дейді. Жас грамматистер тілдік элементтер арасындағы себептестік қатынасқа мән бермейді деп сынайды.

Неологизм мектебі жас грамматистерді жоққа шығару бағытында Италияда қалыптасты. Оның негізін салушылар Маттео Джулио Бартоли, Джулиано Бонфанте, В.Пизани т.б. 1925 жылы М.Бартоли жазған «Неолингвистиканың қосымша очеркі» еңбегінде лингвистикалық жаңа мектептің әдістері мен принциптері баяндалады. Бұл мектеп өкілдері бір-бірімен қабыса бермейтін түрлі көзқарастағы В.Гумбольдт, Г.Шухард, К.Фосслер, кейбір мәселеде Г.Пауль тәрізді лингвистердің принциптеріне сүйенеді.

Социологиялық мектептің негізгі бағыты тілдің қоғамдық сипатын, әлеуметтік мәнін мойындаудан туған. Социологиялық мектеп тіл біліміндегі индивидуалистік, натуралистік көзқарастарға қарсы бағыт ұстанды. Социологиялық бағыттың өкілдері негізінен Франциядан шықты. Поль Лафарг, Ф. Де Соссюр, Ж.Вандриес, Э.Бенвенис – Франциядан шыққан тіл білімінің көрнекті өкілдері еді.

Поль Лафарг өзінің 1894 жылы шыққан «Революцияға дейінгі және одан кейінгі француз тілі» деген еңбегінде қоғам мүшелерінің әлеуметтік, таптық жіктерінің тілге әсерін жан-жақты зерттейді. Ол әдеби тіл қоғамдық қатынастарға тәуелді, тілді өзінің әлеуметтік ортасынан бөліп алуға болмайды дейді.

Фердинанд де Соссюр – Швейцария тіл ғалымы, Париж, кейін Женева университетінің профессоры. Жоғары білімді Лейпциг университетінен алған. Тіл білімінде Соссюрді социологиялық мектепті қалыптастырушы ретінде таниды, бірақ оның лингвистикалық зерттеулері бір мектеп, бір бағыт аясына сыймайды. Оның «Жалпы лингвистикалық курс» еңбегі дүниежүзіне әйгілі болды. Еңбектегі лингвистикалық тұжырымдар кейінгі лингвистикадағы ғылыми теориялардың қалыптасуына негіз болды.

Ф. Де Соссюр алғашқы кезде тарихи-салыстырмалы тіл білімін қолдаушы, соның принциптерін дамытушы болса, кейін, әсіресе, Женева университетінде тілдің жалпы теорияларынан дәріс оқу барысында ол бағытынан мүлде тың бағытқа бет бұрды.

Соссюрдің «тілді өз ішінде және өзі үшін зерттеу» деген теориясы кейінгі лингвистикалық зерттеулерде біржақтылық туғызды, тілді айналадағы құбылыстардан бөліп алып, «өз ішінде ғана зерттеумен» айналысуға себеп болды.

Соссюр тілді зерттегенде оның элементтері арасындағы ұқсастықтар да, қайшылықтар да ескерілуі керек, екі құбылыстың да тілдік механизмді зерттеуде мәні ерекше дейді. Сондай-ақ, Соссюрдің тіл біліміне қосқан тағы бір жаңалығы – лингвистиканы тілдің таңбалық жүйесін, ішкі құрылымын, грамматикалық жүйесін зерттейтін ілім деп жариялауы.

Тілдің қоғамдық сипаты туралы көзқарас Соссюр еңбектері арқылы нақты теория ретінде қалыптасты. Ол өзінің тілдік концепцияларында тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі қызметін негізгі өзек етті. Қызметі жағынан алғанда тіл коммуникативтік те, экспрессивтік те қызмет атқарады, бірақ алғашқысы маңыздырақ, тілдің әлеуметтік сыры да осында жатыр дейді. Ф.Соссюр тілдің материалдық, идеялық жағы болады, біріншісін таңбалаушы, екіншісін таңбаланушы дейді, екеуінің бірлігі таңба деп аталады дейді. «Тіл – идеяларды білдіретін таңбалар жүйесі», тілді басқа да таңбалармен қатар қоюға болады, таңба өзі білдіретін идеямен шарттылық қатынаста болады дейді.

Ф. де Соссюр еңбектерінде Тіл мен сөйлеу арақатынасына байланысты мәселе маңызды орынға ие болды. Ол тіл мен сөйлеу бір-бірімен байланысты, бірақ екі бөлек дүние деп көрсетті. Сөйлеу – индивидуалдық, тіл – әлеуметтік сипатқа ие.

Ф. де Соссюр қарастырған тағы бір проблема – ішкі лингвистика мен сыртқы лингвистика. Сыртқы лингвистика тілді қоғам, мәдениет тарихы, саясат, әдебиет, мекен-жай, диалектілік жіктермен байланыста қарастырады, яғни тілдің өмір сүруіне қажетті сыртқы жайлармен байланыста қарайды, бірақ тіл жүйесінің ішкі механизмін түсіндіре алмайды. Ішкі лингвистика тіл жүйесінің ішкі механизмін, құрылымын, өзіндік заңдылықтарын зерттейді.

Ф. Де Соссюр тілдің жүйесі туралы проблеманы да сөз етеді. Тіл – барлық элементтері бірігіп, бір бүтін болып тұратын жүйе. Тілдік таңбалар сол жүйенің құранды элементтері. Жүйе элементтерін бір-біріне қарама-қарсы қойып қарау арқылы ғана айқындауға болады. Тілдік таңбалар, яғни жүйе элементтері өзара байланысты, шартты қатынаста болады. Бір-бірімен қарым-қатынасы арқылы олардың мағыналары түрленеді, мәні, құны айқындалады. Осы саладағы оның пікірлерінің құндылығы – ол тілдің қазіргі күйін, оның жүйесінің қазіргі функциясын жан-жақты, терең зерттеуді талап етуінде.

Соссюр есімімен байланысты тіл білімінің ендігі бір маңызды мәселесі – тілдің синхронды, диахронды сипаты. Ф.Соссюрдің көзқарасы бойынша, синхронды лингвистика тілдің ішкі жүйесін зерттейді, диахрония бір-біріне байланысты алынған тілдік элементтердің тарихын зерттейді. Тілдің ішкі механизмі дегеніміз – тілдік жүйе. Тілдік жүйені тек синхронды зерттеу ғана аша алады. Синхронды лингвистика диахронды лингвистикадан маңыздырақ, синхрония тілдік жүйе құрайтын элементтердің бір-бірімен логикалық, психологиялық қарым-қатынастарын талдайды. Сөйтіп, Соссюр тілді зерттеудің синхронды және диахронды әдістерін бір-біріне қарама-қарсы қояды. Синхрония тілдік жүйенің мәнін ашады, диахрония тілдік жүйені бұзады, өзара байланысы жоқ бөлек-бөлек фактілердің жиынтығына айналдырады дейді.

20 ғасырдың алғашқы жартысында дүниеге келген мектептердің ең көрнектісі және кең жайылғаны – структуралық тіл білімі.

20 ғасырдың бас кезінен бастап философия, жаратылыстану, әдебиеттану, тарих, эстетика, психология, социология, этнография сияқты сияқты ғылымдарда өз пәндерін шарттас, бір-біріне тәуелді элементтерден тұратын күрделі біртұтас құрылым деп санап, оны осы тұрғыдан зерттеу талабы күшейді. Бұл тіл біліміне де әсер етті. Сонымен бірге, жалпы тіл білімінің, оның жаңа түрлері – кибернетиканың, математикалық логиканың дамуы, электрондық машиналардың пайда болуы, оны тіл білімінде қолдану талабының өсуі, тілдің практикалық қызметінің бірден-бірге күрделене түсуі структурализм бағытының тууына себепші болды.

## 5-тақырып

### В.фон Гумбольдтың лингвистикалық көзқарастары

#### Жоспар:

1. В.фон Гумбольдтың салыстырмалы-тарихи әдістің тіл зерттеу әдісі болып қалыптасуындағы рөлі
2. В.фон Гумбольдтың лингвистикалық көзқарастарына шолу

Өз дәуірі үшін де, кейінгі заман үшін де ең беделдісі Вильгем Гумбольдт болды. В.Томсеннің пікірінше «Германиядағы ұлы адамдардың бірі» - болып есептелінетін Гумбольдттың лингвистикалық алымы кең. Лингвистикалық тарихында оны салыстырмалы-тарихи тіл білімінің философиялық негізін қалаушы деп санайды. Гумбольдт санскрит, қытай, малай, америка индеецтері, баск тілдері сияқты дүниенің әр бұрышында көптеген тілдерді зерттеген. Көп тілдердің фактілерімен таныс болуы – оның лингвистикалық ой-өрісін мейлінше кеңейткен. Гумбольдт салыстырмалы-тарихи әдістің тіл зерттеу әдісі болып қалыптасуында үлкен роль атқарды. Осы әдістің принциптері, проблемалары шеңберінен тысқары да көптеген проблемаларды көтеріп, теориялық тұжырымдар жасады. Тілдің табиғаты, мәні, құрылымы, тіл мен мәдениет, тіл мен материалдық дүние тіл мен ойлау т.б. Гумбольдт зерттеген проблемалар қатарына жатады.

Тұжырымдарын толық, айқын баяндайтын еңбектері: «Адамзат тілі құрлысының әр алуандығы туралы», «Ява аралығындағы Кави тілі туралы» деп аталатын туындылары. Г. Өзінің лингвистикалық, философиялық концепциялары арқылы лингвистика тарихында жаңа бет бұрыс, жаңа дәуір жасаған адам. Дамудың әр түрлі сатысындағы түрлі халықтар тілдері мен олардың рухани өмірінен жиналған материалдарды өз замандастарының қай-қайсынан да көп және терең білетіндігінің арқасында бірінші болып, тілдің ішкі құрылымын, оның халықтардың рухани өмірімен, ой-санасымен, мәдениетімен, тарихымен байланыс дәрежесін жан-жақты талдады, өзіндік лингвистикалық, философиялық біртұтас сындарлы жүйе құрды. В.Г. тілдерді типологиялық жағынан топтауда ағайынды Август және Фридрих Шлегельдердің флективті, аффиксті, аморфты тілдер деп жіктеуін қабылдай отырып, аморфты тілдерді даралаушы тілдер деп атады және бұл үшеуіне төртінші етіп инкорпоративті немесе полисинтетикалық тілдер тобын қосты. Соңғы топқа ол Солтүстік Америкадағы индеецтер мен Солтүстік Шығыстағы чукот тілдерін жатқызды. Инкорпоративті тілдер тобының ерекшелігі ретінде олардағы сөйлемнің сөзбен берілетіндігін атады. В.Гумбольдт әлемдік лингвистикаға «тілге таңбалық сипат тән», «ол жүйелі құбылыс», «тіл – халық рухы, халық рухы тіл арқылы көрінеді», «тіл үнемі дамуда болады» деген сияқты идеялар мен концепциялар ұсынды. Г. Тіл білімінің өзіндік философиялық базасы – тіл философиясы. Адам тілді неғұрлым жақсы меңгенген болса, соғұрлым тіл оның ойлауына әсерін тигізеді дейді.

Тілдің қоғамдық сипатын ұлттық табиғат, адамдардың жанында, санасында болатын идеялық нәрсе деп біледі. Бұл идеялық – индивидуалдық емес. Жалпы халықтық, тілдік ойлау. Тіл жеке адамдардың сөйлеуі арқылы көрінгенмен, ол – жеке адамның табысы емес, халықтың табысы. Г. Гегельдің идеалистік концепциясын басшылыққа алған, белгілі шамада боса да, И.Канттың философиялық принциптеріне еліктеген ғалым, сондықтан оның тіл философиясында қате тұжырымдарда аз емес. Канттың ізімен Г. та сананы материалдық дүниеге тәуелсіз деп санайды. Тілдің еңбек процесінде, қоғамдық қажеттіктен туғанына мән бермей, оны адам баласынның ішкі табиғи қажетінен туған, тіл адам табиғатына тән дейді. Тілдің ішкі формасы тек қана ұлттық рухпен, абсолюттік идеямен байланыста қарайды. Г-тің тілдік форма жөніндегі тұжырымдары оның лингвистикалық теориялары ішіндегі ең маңызды саласы. Г. Тіл халықтың әрекетімен, ойлауымен байланысты болғанымен, оның өзіндік ерекшелігі, белгілі мөлшерде болса да, тәуелсіздігі, тұрақтылығы бар, сөйлеу әрекеті мен тіл өзара байланысты, бірақ тепе-тең емес, тілдік форма тұрақты, ал оның көрінісі әр түрлі. Тіл – форма, онан басқа т.к емес дейді. Г.тілді адам мен материалдық дүние арасындағы аралық категория деп түсіндіреді. 20 ғасыр

лингвистикасында ең мәнді проблемалардың бірі болған тілдік жүйе, тілдік құрылым мәселелерін Г. осы салада көрсеткен. Г. Тілдерді типологиялық белгілеріне қарай жәктеу мәселесімен де айналысты. Ол қалыптастырған бірсыпыра теориялық, философиялық тұжырымдар бертінде идеалистік бағыттағы лингвистердің ұранына да айналды. В.Гумбольдт ілімінің өзінен кейінгілерге еткен әсері туралы профессор В.А.Звегинцев: «Лингвистердің кейінгі замандардағы дамуына тигізген әсерінің тереңдігі, күші жағынан онымен пара-пар келетін басқа бірде-бір ғалымды атау қиын», - деп жазды. Зерттеулерінде идеалистік философияны басшылыққа алғандықта Гумбольдттың теориялық тұжырымдарында кейбір қайшылықтар да болды. Бірақ соған қарамастан 19 ғасырдағы тіл білімі тарихында ол өзгелерден оқшау тұрды, ерекше жоғары бағаланды.

В.фон Гумбольдт санскрит, қытай, малай, америка индеецтері, баск тілдері сияқты дүниенің әр бұрышында көптеген тілдерді зерттеген. Көп тілдердің фактілерімен таныс болуы – оның лингвистикалық ой-өрісін мейлінше кеңейткен. В.фон Гумбольдт салыстырмалы-тарихи әдістің тіл зерттеу әдісі болып қалыптасуында үлкен роль атқарды. Осы әдістің принциптері, проблемалары шеңберінен тысқары да көптеген проблемаларды көтеріп, теориялық тұжырымдар жасады. Тілдің табиғаты, мәні, құрылымы, тіл мен мәдинет, тіл мен материалдық дүние тіл мен ойлау т.б. Гумбольдт зерттеген проблемалар қатарына жатады.

В.Томсеннің пікірінше «Германиядағы ұлы адамдардың бірі» - болып есептелінетін В.фон Гумбольдттың лингвистикалық алымы кең. В.Гумбольдт әлембік лингвистикаға «тілге таңбалық сипат тән», «ол жүйелі құбылыс», «тіл – халық рухы, халық рухы тіл арқылы көрінеді», «тіл үнемі дамуда болады» деген сияқты идеялар мен концепциялар ұсынды. В.фон Гумбольдт: тіл білімінің өзіндік философиялық базасы – тіл философиясы. Адам тілді неғұрлым жақсы меңгенген болса, соғұрлым тіл оның ойлауына әсерін тигізеді дейді.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. В.фон Гумбольдт туралы не білеміз ?
2. Тіл философиясы туралы ғалымның көзқарасы қандай?

#### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

- 1.Ковчиков. В.А. Психоллингвистика.Теория речевой деятельности. М: Астрель,2007.-318с.
2. Попова З.Д.Общее языкознание. -М:АСТ:Восток-Запад,2007.-408с.
3. Копыленко М.М. Избранные труды в 2-томах. А:Ин-т языкознания им. А.Байтурсынова.2010.,2010.-443с.
4. Норман Б.Ю.Лингвистические задачи. –М: Флинта-Наука.2009.-271с.

**6-тақырып**  
**XIX ғасыр тіл біліміндегі эмбебап - логикалық бағыт.**  
**Жоспар:**

1. Логикалық бағыт қарастыратын нысаны
2. Натуралистік немесе биологиялық бағыт.
3. Жас грамматикалық бағыт

Логикалық бағыт – тілді ойлауға және логика мен философиядағы әр түрлі ағымдар мен концепцияларға қатысты зерттейтін көзқарастар жиынтығы. 19 ғасырдың 1 жартысындағы философиялық тіл білімі логикалық және психологиялық бағыттардың қарама-қарсы дамуынан көрінеді. Бұл екі бағыттың екеуі де грамматиканың формалдық және семантикалық жағына көңіл аударды. Бірақ ол жайындағы көзқарастары қарама-қайшы болды. Логикалық бағыттың негізгі мақсаты – ойлаудың танытқыштық қызметін, логикалық категориялар мен тілдік категориялар арасындағы қарым-қатысты зерттеу, тілдік категориялардың логикалық сипатын айқындау.

Психологиялық бағыт. Натуралистерге қарсы күрес үстінде дүниеге келген бағыт психологиялық ағым деп аталады. Тіл біліміндегі психологизм 19 ғасырдың орта кездерінен бастап қалыптаса бастады. 19 ғасырдың екінші жартысындағы көрнекті тіл ғалымдарының көбі осы бағытты жақтады. Тіл психологиясының нысаны – адамдардың сөйлеу әрекетінде болатын психикалық процестер. Тіл психологиясын қалыптастырушылардың ең бастылары қатарына Берлин университетінің профессоры Гейман Штейнтальды (1823-1899) жатқызуға болады. Кейініректе Штейнтальдың көзқарасын Харьков университетінің профессоры Александр Потебня (1835-1891), неміс ғалымдары Вильгельм Макс Вундт (1832-1920), Герман Пауль (1846-1921), тағы басқалар қолдады. Тілдік құбылыстарды психологиялық тұрғыдан сөз ету – 19 ғасырдағы лингвистердің көпшілігінде болды және бұл бағыт тілдік философия ретінде әр түрлі көзқарастағы ғалымдардың, мектептердің басын біріктірді.

Психологиялық бағыттағылар өз ішінен индивидуалистік психологизм, әлеуметтік психологизм деп аталатын екі бағытқа жіктеледі.

XIX ғасыр тіл біліміндегі ағымдар. Тіл білімі өзінің бүгінгі көтерілген сатысына ішкі қайшылықтарсыз, талас-тартыссыз бірден жеткен жоқ. Оның даму тарихында әр түрлі ағымдар, пікір таластары болып отырды және қазір де бар. Ондай ағымдардың тууына түрткі болған себептердің бірі - тілдің өзіндік табиғаты мен мәнін ашу мәселесі. Кейбір ғалымдар тілдің қоғамдық мәнін дұрыс түсініп, оны қоғамдық құбылыстар қатарына жатқызса, енді бір топ зерттеушілер тілді табиғат құбылысы деп түсініп, оны зерттейтін ғылымды табиғаттану ғылымдары тобына қосты, тілді таза психикалық құбылыс деп санап, тіл білімін психология ғылымына тәуелді етпекші болғандар да болды. Осындай көзқарастағылар өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап өз алдарына лингвистикалық мектептер болып қалыптасты. Олардың қатарына натуралистік, психологиялық, жас грамматикалық деп аталатын лингвистикалық мектептер жатады.

Натуралистік немесе биологиялық көзқарас. Натурализм латынның натура (жаратылыс) деген сөзінен шыққан. Натурализм жеке ағым ретінде көркем әдебиетте, өнерде, ғылымда XIX ғасырдың екінші- жартысында Дарвин ілімінің әсерінен пайда болды.

Ғылымда натуралистер деп аталатындар - қоғамдық құбылыстарды зерттеуде жаратылыс заңдарын басшылыққа алып, мәселені соған негіздеп шешуге ұмтылушылар.

Тіл біліміндегі натурализм көрнекті неміс ғалымы, Россия Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Август Шлейхер /1821-1869/ есімімен байланысты. А.Шлейхер - салыстырмалы-тарихи тіл біліміне тіл философиясын қалыптастырушылардың, тіл фактілерін салыстыруда дыбыс құбылыстарының заңдылықтарын қатал сақтауды талап етушілердің, үнді-еуропалық ата тілді мүсіндеушілердің, тілдердің типологиялық

ұқсастығы мен генеологиялық бірліктерін жан-жақты талдаушылардың ең көрнектілерінің бірі. Ол славян, балтық, неміс тілдерінің салыстырмалы грамматикаларын жазудағы зерттеулері арқылы тіл білімін теориялық жағынан дамытты, оның бағыт-бағдарына едәуір ықпал жасады. Салыстырмалы-тарихи әдісті жетілдіре, оның объектісін айқындай түсумен бірге А.Шлейхер XIX ғасырда туған тіл философиясының да көрнекті өкілі болды. Көптеген пайдалы істермен қатар ол тіл біліміне бірсыпыра концепциялар да енгізді. Оның сондай теріс көзқарастарының бірі - тіл білімінде натуралистік көзқарасты қалыптастырды.

Оның натуралистік көзқарасы "Лингвистикалық салыстырмалы зерттеу", "Неміс тілі", "Дарвин теориясы және тіл білімі" дейтін еңбектерінен толық көрінеді.

Бұл еңбектерінде А.Шлейхер тілді табиғи организм, тіл де табиғи организмдер сияқты басқаларға тәуелсіз, өз бетінше өмір сүреді, туады, өседі, қартайды, жаратылыс заңына бағынады, сондықтан тілді зерттегенде, жаратылыс заңдарын басшылыққа алу керек, тіл білімі жаратылыстану ғылымдары тобына жатады, соның бір саласы дейді. Тіл табиғаты жөніндегі бұл тұжырым, әрине, қате. Өйткені тіл қоғамдық құбылыстар қатарына жатады да, оны зерттейтін тіл білімі қоғамдық ғалымдар тобына қосылады.

Философиялық екінші тұжырымы - тілдің мәніне байланысты. Оның пікірінше, тілдің негізгі функциясы - ойды қалыптастырып, жарыққа шығару. Тіл дегеніміз - дыбысты ойлау дейді. Тілдің ойды қалыптастыратын құрал екені даусыз, бірақ ол тілдің негізгі және бірден-бір қызметі емес, оның негізгі қызметі - коммуникативтік. Бұл жөнінде ол ештеме айтпайды.

А.Шлейхер көтерген тағы бір мәселе - тілдегі болатын өзгеріс-құбылыстарға, тіл тарихына байланысты. Ол тілдегі өзгеріс адам еркіне тәуелсіз, өзіндік заңы бойынша іске асады, сондықтан ол биологиялық организмдер тобына жатуы керек, өйткені биологиялық организмдер де басқаларға тәуелсіз өз заңы бойынша өзгереді, сөйтіп, екеуі де өзгерудің бір ғана заңына бағынатындықтан, екеуіндегі өзгерістің сипаты да бірдей, яғни тілдегі өзгеріс, қоғамдағы өзгерістер сияқты, тілдің дамуымен тарихын көрсетпейді, биологиялық организмдегі сияқты тек өсу, қартаю ғана болады дейді. Тілдік өзгерістерді А.Шлейхер тарихқа дейінгі, тарихтан кейінгі деп екі жікке бөледі де, тілдің тарихқа дейінгі өзгерісі оның дамуы, тарихи болады да, тарих басталғаннан кейінгі өзгерісі оның дамуы емес, тек өсуі ғана дейді.

А.Шлейхер тілдерді типологиялық белгілеріне қарай жіктеу мәселесімен де айналысқан. Ол дүние жүзіндегі тілдерді түбір тіл, жалғамалы тіл, қопармалы тіл деп үш түрге бөледі. Шлейхердің пікірінше, тілдер типінің бұл үш түрі, оның дамуының үш түрлі басқышы: ең жоғарғы сатыда қопармалы тіл, ең төменгі сатыда түбір тіл тұр, бұл үш түрлі сатының үшеуі де тіл дамуының тарихқа дейінгі дәуірінің жемісі дейді. Бұл пікірлер, әрине, қате.

А.Шлейхер үнді-еуропа тілдері тараған ата тілді мүсіндеу мәселесімен де айналысты. Оның бұл саладағы теориялық тұжырымы ғылым тарихында "Тілдің тегі" /родословное древо/ деп аталады. Бұл теория бойынша баста бір тіл болған да, содан келе-келе әр түрлі тілдер бөлінген. Тіл зерттеушілер арасында бұл теорияны қолдаушылар да, қарсылар да бар.

А.Шлейхер тіл білімі мен филология арасындағы қарым-қатынасты да сөз етті. Оның пікірінше, тіл ғылымы жаратылыстану ғылымдары құрамына енетіндіктен, ол тарихи ғылым емес, ал филология - тарихи ғылым. Өйткені филология жазбалар тілін зерттейді. Жазбалар тілі дейтініміз - тарих, онда халықтың рухани өмірінің тарихы бар. Сондықтан филология тек тілді ғана емес, халықтың рухани өмірінің тарихын зерттейді.

А.Шлейхердің тіл табиғатына, мәніне, тарихына байланысты айтқан пікірлерінің қате бағытта болғанына қарамастан, оның концепцияларында ойлы, тартымды жүйелілік бар. Сол себепті көпшілік назарын аударды, қолдаушылар да, қарсылар да мол болды. Шлейхердің талантты жазылған фонетикалық, грамматикалық еңбектері де мол. Ғылымда А.Шлейхер еңбектерімен компаративистиканың I дәуірі аяқталды деп есептейді.

Психологиялық көзқарас. Натуралистерге қарсы күрес үстінде дүниеге келген бағыт-психологиялық ағым деп аталады. Тіл біліміндегі психологизм ХІХ ғасырдың орта кездерінен бастап қалыптаса бастады. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы көрнекті тіл ғылымдарының көбі осы бағытты жақтады. Тіл психологиясының объектісі - адамдардың сөйлеу әрекетінде болатын психикалық үрдістер. Тіл психологиясын қалыптастырушылардың ең бастылары қатарына Берлин университетінің профессоры Гейман Штейнтальды /1823-1899/ жатқызуға болады. Кейініректе Штейнтальдың көзқарасын Харьков университетінің профессоры Александр Потебня /1835-1891/, неміс ғалымдары Вильгельм Макс Вундт /1832-1920/, Герман, Пауль, тағы басқалар қолдады. Тілдік құбылыстарды психологиялық тұрғыдан сөз ету - ХІХ ғасырдағы лингвистердің көпшілігінде болды және бұл бағыт тілдік философия ретінде әр түрлі көзқарастағы ғалымдардың, мектептердің басын біріктірді.

Лингвистикалық психологизм өз ішінде қайшылықтары, алалықтары жоқ, біртұтас көзқарас емес. Бұлардың басын біріктіретін, ортақ концепция бар: Ол - тіл мәселелерін шешуде психологиялық қағидаларды басшылыққа алу. Тіл психологиялық бақылаудың объектісі тіл біліміндегі логикалық көзқарастарды сынау, тілдік категориялар мен логикалық категориялар арасында қайшылықтар көп, сондықтан тіл мәселелерін зерттеуде логика заңына сүйенуге болмайды деу. Психологиялық бағыттағылар өз ішінен индивидуалистік психологизм, әлеуметтік психологизм деп аталатын екі бағытқа жіктеледі.

Индивидуалистік психологизмның ең көрнекті өкілі Герман Пауль. Бұлар тіл біліміндегі натуралистік және логикалық бағыттарға қарсы күресе отырып, тілдік құбылыстардың барлығын жеке адамдардың сөйлеу және психикалық ерекшеліктеріне, олардың ой-санасындағы өзгеріс-құбылыстарына тәуелді етеді. Жалпы халық тілі, біртұтас ұлт тілі деген - жалған сөз. Тіл жеке индивидуумдікі. Сондықтан тіл білімінің міндеті - индивидуумның тілін зерттеу. Индивидуумның тілін, психикалық құбылысын зерттеу арқылы тұтас халықтың, ұлттың рухани өмірінің заңдылығын ашуға болады деп қарайды.

Индивидуалистік психологизм тілдің қоғамдық мәнін жоққа шығарады. Тіл білімін қоғамдық ғылымдар тобынан бөліп алып, оның дербестігін жояды, оны психологияға тәуелді, соның бір саласы деп санайды.

Ал әлеуметтік психологизм өкілдері индивидуалистердің "ақиқат бар нәрсе - индивидуумдар тілі ғана" дейтін қағидаларына қарсы, олар тіл әлеуметтік, оны туғызушы да, қолданушы да жалпы халық, қоғам дегенді айтады.

Әлеуметтік психологизм теориясын негіздеуші, оның ең көрнекті өкілі Г.Штейнталь. Оның тіл мәселелерін психологияның заң-ережелеріне негіздеп шешетін концепциялары грамматика, логика, психология және бұлардың принциптері мен өзара қарым-қатынастары" (1855), "Психология мен тіл біліміне кіріспе" (1881), "Тілдің шығуы" (1851) деп аталатын т.б. еңбектерінде баяндалған.

Барлық психологистер сияқты бұлар да тілді психологиялық бақылаудың объектісі деп санайды. Индивидуалдық психология халықтық психологияға негіз болады. Халықтық психология - халық рухы жөніндегі ілім. Халық рухы - адамдардың рухани әрекетінің қайнар көзі. Халық рухы, ең алдымен, тілінен, одан кейін әдет-ғұрпынан, дәстүрінен, жалпы әрекетінен көрінеді. Осылардың бәрі, соның ішінде тіл де, халық рухының жемісі, халықтық психологияның көрінісі.

Психологизм өкілдері сөйлеу психологиясы, оның сөйлеу әрекетімен байланысы, сөйлеу әрекетінің іске асу жолдары деген мәселелерге ерекше мән береді. Психологизм көп жағдайда лингвистикалық талдау орнына психологиялық талдауды қолданады, сөйтіп, тіл білімін өзінің негізгі функциясынан айырады. Психологизм - тілдік категориялардың барлығы да тек тілдік материалдар арқылы көрінетін, соны жамылған психологиялық категориялар деп санайды.

Тіл біліміндегі психологиялық бағыт үстіміздегі ғасырдың 50-ыншы жылдарынан бастап психологиялық лингвистика /психоллингвистика/ деген атпен тіл білімінің дербес саласы ретінде қалыптасты. Ол - психология мен тіл білімінің аралығында, екеуінің түйісуінен туған жаңа бағыт. Бұл бағыт алғаш Америка тіл білімінде қалыптасты да, көп ұзамай басқа елдерге тарады.

Қазірде психоллингвистика - сөйлеу әрекеттерінің заңдылықтарын зерттейтін ғылым деп саналады. Мұны сөйлеу әрекеттерінің теориясы туралы ғалым деп те атайды. Кейбір зерттеулерде психоллингвистиканың негізі - ақпарат теориясы дегенді де айтады. Олай дейтіні психоллингвистика сөйлеу әрекетінде болатын хабар беру, хабарды қабылдау үрдістерінің қалай іске асатындығын зерттейді. Бұл - оның негізгі объектісі. Психоллингвистика - өз объектісін, міндеті мен мақсатын жан-жақты және дәл айқындай қоймаған жас ғылым.

Жас грамматикалық бағыт. Жас грамматикалық бағыт (младограмматизм) ХІХ ғасырдың 70-жылдарынан бастап қалыптасты. Алғаш Германияда туғанымен, көп ұзамай оған тілектес, пікірлестер әр елден табылып, өте тез өркен жайды. Францияда М.Бреаль, Швейцарияда Ф. де Соссюр, Америкада Уитни, Италияда Г.И. Асколи, Россияда Ф.Ф. Фортунатов бастаған Мәскеу лингвистикалық мектебі мен Бодуэн де Куртенэ бастаған Қазан лингвистикалық мектептері болды.

Бұл ағым өкілдері салыстырмалы-тарихи тіл білімінің өздеріне дейінгі өкілдерін "бұлар - жорамалға толы қапырық шеберханада үнді-еуропалық ата тілді мүсіндеушілер" деп кекетіп, тіл ғалымдарын сол "сасық шеберхананы" тастап, жаңа жол табуға шақырған болатын. Олардың осы қызбалықтарына, албырттықтарына қарап, неміс лингвисті Ф.Царнке оларды "жас грамматистер" деп ажуалаған еді. Осы ажуа ат бірте-бірте лингвистикалық мектептің аты болып қалыптасты.

Жас грамматистік көзқарасты қалыптастырушылар Бругман, Остгоф, Дельбрюк, Пауль, т.б. Лейпциг университетінің тіл ғалымдары болғандықтан, кейін ол Лейпциг лингвистикалық мектебі деп те аталды.

Жас грамматистер мектебі өз зерттеулеріне екі түрлі принципті негіз етті. Оның бірі - тарихи принцип те, екіншісі - психологизм принципі. Осы себептен де жас грамматикалық бағытты кейде психологиялық салыстырмалы-тарихи тіл білімі деп те атайды.

Бұлардың бағыт-принциптерін баяндайтын еңбектер көп. Олардың ішіндегі ең негізгілері деп Г.Остгоф пен К.Бругманның "Үнді-Еуропа тілдерінің морфологиялық зерттеулері" (1878) дейтін кітапқа жазған алғы сөзін, Г.Паульдің "Тіл тарихының принциптері" (1880) және К.Бругман мен Б.Дельбрюктің "Үнді-Еуропа тілдері салыстырма грамматикасының негізі" (1886-1900) атты кітаптарын атауға болады.

Жас грамматикалық бағыттың тууына тіл білімі дамуының ішкі факторлары себепші болды. ХІХ ғасырдың 60-ыншы жылдарынан бастап компаративистік тіл білімінің жайы қанағаттандырғысыз, бағыты бұлдыр, тоқырауға ұшырады деген пікірлер туып, сол тоқыраушылықтан құтқаратын жаңа бағыт іздеу басталды. Жас грамматикалық бағыт осылайша туып, көп ұзамай-ақ әлемдік тіл ғылымындағы ғылыми ағым болып қалыптасты.

Өрісінің кеңдігі, тілдік зерттеу еңбектерінің молдығы, ғылым дамуына тигізген әсері жағынан ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы лингвистикалық ағымдардың ешқайсысы да жас грамматикалық мектепке тең келе алмайды. Бұл мектеп белсенді, беделді ғылыми ағым ретінде елу жылдан астам уақыт өмір сүрді.

Әдетте, жас грамматистер дәуірін салыстырмалы-тарихи тіл білімі дамуының екінші кезеңі деп есептейді. Өйткені бұлар өздеріне дейін қолданылып келген салыстырмалы-тарихи әдісті түбірмен өзгертуді көздеген жоқ, оның кейбір ескірген, пайдасыз деген амал-тәсілдерінің орнына зерттеудің жаңа әдістерін енгізуді мақсат етті.

Жас грамматистер тіл ғылымының дамуына елеулі үлес қосты. Олар салыстырмалы-тарихи тіл білімінің өздеріне дейін орын алып келген көптеген кемшіліктерін дұрыс ашып,

компаративистиканы жаңа, жоғары сатыға көтерді. Туыстас тілдер семьялары жөнінде көптеген құнды салыстырмалы-тарихи зерттеулер берді. Натуралистік ағымның тілді табиғи организм дейтін, тіл білімін жаратылыстану ғылымдары тобына қосатын және тіл тарихын екі кезеңге бөлетін көзқарастарының терістігін жете әшкереледі. Туыстас тілдердің дыбыстық ұқсастықтарын айқындаудың жолдарын, амал-тәсілдерін нақтылап, жетілдіріп, Үнді-Еуропа тілдеріндегі фонетикалық заңдылықтарды тілдік фактілер арқылы талдап көрсетті. Үнді-Еуропа тілдерінен орасан көп нақтылы тілдік материалдар жинады. Бұл материалдар тіл білімінің практикалық саласының дамуына мұрындық болуымен қатар кейінгі дәуірлерде тіл білімін теориялық жағынан жетілдіре түсуге, тіл білімінде бұрын болмаған немесе тым елеусіз болып келген диалектология, лингвистикалық география, эксперименталды фонетика сияқты жаңа салалардың туып, қалыптасуына да көп септігін тигізді.

Үнді-Еуропа тілдерінің материалдары негізінде түрлі салыстырма сөздіктер, салыстырма грамматикалар жазылды. Туыстас тілдер фактілерін бір-біріне диахрондық жолмен салыстыру әдісі өзінің ең жоғары сатысына көтерілді. Осылардың бәрі жас грамматикалық кезең - салыстырмалы-тарихи тіл білімі дамуының ең гүлденген заманы болды деуге мүмкіндік берді.

Жас грамматикалық бағытта жетістіктермен қатар көптеген кемшіліктер де болды. Оларды топтап жинақтасақ төмендегідей болмақ:

1) жас грамматистердің тілдің табиғаты жөніндегі философиялық концепциялары дұрыс болмады. Олар тілді туғызатын да, дамытатын да жеке адамдар дегенге сүйеніп, тіл білімінің теориялық негізі индивидумдар психологиясы, лингвистиканың міндеті - индивидумдар тілін зерттеу деді;

2) фактіге сүйену дегенді желеу етіп, ғылыми абстракция-ның мәнін ескермеді, нақтылы фактілермен дәлелдеуге бол-майтын дыбыс тілінің шығуы, оның алғашқы дәуірдегі сипаты сияқты мәселелерді тіл білімінің объектісі емес деп жариялады;

3) тілдің құрамдық бөлшектерін бір-біріне байланыссыз жеке-жеке талдаушылыққа бой ұрды. Бұл - тілдің элементтері бір-бірімен тығыз баяланыста тұратын біртұтас жүйе деп тануға кедергі болды.;

4) лингвистикалық талдау - сөйлеу тілі фактілеріне сүйену керек деген қағиданы берік ұстап, жазба тіл дәстүріне жеткілікті мән берілмеді;

5) барлық назар туыстас тілдер фактілерін өзара салыстыра зерттеуге аударылды да, туыстас емес тілдердің бір-біріне тигізетін әсеріне, тілдік контакт мәселесіне жеткілікті көңіл аударылмады;

6) тілдің өзіндік ішкі даму заңына, фонетикалық заң мен аналогияға шешуші мән беріп, тілдік құбылыстарға экстралингвистикалық жайттардың тигізетін әсерлерін ескерусіз қалдырады;

7) зерттеу істерінде бір ғана диахрондық, индуктивтік әдістерге сүйенді де, синхрондық, дедуктивтік әдістерге жөнді мән бермеді, ондай зерттеулерді ғылыми емес деп санады.

Жас грамматикалық бағыттың осындай олқылықтары XIX ғасырдың соңғы он жылынан бастап айқын байқалды. Олардың концепциясына наразы пікірлер, жаңаша бағыт-бағдар іздеушілер әр жерде, әр елде бой көрсете бастады. Тіл білімі жас грамматикалық концепцияларға қарсы күресу, зерттеудің жаңа жолын іздеу үстіне XX ғасырдың есігін ашты.

Мәскеу лингвистикалық мектебі. Мәскеу лингвистикалық мектебін XIX ғасырдың 70-80 жылдарында Мәскеу университетінің ғалымдары қалыптастырды. Оны басқарған сол кездегі орыс тіл білімінің көрнекті ғалымдарының бірі - академик Филипп Федорович Фортунатов (1848-1914). Ол Германияда, Францияда, Англияда болып, жас грамматикалық бағыттағы көрнекті ғалымдардың лекциясын тыңдаған, өзі де осы бағытты қуаттаған, компаративистиканың Россиядағы көрнекті өкілі болған, Үнді-Еуропа тілдерінің фонетикасын, морфологиясын зерттеп, бұл саладан біраз еңбектер берген.

Бұл мектеп құрамында орыс тілі білімінің көрнекті өкілдері академик Алексей Александрович Шахматов (1864-1920), Александр Матвеевич Пешковский (1878-1933) , т.б. болды.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Натуралистік немесе биологиялық бағыттың қандай ерекшелігі бар?
2. Жас грамматикалық бағыттың өкілдері кімдер?
3. Мәскеу лингвистикалық мектебі. Қазан лингвистикалық мектебіне тән өзгешеліктер қандай?
4. Натуралистік немесе биологиялық көзқарас дегеніміз не?
5. Логикалық бағыт дегеніміз не?
6. Психологиялық бағыттың маңызы қандай?

## 7-тақырып Мәскеу лингвистикалық мектебі

**Жоспар:**

- 1. Көрнекті қайраткерлері**
- 2. Ұстанған негізгі бағыттары**
- 3. Зерттеген проблемалары**

**Мәскеу лингвистикалық мектебі.** Мәскеу лингвистикалық мектебін ХІХ ғасырдың 70—80-жылдарында Москва университетінің ғалымдары қалыптастырды. Оны басқарған сол кездегі орыс тілі білімінің көрнекті ғалымдарының бірі — академик *Филипп Федорович Фортунатов* (1848—1914). Ол Германияда, Францияда, Англияда болып, жас грамматикалық бағыттағы көрнекті ғалымдардың лекциясын тыңдаған, өзі де осы бағытты қуаттаған, компаративистиканың Россиядағы көрнекті өкілі болған, үнді-европа тілдерінің фонетикасын, морфологиясын зерттеп, бұл саладан біраз еңбектер берген. Олардың ішіндегі ең елеулілері «Салыстырмалы тіл білімі» (1898), «Үнді-европа тілдерінің салыстырма фонетикасы» (1902), «Көне славян тілі фонетикасынан лекция» (1919), «Салыстырмалы морфология» (1901).

1. Бұл мектеп құрамында орыс тілі білімінің көрнекті өкілдері академик *Алексей Александрович Шахматов* (1864—1920), *Александр Матвеевич Пешковский* (1878—1933), т. б. болды.

Академик А. А. Шахматов — Фортунатовтың шәкірті, ежелгі орыс мәдениетінің, тілінің тарихшысы, тіл мәселесімен де, әдебиет мәселесімен де айналысқан, артына көп еңбек қалдырған адам. Олардың ең бастылары: «ХІІІ—ХІV ғасырдағы Новгород грамоталары туралы зерттеу» (1886), «ХV ғасырдағы двин грамоталары туралы зерттеу» (1903), «ХІV—ХV ғасырдағы Псков «ескерткіштері туралы бірнеше ескертпелер» (1909), «Орыс тілі тарихы ежелгі дәуірінің очеркі» (1915), «Қазіргі орыс әдеби тілінің очеркі» (1913), «Орыс тілі синтаксисі» (1925—1927), т. б.

А. М. Пешковский — Фортунатовтың, Шахматовтың ізімен орыс әдеби тілінің грамматикасы мәселелерін және мектептерде орыс тілін оқытудың әдістерін зерттеген. Оның орыс тілі синтаксисіне, интонациясына арналған зерттеулері күні бүгінге дейін өз құнын жоймаған еңбектер. Көрнекті еңбектері: «Орыс тілінің ғылыми синтаксисі» (1914), «Ғылыми және мектеп грамматикалары» (1914), «Ана тілі, лингвистика, стилистика, поэтика методикалары» (1925), т. б.

Мәскеу лингвистикалық мектебі, негізінде Лейпциг жас грамматистерінің Россиядағы қолдаушылары болды. Бұлар да индивидуалдық психологизмді өздерінің методологиялық негізгі принципі деп санады. Бірақ бұлар практикалық істерінде индивидуалдық көзқарас шеңберінде қалып қоймай, белгілі мөлшерде болса да тілдің әлеуметтік мәніне де көңіл аударды, жалпы халықтық әдеби тілдің қалыптасуымен де айналысты. Лейпциг мектебі сияқты бұлар да тілдің фонетикалық заңын өз зерттеулерінде әрдайым есепке алып отыруға ерекше мән берді. Бұлар сөз формалары, сөздер табы, сөздер тіркесі, сөйлем мәселелерінде құнды пікірлер айтты. Бірақ бұлардың концепциялары, көп жағдайда, психологизм процесіне негізделді.

2. Москва лингвистикалық мектебі лингвистикалық бағыт ретінде үстіміздегі ғасырдың отызыншы жылдарына дейін, Н. Я. Маррдың «Тіл туралы жаңа ілім» деп аталатын мектебі үстемдік алғанға дейін өмір сүрді.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

**Негізгі**

1. Амирова Т.А., Олховиков Б.А., Рождественский Ю.В. Очерки по истории лингвистики. М., 1975
2. Ахманова О.С. Основные направления лингвистического структурализма. М., 1985
3. Березин Ф.М. История лингвистических учений. М., 1975

4. Березин Ф.М., Головин Б.Н. Общее языкознание. М., 1979
5. Будуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. Т. 1-2. М., 1963
6. Гумбольд В.А. Избранные труды по языкознанию. М., 1984
7. Звегинцев В.А. Внутренние законы развития языка. М., 1954
8. Кодухов В.И. Общее языкознание. М., 1974
9. Қордабаев Т.Р., Қалиев Ғ. Жалпы тіл білімі. А., 2004

#### **Қосымша**

10. Лингвистический энциклопедический словарь. М., 1990
11. Мейе А. Сравнительный метод в историческом языкознании. М., 1954
12. Методы лингвистических исследований. М., 1973
13. Общее языкознание. М., 1970, 1972, 1973
14. Хрестоматия по истории языкознания XI-XX веков. Құрастырған Звегинцев В.А. М., 1956
15. Чикобава А.С. Проблема языка как предмета языкознания. М., 1959
16. Щерба Л.В. Избранные работы по языкознанию и фонетике. Л., 1958
17. Языковые универсалы и лингвистическая типология. (Мақалалар жинағы). М., 1969

## 8-тақырып Қазан лингвистикалық мектебі.

**Жоспар:**

- 1. Көрнекті қайраткерлері**
- 2. Ұстанған негізгі бағыттары**
- 3. Зерттеген проблемалары**

Бұл Қазан қаласындағы университетте XIX ғасырдың аяқ кезінде қалыптасты. Оған дем беруші — поляк-орыс лингвисті, Қазан университетінің профессоры *Иван Александрович (Ян Игнацы Нечислав) Бодуэн де Куртенэ* (1845—1929). Ол жалпы тілдік теориялық мәселелермен көбірек айналысқан. Бұл саладағы көрнекті еңбектері; «Тіл білімі және тілдер туралы кейбір ескертпелер» (1871), «Фонетикалық альтернатива теориясының тәжірибесі» (1895), «XIX ғасырдағы тіл білімі, немесе лингвистика» (1901), «Лингвистикалық ескертпелер және афоризмдер» (1903), «Тіл біліміне кіріспе» (1917), т. б.

3. Бодуэн де Куртенэ жас грамматикалық бағытпен тығыз байланыста болды, көп жағдайда олардың концепциясын қолданды. Солардың ізімен бұл да индивидуалдық психологизмді қолдады, ақиқат бар тіл — индивидуумдар тілі, біртұтас ұлттық тіл деген тек қиялда ғана болатын жалған нәрсе, сондықтан зерттеудің негізгі объектісі индивидуумдар тілі, индивидуумдар психологиясы дейді. Солай дей тұра ол, екінші жағынан, тілде даралықпен бірге жалпылық та болады, бұл екеуі бірлікте. Индивидуумдағы бар нәрсе, екінші жағынаи жалпынікі, жалпы адамдық болып табылады. Олай болатыны барлық индивидуумдар психикасы біркелкі болады. Бұл біркелкілік — жалпылықтың, әлеуметтіктің негізі дегенді айтады. Сөйтіп, Бодуэн де Куртенэнің психологизмі индивидуалдық қана емес, әлеуметтік те психологизм болып шығады. Бұл — бүкіл Қазан лингвистикалық мектебіне тән тұжырым. Бұлардың көтерген тағы бір мәселесі- тілдің статикалық және динамикалық күйі деген мәселе. Жас грамматизм ізімен бұлар да тілдің динамикалық күйін, яғни тарихын зерттеуді бірінші орынға қоя отырып, екінші жағынан, тілдің статикалық күйін, яғни жүйесін зерттеуге де көңіл аударды. Тілдің белгілі бір дәуірдегі күйін, жүйесін айқындауда статикалық әдіс — таптырмайтын құрал дегенді айтты. Мектептің оның көсемі Бодуэн де Куртенэнің бұл пікірі өзінен кейінгі де Соссюрдің статикалық және динамикалық лингвистикасы дегендерімен үндес келеді.

Қазан лингвистикалық мектебі, әсіресе Бодуэн фонема мәселесіне ерекше назар аударды. Оның бұл саладағы еңбегі кейініректе Прага структуралистерінің фонема жөніндегі зерттеулеріне күшті әсерін тигізді.

Қазан лингвистикалық мектебі құрамында Н. В. Крушевский, В. А. Богородицкий сияқты көрнекті лингвистер де болды. Кейінгі кезде бұл мектептің бағытын қолдап, оны ілгері дамыта түскен ғалымдар — Шербан мен Поливанов.

Бұл Қазан қаласындағы университетте XIX ғасырдың аяқ кезінде қалыптасты. Негізін салушы - поляк-орыс лингвисті,Европадағы бірнеше ғылым академиясының, лингвистикалық қоғамның мүшесі, бірнеше жоғары оқу орнының оқытушысы және профессоры Иван Александрович Бодуэн де Куртенэ (1845-1929). Ол жалпы тілдік теориялық мәселелермен көбірек айналысқан. Петербург, Қазан, Дерпт (Польша), Краков, Париж, Варшава және Копенгаген университеттерінде лекциялар оқыған. Б. де Куртене 8 тіл білетін полиглот болған, ол 84 жыл жасағанда осы тілдерде, осы тілдердің фактілері негізінде 600-ден астам ғылыми мақалалар мен кітаптар жазған. «Тіл білімі және тілдер туралы ескертпелер», «XIX ғасырдағы тіл білімі немесе лингвистика», «Тіл біліміне кіріспе» атты еңбектері бар. Б. де Куртенэ мектебінің түп негізі жас грамматистерде жатқанымен, қазандықтардың басты ерекшелігі-әлеуметтік негіздегі объективті психологизмді басшылыққа алғандығы. Б. де Куртэне өзі ескерткеніндей: «Психический мир не может развиваться без мира социального, а социальный мир зависит от

коллективного существования психических единиц». Оның Москва лингв.лық мектебінен айырмашылығы: тілдік құрылымды неғұрлым жалпылай зерттеуге талпынуы және зерттеу объектілерімен ерекшеленуі. Қазан лингв.лық мектебі өкілдері мынадай негізгі мәселелерді қарастырды: тілдің индивидуалдық және леуметтік сипаты, тілдің жекелік және жалпылық сипаты, тіл мен сөйлеудің ара қатысы, тілдік сөйлеу (языковая речь) мен тілдік әрекеттің (языковая деятельность) ара қатысы, тілдегі статика мен динамика, тілдің жүйелілік және таңбалық сипаты, Б. де Куртенэнің фонема -жөніндегі ілімі, тілдің морфологиялық құрылымы, салыстырмалы-тарихи тіл білімі және тілдерді типологиялау. Енді осы зерттеу объектілерінің маңызды мәселелері жөніндегі пайымдауларға тоқталсақ. Тіл және сөйлеу мәселесі. Лингв.қа тарихында тіл мен сөйлеудің ара қатысы мәселесін алғ.қарастырған швейцариялық лингвист Ф. де Соссюр деп санайды. Дегенмен де оның алғ. Ғылыми мақаласын 1879 жылы жазғанын ескерсеу, Б. де Куртенэ 1870 ж. «Тіл және тілтану жөніндегі кейбір жалпы ескертпелер» атты лекциясында: 1) жеке адамның сөзі-2) сөйлеу-3) тіл -2)сөйлеу-3) жеке адамның сөзі деген пайымдауын ұсынған. Осы мектептің өкілі, Б. де Куртенэнің шәкірті Н.В.Крушевский ұстазының әрбір жеке адамның сөйлеу ерекшеліктерін абсолюттендіруіне қарсы болды, себебі, деді ол: 1) адам бір сөзді келесі қолданғанда басқа дыбыстармен қолданбайды, 2) адам тілде бар дыбыстарды ғана қолданады. Статика және динамика. Б. де Куртенэ өзіне дейінгі лингвистердің тіл дамуын эволюциялық даму деп есептеуін биология және әлеуметтану ғылым.на тән сипаттар деп сынап, оның орнына тарихи принципті ұсынды. Тілдегі тарихи өзгерістер белгілі бір қозғалыс заңдылықтарына сүйенетіндігін, ол динамикасы деп аталатынын дәлелдеді. Сонымен қатар тілдің белгілі бір кезеңінде тепе-теңдік зыңдылығының сақталатындығын айқындап, оны тілдегі тепе-теңдік заңы, яғни тіл статикасы д.а. Тіл статикасы мен динамикасының ара қатысы мен бірлігіне тіл статикасы дегеніміз-тіл динамикасының жеке бір көрінісі деген анықтама берді. Б. де Куртенэ өзінің XIX ғ. 80-жылд.ғы тілдің жүйесі жөніндегі зерттеулерінде жоғарыағы екілік жүйе (двучленная система) орына үштік жүйені (трехчленная система), яғни статика-динамика-тарих дегенді ұсынды. Статика дегеніміз-дыбыстық жүйе өзгерістерін ескермей-ақ сипаттау және зерттеу, динамика дегеніміз-дыбыстық жүйедегі өзгерістерді ескере отырып сипаттау мен зерттеу, ал тарих дегеніміз-тілдегі тарихи өзгеріс деді. Н.В.Крушевский Куртенэнің үштік жүйесін дыбыстық жүйедегі өзгерістерге қолданды. Ол тілдік дыбыстарды қолданылу орны мен уақытына қарай 3-ке бөлді: қолданылу орны мен уақытына қарамастан өзгеріссіз қалған; контекстегі орнына қарай өзгерген; қолданылған уақытына қарай өзгерген дыбыстар. Тілдің жүйе екендігі жөніндегі ілім. Тілдің жүйе екендігін ғылыми проблема ретінде қарастыру Б. де Куртенэге дейін А.Шлейхер, В.Гумбольд және жас грамматистер де болған. Ал Куртенэ мен Крушевскийлердің олардан өзгешелігі-тілдік жүйені жүйелік салаларға және жүйелік тармақтарға бөліп, жеке-жеке қарастыруы. Б.де Куртенэ тілдік жүйенің деңгейлерін: 1) фонетикалық, 2) семасиологиялық, 3) морфологиялық деп жіктеді. Куртенэ мен Крушевскийлер синтаксисті морфология құрамында, морфологияның жоғарғы түрі деп есептеген. Крушевский, әсіресе семасиологиялық жүйе жөнінде: «Сөздердің шығу тегі ұқсастық ассоциациямен, сөздердің мағынасы қатынастық ассоциациямен байланысты деді «Очерк науки о языке» атты еңбегінде. Қатынастық ассоциацияға «шығу» етістігі: далаға шығу, тұрмысқа шығу, тауға шығу, демалысқа шығу; ұқсастық ассоциациясына омоним, полисемия сөздер жатады. Б. де Куртенэнің фонема туралы ілімі. Ғалымның фонетикалық бірліктерді жүйелі де тереңдей зерттеуі өмірінің Қазан университеті кезеңіне сәйкес келеді. Тілдегі дыбыстар бір-бірімен қатар тұруы, көршілес буында орналасуы арқылы бір-бірімен байланысты болып, ұқсауы н.се ерекшеленуі мүмкін, оның тарихи дамуын жоққа шығарды. . Міне, осы сипаттарына қарап Б.де Куртенэ фонемаларды: 1) когерент 2) дивергент; 3) коррелятив; 4) корреспондент деп бөлді. Б.де Куртенэ «Опыт теории фонетических альтернатив» атты еңбегі арқылы қазіргі морфологияның неғ.салды. Бұл еңбекте автор фонетикалық өзгерістерді морфологиялық деңгейде түсіндіреді. Морфологиялық құрылым туралы. Үндіевропа тілдерінің

салыстырмалы грамматикасының нег. салушылар, оның ішінде Ф.Бопп, сөз түбірін өзгермейтін құбылыс ретінде қарастырып, сөздің морфологиялық құрылымын талдамады, оның тарихи дамуын жоққа шығарды. Ал Б.де Куртенэ сөз түбірлерінің өзгеретінін және үндіевропа тілгі сөздің морфологиялық құрылымын негіздеді. Бұл морфология мәс.ін Н.В.Крушевский, В.А.Богородицкийлер жалғастырды. Н.В.Крушевский өзінің «Тіл ғылымының очеркі» атты еңбегінде түбір, жұрнақ, жалғаулардың бір-біріне біріге кірігуі фонетикалық қана емес, морфологиялық та процесс екенін дәлелдеді. Богородицкий морфологиялық процестердің: 1) аналогия, 2) дифференциация, 3) түбір мен қосымша арасындағы сіңісу, 4) түбір мен қосымша арасындағы өзгеру деген құбылыс.рын ашты. В.А.Богородицкий түркітанушы да болған. «О преподавании русской грамматики в татарской школе» деген еңбегі жарық көрді. Ол Қазан университетінде Россияда бірінші болып экспериментальды фонетикаға арналған лаборатория ұйымдастырылды. Түркі тілдері туралы зерттеулерін бастап, «Этюды по татарскому и тюркскому языкознанию», «Введение в татарское языкознание» атты байсалды еңбектердің авторы болған. Тұжырымдай келгенде, Қазан лингв.лық мектебі-жеке тілдердің жылпы тіл білімдік мәселелерін орыс және түркі тілдері арқы теориялық және практикалық тұрғыда тұжырымдай білген ғылыми мектеп.

## Тақырып-9 Эстетикалық мектеп

### Жоспар:

1. Көрнекті қайраткерлері
2. Ұстанған негізгі бағыттары
3. Зерттеген проблемалары

**Эстетизм.** XX ғасырдың бас кезінде Батыс Еуропада жас грамматизм бағытына қарсы бағытта пайда болған лингвистикалық мектептің тағы бір түрі - эстетизм немесе эстетикалық лингвистика. Оны қалыптастырушы - неміс ғалымы, роман тілінің маманы, әрі әдебиетші, Мюнхен университетінің профессоры Карл Фосслер (1872-1949).

Эстетизм мектебінің негізгі принциптері К.Фосслердің "Тіл -біліміндегі позитивизм мен идеализм" (1904), «Тіл - шығармашылық және даму» (1906) деген еңбектерінде баяндалған.

Мектептің эстетизм деп аталу себебі - оның тілдері тілді эстетикалық тұлға, эстетикалық көрсеткіш дейді де, оны зерттейтін тіл ғылымы - эстетиканың бір саласы, эстетика -оның негізі, қайнар бұлағы. Тіл жөніндегі зерттеу эстетикадан басталып, эстетикамен аяқталады деп санайды.

Кейде бұл мектеп неофилология немесе идеалистік неофилология деп те аталады.

К.Фосслердың зерттеулерінің көпшілігі әдебиеттану ғылымына жатады. Солармен бірге тіл мәселелеріне арналған "Лингвистикадағы позитивизм мен идеализм" деп аталатын еңбегінде Фосслер позитивистер деп жас грамматистерді атайды да, идеалистер тобына өзін және өзінің жолын қушыларды жатқызады. Бұл еңбектің ең түйінді мәні - жас грамматикалық бағыттың позитивизмін қатал сынап отырып, тілді эстетикалық туынды, тіл білімін эстетикалық ғылым деп жариялау. К.Фосслер өзінің эстетикалық концепциясын негіздеуде идеалистік философия мен өз дәуірінің атақты тіл ғалымдары В.Гумбольдт пен Г.Штейнталь еңбектеріне сүйенген.

В.Гумбольдттың ізімен К.Фосслер де тіл рухтың көрінісі, тілге байланысты мәселенің қандай болса да тіл рухы арқылы айқындалады, тіл - рухтық процесс. Тілдің даму заңын рухтан бөліп алуға болмайды, қайта соның әрекеті ретінде зерттеу керек дейді.

В.Гумбольдттың ізімен К.Фосслер де тілді шығармашылық туынды, тіл – шығармашылық дейді. Бұл - оның бүкіл концепциясының негізі. Тілді шығармашылықпен санағандықтан, К.Фосслер индивидумдардың сөйлеу әрекетіне ерекше мән береді. Ол рухани шығармашылықтың барлығы да эстетикалық құбылыс. Шығармашылық болғандықтан тіл де эстетиканың қарауына жатады. Ал объектісі эстетикалық құбылыстар қатарына жатқандықтан, тіл білімінің эстетикалық болмасқа әдісі жоқ деп есептейді. Олар тілдің экспрессивтік қызметін зерттеуге баса назар аударады, тілді тарихи-мәдени туынды деп санайды.

Эстетистер тіл білімін эстетикаға стилистика арқылы жатқызады. Олар: тіл - индивидуалдық рухани шығармашылық... Сөйлеудің барлық түрі де индивидуалдық рухани әрекет. Ал ол әрекетті, яғни индивидумның стилін, стилистика зерттейді дейді де, осыдан барып, тілді индивидум жасайтын, индивидумның тілін (стилін) стилистика зерттейтін болғандықтан, тіл білімінің бастамасы, негізі - стилистика. Стилистика - эстетиканың бір саласы. Олай болса, тіл білімі эстетиканың бөлінбейтін бір бөлшегі деген қорытынды жасайды.

Бұл мектептің эстетизмі индивидуализммен ұштасады. Сондықтан бұларды кейде эстетикалық индивидуализм деп те атайды. Эстетистер де тілдің қоғамдық мәнін ескермейді. Оны жеке адамның рухани табысы деп қарайды, түгелдей индивидуалдық рухқа тәуелді, бағынышты етеді. Қанша индивидум болса, сонша стиль (тіл) бар. Сөйлеудің, хабарлаудың әрбір құралы (яғни тілдік элементтер) бастапқыда индивидуалдық, стилистикалық болады. Жалпыхалықтық, диалектілік тілдер деген өмірде жоқ. Тілдің жалпылық мәнінің өзі де индивидуалдық тілдің жай жиынтығы деп қарайды.

Ал тіл индивидуумының табысы болса, ол қалайша қатынас құралы бола алады деген сұраққа эстетизм мектебінің басшысы К. Фосслер: «Егер адамдар тіл арқылы өзара қатынас жасай алатын болса, ол тілдік заңның, тілдік материалдардың немесе тілдік құрылымның жалпылығынан емес, тілдік дарындылықтың, қабілеттіліктің жалпылығынан, ортақтығынан болады. Тілдің пайда болуы, өмір сүруі, дамуы – бәрі де осы сөйлеу дарындылығының жалпылығына, барлық адамға бірдейлігіне байланысты, соның арқасында әр түрлі тілде сөйлейтін адамдар белгілі бір уақыттан кейін *бірін-бірі* түсіне алады», - деп жазады.

Эстетистердің айтуынша, тілдік категорияларға негіз болатын интуиция /сезу/, тек интуиция ғана ол категориялардың мәнін танып білуге мүмкіндік береді. Тіл білімінің міндеті - зерттеу ісіне интуитивтік тану әдісін қалай қолдануды айқындау.

Эстетизм өкілдері жас грамматизм бағытын да, логизм, психологизм бағытын да сынға алады. Логика тіл табиғатына тән емес, логика мен тіл білімі біріге алмайды дейді.

Эстетистер жас грамматистерді позитивистер деп айыптағанда, оларға қоятын басты бір кінәсі - сендер тілдік элементтер арасындағы себептестік қатынасты ескермей, тек тілдік фактілерді көбейтуге, оларды бір-біріне байланыссыз, бөлек-бөлек сипаттауға әуестенесіндер. Тіл білімі үшін маңыздысы - фактілерді құр есепке алу, оны сипаттап беру ғана емес, олардың арасындағы себептестік қатынасты айқындау дейді.

Құбылыстар арасындағы себептестік қатынастарды айқындаудың шешуші мәні барлығы даусыз, бірақ фактілерді есепке алу, оны талдау, соған сүйену қажеттігін де ескермеуге болмайды.

Лингвистикалық мектеп деп аталғанымен, эстетистердің принциптерін жақтаушылар аз болды.

## Тақырып-10 Сөздер мен заттар.

### Жоспар:

Бұл — тіл білімі тарихында жас грамматикалық бағыттан біржола және үзілді-кесілді бас тарту ұранын тұңғыш көтерген мектеп. Оның өкілдері 1909 жылдан бастап Рудольф Мерингердің (1859—1931) басқаруымен шыға бастаған (Австрияда) «Сөздер мен заттар» деп аталатын журнал төңірегіне топтасқандықтан соның атымен аталған (журнал XX ғасырдың 40 жылдарына дейін шығып тұрды). Бұл мектептің ең көрнекті өкілі — роман тілдері мен жалпы тіл білімінің маманы Австрия лингвисті *Гуго Шухардт* (1842—1927).

Шухардт тек роман тілдерін ғана емес, басқа да көптеген тілдерді зерттеген, жан-жақты, терең білімді адам болған. Ол тіл білімінде бірталай тың да қиын проблемаларды батыл көтеріп, өз көзқарасын білдіріп отырған. Бұл мектептің өкілдері зат пен оның атауы арасындағы қарым-қатынасқа ерекше мән береді. Г. Шухардт «Заттар мен сөздер» деген еңбегінде: сөз затты білдіреді, зат — алғашқы, ол ешнәрсеге тәуелсіз, өзі үшін өмір сүреді, ал сөз затқа қарағанда соңғы, кейінгі, ол — затқа тәуелді, оның өмірі затқа байланысты, зат жоқ болса, сөз де жоқ, тілдегі әр сөздің өзіндік тарихы бар, оны тек лингвистикалық талдау арқылы ғана емес, заттар тарихы арқылы да зерттеуге болады, заттар тарихы мен сөздер тарихы жарыса қатар жүріп отырады, бұл екеуінің тарихы арасында толық параллелизм де, сондай-ақ күрделі және нәзік қарым-қатынастар да бар, тіл білімінің міндеті — соны ашу дейді.

Осы талаптарға орай бұл ағымға жататын ғалымдар (Г. Шухардт, Р. Мерингер, В. Мейер — Любке, т. б.) сөздер тарихын сол сөздер атау болған заттар тарихына байланыстыра отырып, ұқыптылықпен, көп жағдайда өте шебер зерттеген.

Мектеп өкілдері тарихы зерттелетін сөз қоғамдық өмірдің қай саласына, қай мамандыққа жатса, сөзбен бірге сол сала, сол кәсіп те профессионалдық дәлдікпен зерттелу керек деп есептеді, өздері де солай істеді. Мысалы, Шухардт француз тіліндегі *mauvais* (табу) деген сөздің латын тіліндегі *malifatus* (балық ұстау) деген сөзден шыққанын дәлелдеу үшін балық аулау процесін жан-жақты зерттеген. Сол сияқты, Р. Мерингер ауыл шаруашылығына байланысты қолданылатын біраз сөздер тарихын айқындау үшін бір шаруаның үй-жайы туралы үлкен монографиялық зерттеу жазған, Крогман құдалық—деген мағынаны білдіретін немістің бір сөзінің тарихын түсіндірмек болып, құдалықтың алуан түрлі салттарын жан-жақты баяндаған т. б.

Әрине, сөздер тарихын сол сөз атау болған заттар тарихына байланыстыра қараудың тарихи лексикологияға берері көп, бірақ тіл білімі үшін әр сөз атау болған заттарды жоғарыдағыдай зерттеу әрдайым қажет бола бермейді. Олай істеу, көп жағдайда, лингвистерді негізгі объектіден ауытқытып, тіл білімі үшін қажеті жоқ нәрселермен айналыстырады.

Бұл мектеп өкілдері әсіресе Шухардт тілдік элементтер (сөздер) мағыналарының өзгеруіне, дамуына ерекше мән береді, «тіл туралы ілім — не мағына туралы, немесе атау туралы ілім» болу керек деп санады. Бұлардың семантиканың мәні жөніндегі пікірлері бұл мәселенің кейінгі дәуірде дамуына елеулі әсерін тигізді.

Г. Шухардт тіл адамдар әрекетін бейнелейтін құрал, ол адамдардың әлеуметтік, рухани өмірлерінің бәрімен де, тарихымен де тығыз байланысты, солардың көрсеткіші, сондықтан тілдің өткен тарихы да, қазіргі күйі де бірден дәрежеде зерттелу керек дегенді айтты. Өз еңбектерінде ол тілдің құрылымдық бөлшектерінің барлығын да дыбыстық жүйесін, грамматикасы мен лексикасын да сөз етеді. Оларды сөз еткенде жалпы тілдік, жалпы теориялық тұрғыда шешуге тырысады. Зерттеу қорытындысы жалпы теориялық тұжырымдарға жәрдемші болған жағдайда ғана ғылыми бола алады дейді.

Шухардт тілдерді туыстық жақындықтарына қарап жіктеудің дәлдігіне, ата тіл болды дегенге күмән келтіреді. Генеологиялық классификация орнына тілдерді географиялық ыңғайына қарай қарауды ұсынады. Географиялық жағдайына, қоныс ыңғайының өзгерісіне қарай бір тіл екінші бір тілге ауысып отырады дегенді айтады.

Осыдан келеді де тілдің дамуы, ондағы болатын өзгеріс-құбылыс тілдердің араласуынан, тоғысуынан болып жатады. Дүние жүзіндегі тілдердің барлығы да өзара туыстас, бірақ олардың туыстастығы бір төркіннен, ата тілден тарағандықтан емес, араласып, тоғысқандықтан дейді. Бұл, әрине, тым бір жақты кеткендік.

Біраз мәселеде бұл мектеп өкілдері индивидуалистік психологизм ағымындағылармен пікірлес болды. Шухардттың пікірінше, тіл — жеке сөйлеушінің (индивидуумның) жемісі. Индивидуумның тұрмыс жағдайы, мінез-құлқы, мәдениеті, жасы тілге әсерін тигізеді, сөйтіп, индивидуалдық стиль, қалыптасады. Сөздер тарихы — сол сөздерді қолданушы индивидуумдар тарихы.

Г. Шухардт өзінің «Фонетикалық заң туралы» деген мақаласында жас грамматистердің тілде «бұлжымайтын фонетикалық заң бар» дейтін негізгі принципін қарсы шығады: «Бұлжымайтын фонетикалық заң» деген жоқ, кездейсоқ фонетикалық өзгерістер бола береді, жас грамматистердің бұл принциптері ғылымның ілгері дамуына бөгет жасайды дейді.

Шухардттың лингвистикалық мұрасы бір тектес те, бәрі бірдей бағалы да емес. Оның еңбектерінің ең құнды жақтарының бірі — ғылым дамуына бөгет болатындардың бәрін де ешбір жалтақсыз батыл сынап отыра, үздіксіз жаңалық, басқаша тың бағыт іздеуінде, ғалымдарды соған үндеуінде. Шухардт еңбектері өз дәуіріндегі лингвистикалық ой-пікір дәрежесін жан-жақты көрсете алады. Ол өз еңбектері арқылы тіл білімінің жас грамматистер доктринасы шеңберінде қала алмайтынын, тіл зерттеу ісінде жаңа, тың бағыт-бағдардың қажеттілігін дәлелдеді. Шухардт бастап көтерген көптеген мәселелер лингвистика дамуының кейінгі дәуірлерінде күрделі де мәнді проблемаларға айналды. Сондайлардың бірі ретінде осы мектеп көтеріп қалыптастырған тілдердің бір-біріне тигізетін әсері, тілдер тоғысуы, ареалдық лингвистика, тілдерді географиялық ынғайларына қарай жіктеу мәселелері.

Көптеген құнды пікірлермен қатар бұл ағымның қайшылықтары да болды. Бұларда айтарлықтай тұрақты, өзіндік жүйелі принципі бола қоймайды. Сондықтан тек шартты түрде ғана болмаса, «Сөздер және заттар» бағытындағыларды қалыптасқан лингвистикалық мектеп еді деу қиын.

## 11-тақырып

### Фердинанд де Соссюр еңбектеріндегі жалпы тіл білімі мәселелері

#### Жоспар:

1. Ф. де Соссюрдің лингвистикалық көзқарастары
2. Фердинанд де Соссюрдің өмірбаяны
3. Еңбектері мен лингвистикалық көзқарастары

Фердинанд де Соссюр швейцар тіл ғалымы, Париж, кейін Женева университеттерінің профессоры. Жоғары білімді Лейпциг университетінен алған. Ф. де Соссюрді, әдетте, тіл біліміндегі социологиялық мектептің негізін салушы деп санайды. Бірақ оның ғылыми мұраларын бір ғана ағым, бір ғана мектеп, я көзқарас шеңберінде қарауға болмайды. Оның теориялық өрісі өте кең, жан-жақты. Ол өзінің еңбектері арқылы тіл ғылымының дамуының жаңа дәуірін ашқан, қазіргі заман тіл білімі дамуының ең басты проблемаларын айқындап, оған бағыт-бағдар сілтеген, жан-жақты ойланылған біртұтас жүйелі лингвистикалық концепция жасаған адам. Ғалымның көптеген теориялық тұжырымдары бірсыпыра елдердегі лингвистикалық ой-пікірлер дамуына күні бүгінге дейін күшті әсерін тигізуде.

Ф. Де Соссюрдің тіл біліміне қосқан үлесін, көтерген проблемалары мен өзіндік концепцияларын танытатын еңбегі «Жалпы лингвистикалық курс» деген кітабы. Бұл еңбек Ф. де Соссюр қайтыс болғаннан кейін 1916 жылы басылып шықты.

Кітап көп ұзамай-ақ Еуропа халықтарының бірнеше тіліне, 1933 жылы орыс тіліне аударылып, тіл білімінде үлкен қозғалыс, қызу айтыс туғызды. Мұнда көтерілген жеке проблемалар жөніндегі пікір таластары күні бүгінге дейін саябырлаған жоқ.

1973 жылы профессор А.А.Холодовичтің редакциясы мен Ф.де Соссюр еңбектері "Труды по языкознанию" деген атпен 2 рет орыс тілінде жарияланды.

Ф. де Соссюрдің атын бүкіл дүние жүзіне жайған, лингвистика әлемінде оны даңққа бөлеген бұл еңбегі бірнеше тарауға бөлінетін кіріспеден және бес бөлімнен құралған. Оның 1-бөлімі "Жалпы принциптер", 2-бөлімі "Синхрондық лингвистика", 3-бөлімі "Диакрондық лингвистика", 4-бөлімі «Географиялық лингвистика», 5-бөлімі "Ритроспективтік лингвистика мәселелері" деп аталады. Әр бөлім өз ішінен бірнеше тарауларға бөлінеді.

Ф. де Соссюр алғашқы кезде салыстырмалы-тарихи тіл білімін қолдаушы, соның принциптерін дамытушы болса, кейін, әсіресе Женева университетінде тілдің жалпы теориясына арналған курстан лекциялар оқыған 1906-1912 жылдар арасында ол бағытынан қол үзген.

Ф. де Соссюр көтерген және өз көзқарасын баяндаған проблемалар көп, солардың бастыларына төмендегілерді жатқызуға болады.

Лингвистиканың объектісі. Даму дәрежесіне, өмір сүру формасына қарамастан тілдердің қай-қайсысының да сөйлеу процесіндегі көріністері тіл біліміне объект бола алады дейді. Тіл білімінің міндеті - таңбалар жүйесі болып есептелетін тілді "өзі мен өзін және өзі үшін зерттеу", оның ішкі құрылымын, жүйесін айқындау дегенді айтады. Ф. де Соссюрдің "тілді өзі мен өзін және өзі үшін зерттеу" деген тұжырымы кейінгі замандағы кейбір ғалымдардың бір жақты кетуіне, тілді айналадағы дүниеден біржола бөліп алып, тек "өзі мен өзін ғана зерттеумен" әуестенулеріне себепші болды.

Ф. де Соссюр тілді зерттегенде оның элементтері арасында болатын қайшылықтар да, ұқсастықтар да естен шықпау керек, бұл екі құбылыстың тілдік механизмді айқындауда мәні ерекше дәл, зерттеу ісінде бүтіннен бөлшекке қарай жүргізілетін дедуктивтік әдісті қолдануды ұсынады.

"Тіл білімі, - дейді Ф. де Соссюр, - тілді таңбалар жүйесі ретінде зерттейтіндіктен, ол - семиотикалық ілім, қоғам өмірінде қолданылатын таңбаларды зерттейтін әлеуметтік психологияның бір саласы болмақ". Бұл саладағы Ф.де Соссюр қосқан жаңалық -

лингвистиканы тілдің таңбалық жүйесін, ішкі құрылымын, грамматикалық жүйесін зерттейтін ілім деп жариялауында.

Тіл - қоғамдық құбылыс. Тілдің қоғамдық сипаты, әлеуметтік мәні туралы Ф.де Соссюрге дейін де талай айтылған, бірақ Ф. де Соссюр оны жаңаша, өзінше түсіндіреді. Ол тілдің қоғамдық құбылыс екенін мойындап қана қоймайды, оны өзінің бүкіл концепциясына негіз, өзек етеді, барлығын содан таратады. Тілдің өзіндік сипатын сөз еткенде Ф.де Соссюр: қызметі жағынан алғанда тіл коммуникативтік те, экспрессивтік те қызмет атқарады, бұл екеуінің ең маңыздысы - алғашқысы, тілдің әлеуметтік сыры да осында деп санайды. Тілдің сыртқы дүниемен, қоғаммен байланысын зерттейтін дербес ғылым болу керек, ол - сыртқы лингвистика деп аталуы керек дейді.

- Тіл - таңбалар жүйесі. Тілде таңбалық сипаттың барлығы ежелгі грек философтарынан бері қарай айтылып келген. Бірақ тілді таңбалар жүйесі деп анықтау, тілдік таңбалардың сипатын талдап ашу Ф.де Соссюрден басталады. Ф.де Соссюр тілдік элементтердің материалдық және идеялық жағы болады, бұлардың біріншісін таңбалаушы, екіншісін таңбаланушы дейді де, осы екеуінің бірлігі таңба деп аталады дегенді айтады.

Ф. де Соссюр "Тіл - идеяны білдіретін таңбалар жүйесі" дейді, оны өмірде қолданылатын басқа әр алуан таңбалармен қатар қоюға, жазумен, мылқауларға арналған әліппемен, символикалық әдет-ғұрыптарымен, әдептілік, сыпайгершілік формалармен, әскери сигналдармен, тағы басқалармен салыстыруға болады.

Таңба өзі білдіретін идеямен емін-еркін және шартты қатынаста болады. Емін-еркін болатын себебі таңбаланушы таңбалаушының мәнін ашып бере алмайды дейді.

Ф. де Соссюр көтерген төртінші проблема "Тіл және сөйлеу мәселесі". Ол тіл мен сөйлеу бір-бірімен байланысты, бірақ бір-бірінен өзгешеліктері бар, екі бөлек дүние. Сөйлеу - тілді қолданудың нәтижесі, ол - индивидуалдық, ал тіл - қоғам мүшелерінің бәріне бірдей дәрежеде міндетті, өзара байланысты таңбалардың жүйесі. Тіл - әлеуметтік сипатқа ие дейді.

Тіл мен сөйлеуді бір-бірінен бөліп қараудың ғылыми мәні зор, бірақ бұл екеуін бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Сол сияқты, сөйлеудегінің бәрі таза индивидуалдық деу де асырып айтқандық. Әрбір сөйлеуші индивидум қоғамдық тілдегі бар материалдарды ғана пайдаланады. Мұндағы даралық сол материалдарды іріктеп, ерекшелеп алудан, лайықты жерге орналастырудан көрінеді.

Ф. де Соссюр қарастырған тағы бір проблема - ішкі лингвистика мен сыртқы лингвистика. Ф.де Соссюр сыртқы лингвистика тілді қоғам тарихы мәдениет тарихы, саясат, әдебиет, географиялық мекен-жай, диалектілік жіктермен т.б. байланыста қарап зерттейді, яғни тілді оның өмір сүруіне қажетті сыртқы жағдайлармен байланыста қарайды. Сыртқы лингвистика тіл жүйесінің, ішкі механизмін түсіндіре алмайды, оған қатынасы жоқ. Ал ішкі лингвистика тілдің құрылымын, жүйесін, яғни тілдің өзіне ғана тең ішкі мәселелерін, өзіндік ішкі заңдылықтарын зерттейді дейді.

Тілдің өзіндік құрылымына тең ішкі мәселелермен қатар оған күшті әсерін, ықпалын тигізетін сыртқы құбылыстардың да болатыны даусыз. Тіл білімі үшін тілдің өзіндік құрылымын, ішкі жүйесін зерттеу қандай қажет болса, тілге әсерін, ықпалын тигізетін сыртқы жәйттерді зерттеу, білу де сондай қажет. Өйткені тілдің ішкі құрылымындағы көптеген құбылыстардың кейде одан сыртқы, яғни экстралингвистикалық жәйттердің әсерінен болып жататындығы талассыз.

Ф. де Соссюр тілдің жүйесі жөніндегі проблеманы да ерекше сөз етеді. Ол: тіл - барлық элементтері бірігіп бір бүтін болып тұратын жүйе. Тілдік таңбалар - сол жүйенің құрамды элементтері. Жүйе элементтерін оларды біріне-біріне қарсы қойып қарау арқылы айқындауға болады. Сол арқылы тілдік таңбалардың маңызы мен ролі танылады. Тілдік таңбалар, яғни жүйе элементтері өзара байланысты, шартты қатынаста болады. Бір-бірімен қарым-қатынасы арқылы олардың мағыналары түрленеді, мәні, құны айқындалады дейді. Тілдің өзіндік құрылымы бар жүйелі объект екені Ф. де Соссюрге дейін де сөз болған. Ол туралы В.Гумбольдт та біраз пікір айтқан. Бірақ Ф.де Соссюрдің олардан ерекшелігі ол тіл жүйесі проблемасын лингвистиканың ең өзекті объектісі деп санады, оны өзінің басқа бірсыпыра

концепциясының тууына негіз етті. Бұл саладағы оның ең бір жағымды да маңызды ісі - тілдің қазіргі күйін, оның жүйесінің қазіргі функциясын жан-жақты және терең зерттеуді талап етуі болды. Қазіргі тіл білімінде тілдік жүйе, тілдік құрылым деген мәселелер ең елеулі проблемалар қатарында қаралып жүр.

Ф. де Соссюр атына байланыстыратын тағы бір мәселе - зерттеудің синхрондық және диахрондық түрлері. Ол тіл білімін синхрондық лингвистика, диахрондық лингвистика деп екіге бөледі.

Синхрондық лингвистика тілдің ішкі жүйесін зерттейді де, диахрония бір-біріне байланыста алынған тілдік элементтердің тарихын зерттейді. Тілдің ішкі механизмі дейтініміз - тілдік жүйе. Тілдік жүйенің сырын ашу тек синхрондық зерттеудің ғана қолынан келеді. Сондықтан синхрондық лингвистика диахрондық лингвистикадан маңыздырақ. Ол - тілдің бөлшегі, бір дәуірдегі күйі туралы теория. Синхрония тілдік жүйе құрайтын элементтердің бір-бірімен логикалық, психологиялық қарым-қатынастарын талдайды.

Сөйтіп, Ф. де Соссюр тілді зерттеудің сипаттама /синхрония/ және тарихи (диахрония) әдістерін бір-біріне қарама-қарсы қояды. Синхрония тілдік жүйенің сырын ашады, диахрония тілдік жүйені бұзады, оны өзара байланысы жоқ, бөлек-бөлек фактілердің жиынтығына айналдырады деп қарайды. Тіл ғалымдарының басым көпшілігі Ф. де Соссюрдің бұл пікірін тіл тарихының мәнін елемегендік деп санайды.

Ф. де Соссюр қойған және өзінше шешкен бұл мәселелердің қай-қайсысы да ХХ ғасыр тіл білімі дамуының талап-мүдделеріне толық сай келді. Бұлар күні бүгінге дейін тіл білімінің өзекті мәселелері ретінде қаралып келеді.

Тіл ғылымы тарихында тіл білімінің ілгері дамуына дәл Ф. де Соссюрдей ықпал жасаған ғалым аз. Дегенмен, оның концепцияларының бәрі бірдей мінсіз де емес, еңбектерінде қайшылықтар да, қате тұжырымдар да бар.

Тілдің әлеуметтік мәні кеңес тіл білімінде "тіл және қоғам" деген атаумен 1930-жылдың бас кезінен бастап кең қойылып келеді. Тілдің қоғаммен байланысын жан-жақты талдаған кеңес ғалымдары Р.О.Шор, Е.Д.Поливанов, М.Н.Петерсон, Л.П.Якубинский, В.М.Жирмунский, В.В.Виноградов, Н.Я.Мар, т.б.

Тілдің қоғаммен байланысы дейтін мәселе қазіргі кездегі тіл білімінің де маңызды объектісі. Бұл салада атқарылған істер де аз емес. Онда бүкіл дүниежүзілік тіл білімінің үлесі бар.

Структуралық лингвистика. ХХ ғасырдың алғашқы жартысында дүниеге келген лингвистикалық мектептердің ең көрнекті және кең тарағандарының бірі - структуралық лингвистика деп аталатын бағыт. Бұл мектеп салыстырмалы-тарихи тіл біліміне оның бір бұтағы жас грамматикалық мектепте қарсы бағытта туып қалыптасты.

Структуралық лингвистиканың немесе структуралық әдістің дүниеге келуінің ішкі-сыртқы себептері бар. Ең негізгісі - ХХ ғасыр ғылымы дамуында пайда болған жаңа бағыт. ХІХ ғасыр ғылымының негізгі сипаты тәжірибие арқылы бақылаудан туған фактілерді есепке алу, сипаттау болса, ХХ ғасыр ғылымы олардың өзіндік мәнін, ішкі заңдылықтарын, зерттеліп отырған объектінің құрылым ерекшелігін, оны құрайтын элементтердің ара қатынасын, бір-бірімен байланысын, бір-біріне тигізетін әсерлерін ашуға тырысады.

Үстіміздегі ғасырдың бас кезінен бастап философия, жаратылыстану, әдебиеттану, тарих, эстетика, психология, социология, этнография сияқты бірсыпыра ғылымдарда өз пәнін өзара шарттас, біріне-бірі тәуелді элементтерден тұратын күрделі біртұтас құрылым деп санап, оны осы тұрғыдан зерттеу талабы күшейді. Бұл тіл біліміне де әсер етті. Сонымен бірге, жалпы ғылымның, оның жаңа түрлері - кибернетиканың, математикалық логиканың дамуы, электрондық машиналардың пайда болуы, оны тіл біліміне қолдану талабының өсуі, тілдің практикалық қызметінің бірден-бірге күрделене түсуі структурализм бағытының тууына себепші болады.

Структурализмнің тууының ішкі, таза лингвистикалық себептері де жоқ емес. ХІХ ғасырда дүниеге келген салыстырмалы-тарихи тіл білімі басты назарды тіл туыстастықтарын,

тілдің түп төркінін, шыққан тегін ашу сияқты мәселелерге аударды да, нормативтік грамматикаға жеткілікті мән бермеді, оны тек мектеп оқулығы дәрежесінде ғана қалдырды. Тілдің өзіндік сипаты, ішкі құрылыс қандай? Тілдік элементтер бір-бірімен қалай байланысады? Олардың байланысында қандай заңдылықтары бар? деген тәріздес сұрақтарға тұжырымды жауап болмады.

Структурализм бірден пайда болған жоқ. Оның алғашқы соқпағы В.Гумбольдт, Ф.де Соссюр, И.А. Бодуэн де Куртенэ еңбектерінде салынды. Структуралистер өз зерттеулерінде осы ғылымдардың, әсіресе Ф.де Соссюрдің еңбегіне сүйенеді.

Структуралдық бағыттың көпшілікке танылған үш мектебі болды: Прага (Чехословакияда), Копенгаген (Данияда) мектептері және дескриптивтік мектеп (Америкада). Кейін келе бұл бағыт басқа елдерге де тарады. Структурализм мектептерін біріктіретін ортақ бағыт, проблемалар мыналар:

1) структурализм мектептердің барлығы да тілді ішкі элементтері бір-бірімен байланысты, тұтас жүйе, *бір* бүтін құрылым деп санайды. Тіл білімінің міндеті - тілдің құрылымын, структурасын зерттеу дейді. Бұл бағыттың структуралық лингвистика деп аталуы да осыдан;

2) жас грамматистер тілді зерттеуде тек дифференциациялық принципті қолданса, тілдік элементтерді бір-біріне байланыссыз жеке зерттесе, структуралистер тілдік элементтерді бір-біріне байланыста, тұтастықта қарайтын интеграциялық принципті қолданады. Тілдің құрылымдық элементтерін зерттеуде лингвистикалық сипаттау әдістемесін қолдануға шешуші мән береді;

3) үш мектептің үнідеуі де құрылымдық, құрамдық элементтерге жіктелуінілік және олардың бір-бірімен байланысты тілдің ең негізгі қасиеті, тіл білімінің негізгі міндеті - тілдің құрылымдық элементтері арасындағы байланысты талдау - тіл білімінің тек өзіне ғана тән, оның бірден бір объектісі деп біледі;

4) структурализм мектептерінің барлығы да Ф.де Соссюрдің ізімен тілді таңбалар жүйесі деп санайды;

5) структурализм мектептері синхрония, диахрония проблемасына да мән береді. Синхрондық зерттеу - тіл жүйесінің ішкі механизмін аңдуда шешуші роль атқарады деп, оны бірінші орынға қояды (Прагалықтардан басқалары).

Бұл аталған мәселелерде де көзқарастары бір арнаға тоғысқанымен, әр мектептің ерекше шұғылданған, өзінше шешкен жеке проблемалары да болды.

Прага мектебі. Бұл мектеп өзіндік бағыты бар лингвистикалық үйірме ретінде 1926 жылы қалыптасқан. Оны қалыптастырушы чех ғалымы профессор В.Матезиус (1882-1945). Үйірме құрамында Б.Гавранек, Б.Трика, В.Скаличка, орыс эмигранттары С.Карцевский, Р.Якобсон, Н.Трубецкой, т.б. болған.

Үйірме 1929 жылдан бастап "Прага лингвистикалық үйірмесінің еңбектері" деген жинақ шығарып тұрады. Мектептің теориялық бағдарламасының мазмұны "Прага лингвистикалық үйірмесінің тезисі" деген атпен осы жинақтың бірінші томында жарияланады.

Бұлар тіл білімінің негізгі объектісі - тілдің құрылым жүйесі мен тілдік элементтердің қызметін зерттеу дегенді баса айтты. Әрбір элемент өзінің тілдік жүйеде атқаратын қызметіне қарай бағалану керек. Тіл дегеніміз - функционалды жүйе, белгілі бір мақсат үшін қолданылатын тілдік таңбалардың жүйесі, тіл білімінің міндеті осы жүйені тілдің барлық қабатынан - фонологиядан, морфологиядан, синтаксистен, лексикадан да табу жөн, олардың әрқайсысының өзіндік сипаттарын айқындау деп санайды. Тілдік элементтердің қызметін бірінші орынға қоятындықтарына қарап бұл мектепті Прагалық функциялды лингвистика деп те атайды.

Адамдардың ойлауға, сезімге, еркін білдіруге психикалық қабілеттілігі тілдің үш түрлі қызметін - коммуникативтік, білдірушілік айту, қаратпалылық қызметтерін туғызды. Бұл қызметтерге тілдегі хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдер және сөйлеу актісіндегі тілдік таңбалардың құрылымы сай келеді дейді.

Функционалдык лингвистика өкілдерінің әрқайсысы әр түрлі проблемамен айналысты. Солардың ішінде олардың жақсы зерттеп, айтарлықтай табысқа жеткен саласы - фонология. Фонологияны олар функционалды лингвистиканың ең жетекші пәні деп санады. Бұл мәселеде Прагалықтар Бодуэн де Куртенэнің фонема туралы ілімін басшылыққа алып, оны ілгері дамытты. Бұл салада әсіресе Н.С.Трубецкойдың атқарған ролі, ғылыми табысы елеулі болды. Ол өзінің "Фонологияның негізі" /бұл еңбек автор қайтыс болғаннан кейін 1939 жылы неміс тілінде басылып шықты, 1960 жылы орыс тіліне аударылды/ деген еңбегінде әр түрлі тілдердің екі жүзге жуық фонологиялық жүйесін сипаттайды. Фонетика мен фонология тіл білімінің тең дәрежедегі екі саласы, фонетика сөйлеу дыбыстарын, фонология тіл дыбыстарын зерттейді. Фонологияның негізгі объектісі - фонема. Фонема - тілдің ең кіші фонологиялық бөлшегі. Сөйлеу дыбыстары - фонеманың материалдық символдары. Фонема бір сөзді екінші сөзден бөліп танытады, лексикалық, грамматикалық мағыналарды ажыратып танытатын фонологиялық оппозициялардың жиынтығына фонологиялық жүйе деп аталады. Оппозиция фонологияда шешу ролі атқарады. Фонема сол оппозицияның бір мүшесі. Таза тіл білімдік пән - фонология, фонетика олай емес дейді. Бірақ фонетиканы тіл білімінің қарауынан біржола шығарып тастамайды, фонологиялық элементтердің функцияларын талдағанда, фонетиканың да пайдасы бар, фонетика - тіл дыбыстарының физикалық-физиологиялық сипаттары туралы ілім, ал фонология тіл дыбыстарының функциялық, мағына ажыратқыштық жағымен шұғылданады деп санайды. Бұлардың пікірінше, фонемалардың сөз мағынасын түрлендіру, сөз өзгерту функциясы - фонологияның ең негізгі мәселесі. Прагалықтар әдеби тіл теориясы мәселесіне де көп назар аударды. Әдеби тіл нормасы, тілдік, поэтикалық стиль, сөйлеу мәдениеті мәселелерін зерттейді.

Прага мектебі тілдік элементтердің ара қатынасын зерттеуде, алдымен, сол қарым-қатынас көрсеткіштерінің /элементтердің/ өзіндік сипатына ерекше мән беру керек, қарым-қатынас пен сол қарым-қатынасқа түсетін материал мен формалар өзара байланысты болатындығын естен шығармау керек депді.

Прага мектебі синхрония мен диахрония арасында жақындаспайтын алшақтық, бітіспейтін қайшылық жоқ деп, екеуін бірлікте қарайды. Диахрондық зерттеу жүйесін бұзбайтыны, функцияны жоққа шығармайтыны былай тұрсын, қайта бұл екеуін /тілдік элементтердің жүйесі мен функциясын/ ескере отырмайынша, диахрония өз міндетін толық атқара алмайды, бұл синхрондық зерттеуге де қатысты. Егер синхрондық сипаттау тілдік эволюцияны, бір жүйені екінші жүйемен ауыстырып отыратынын ескермесе, өз міндетін жақсы атқара алмайды деп қарайды. Сөйтіп, бұл мәселеде функциялық мектеп Ф. де Соссюрге қосылмайды, мұнысы дұрыс та.

Прага структуралистері тіл - дүниетанудың құралы, ол мәдениетпен, көркем өнермен, әдебиетпен тығыз байланысты, тілді өзімен-өзі тұйықталып жатқан автономиялы дүние деп санау дұрыс емес, сондай-ақ тіл жүйесін бір қалыптан аумамайтын, өзгермейтін синхрондық қана жүйе деу де қате, жүйе де үнемі өзгеріп отырады дейді. Мұның өзі Прага мектебінің басқа структурализм мектептеріне қарағанда көп мәселені дұрыс шешкенін көрсетеді.

Прагалықтар өздеріне дейінгі, әсіресе жас грамматикалық бағыттың табыстарына ұқыпты қарады, өздерін оның мұрагеріміз деп есептеді. Бұлар өз зерттеулері арқылы ХХ ғасыр тіл біліміне елеулі үлес қосты. Прага мектебі беделді лингвистикалық бағыт ретінде елуінші жылдарға дейін өмір сүрді. Оның ықпалы қазіргі Чехия, Словакия және басқа да біраз елдер тіл білімінде күні бүгінге дейін елеулі.

Копенгаген структуралық мектебі. Бұл мектеп өкілдері өздерін компаративистикалық бағыттардан бөлектеу үшін гректің глосса деген сөзі негізінде глоссематиктер деп атады. Осы атау арқылы олар өздерінің тек тіл біліміне ғана тән мәселелермен айналысатын, тілдің ғылымдар аралық объектілеріне жуымайтан зерттеушілер екендітерін байқатқысы келді.

Глоссематикалық бағытын қалыптастырушы және оған дем беруші Дания тіл ғалымы профессор Лун Ельмслев/ 1899-1965/. Бұл мектептің теориялық негізін белгілеген алғашқы еңбек Ельмслевтің 1928 жылы жарияланған "Жалпы грамматиканың шешімдері" атты кітабы.

Глоссематиктер 1933 жылдан бастап Прага мектебімен бірлесе, тіл білімі жөніндегі еңбектер" атта журнал шығарып тұрған. Журнал структуралистердің халықаралық органы деп жарияланды. Осы журналдың бірінші санында жарияланған глоссематик Вигто Брендальдің "Структуралды лингвистика" деген мақаласы мен Ельмслевтің кейініректе жарияланған "Лингвистикадағы структуралық талдау әдісі", "Тіл теорияларының негіздері", "Тіл теориясына кіріспе" деген мақалаларында (бұлар орыс тіліне аударылған) глоссематиканың негізгі ұстанған бағыттары кең баяндалған.

Глоссематиктер алғашқыда Ф. де Соссюр тұжырымдарына сүйеніп, прагалықтармен пікірлес болғандарымен, кейін олар-дан біраз мәселеде жекеленді. Бұл мектептің негізгі принциптері мыналар:

- нақты тілдік фактілермен байланысы жоқ абстракт аксио-малық теория жасауды көздеу. Бірақ ондай теория жасай алған жоқ, жасау мүмкін де емес еді;

- лингвистикадағы маңызды мәселе - тілді таза қатынастардың торы, схемасы деп санау, сол қатынастардың сипаттарын айқындау деді;

- тілдің әр түрлі ғылымға ортақ объект болатын тарауларын лингвистикалық пән емес деп жариялап, оларды тіл білімінің қарауынан біржола шығарып тастауды ұсыну. Бұларша, фонетика лингвистиканың емес, физика, физиология ғылымдарының объектісі, семантикалогияға, философия ғылымдарының объектісі, т.б. Тіл дыбыстары тілдің материалдық жағы болса, семантика тілдің идеялық жағы. Бұл екеуінсіз тіл жоқ. Сондықтан глоссематиктердің бұл екі категорияны лингвистикалық пән емес деп жариялаулары - тілді материясы мен мазмұнынан айыру деген сөз;

- зерттеу жұмысынан салыстырмалы-тарихи әдіс дегенді бір-жолата аластау керек, тілдер туыстастығы деген ғылыми проблема емес, оның орнына тілдердің жалпы, универсалды грамматикасын жазумен шұғылдану керек деді /Бұл к. сыңар жақ пікір. Тіл білімі үшін структуралдық та, салыстырмалы-тарихи әдіс те қажет, әрқайсысының өз объектісі, алға қойған өзіндік мақсаты бар/;

- тілді объективтік өмірден, басқа ғылымдардан бөліп жекелеп қарау, /олар қай ғылымның болса да ғалымдар аралық саласы оның басқа салаларына қарағанда анағұрлым терең, анағұрлым жан-жақты шешілетінін ескермейді/;

- зерттеу ісінде индуктивтік, яғни жекеден жалпыға қарай зерттеу әдісін қолданбауды, дедуктивтік, яғни жалпыдан жалқыға қарай зерттеу әдісін ғана қолдануды ұсыну. /Көптеген ғалымдар қажетті жеріне қарай бұл зерттеу тәсілдерінің екеуі де қолданылуы керек деп санайды/;

- құрылымды дерексіз таза қарым-қатынастар схемасы, торы деп тусіну. (Структуралық мектеп деп аталғандарымен прагалықтар мен глоссематиктердің құрылым дегенді түсінулері бірдей емес, прагалықтар оны өзара байланыста, шартты қатынаста тұратын тұлғалардан құралған бірлік, тұтастық дейді. Бұл мәселе дұрыстық прагалықтарда);

- Ф.де Соссюрдің ізімен синхрондық зерттеуге шешуші мән беріп, оны тілдің жүйелік сипатын зерттеудегі бірден-бір тәсіл деп санау;

- Ф.де Соссюрдің ізімен сөйлеуді индивидуалдық деп санап, оны тілдік нормаға, **узусқа** қарсы қою. (Норма - материалдық форма, ал **узус** қоғам қабылдаған сөйлеу әдетінің, дағдысының жиынтығы. Тіл жеке құрылысы жағынан алғанда, фигуралар мен функциялардың жиынтығы. Фигуралар - таңба жасауға қажетті материалдар. Функцияға тілдік тұлғалардың байланысы жатады дейді).

## 12-тақырып Француз социолінгвистикасы

1. Француз әлеуметтік лингвистикасы
2. Социологиялық бағыт туралы түсінік
3. Француз әлеуметтік лингвистикасы

**Социологиялық мектеп .** Бұл мектеп тілдің қоғамдық сипатын, әлеуметтік мәні барлығын мойындаудан туған. Тілде әлеуметтік сипаттың барлығын, қайта өркендеу дәуірі мен ХҮІІІ-ХІХ ғасырдың бірсыпыра ойшылдары да басқа айтқан. Дегенмен , бұл мәселе ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейін жүйелі зерттелмеді. Тіл қоғаммен байланысты, тіл-қоғамдық құбылыс дегендердің тезис ретінде алынып, тіл білімінің күрделі бір проблемасы ретінде арнайы сөз болуы өткен ғасырдың екінші жартысынан басталады. Социологиялық зерттеу тіл біліміндегі натуралистік, индивидуалдық көзқарастарға қарсы бағытта туып қалыптасты.

ХІХ ғасырдың аяқ кезі мен ХХ баскезінде тілдің әлеуметтік сырын ашумен көбірек шұғылданғандар француз ғалымдары болды. Осы себептен тіл білімі тарихында тіл зерттеудегі социологиялық бағыттың отаны Франция деп санап, оны Франция социологиялық мектебі деп атаушылық бар. Ал социологиялық лингвистикадген термин 1952 жылдан бері қарай қолданылып жүр. Социологиялық бағыттың Франциядағы көрнекті өкілдері-Поль Лафарг (1842-1911), Ф.де Соссюр (1857-1913), А.Мейе (1866-1936), Ж.Вандриес (1875-1960),Э.Бенвенист (1902). Мектептің социологиялықдеп аталған себебі бұл бағыттағылар индивидуалистік, натуралистік бағыттағыларға қарама-қарсы тіл –қоғамдық , әлеуметтік құбылыс, ол тек адам қоғамыбар жерде ғана өмір сүре алады. Тілді дүниеге келтірген де, оны ілгері дамытатын да қоғамдасқан адамдар. Тіл әлеуметтік құбылыс болғандықтан, ол басқа әлеуметтік құбылыстармен байланысты қаралу керек деп санайды.

Социологиялық мектеп көтерген және шешкен проблемаларды байқау үшін, оның кейбір қайраткерлеріне өте қысқа болса да тоқтатылып өтейік .

Поль Лафарг. Ол өзінің 1894 жылы шыққан «Революцияға дейінгі және одан кейінгі француз тілі» деп аталатын еңбегінде қоғам мүшелерінің әлеуметтік, таптық жіктерінің тілге, әсіресе оның лексикасына қандай әсер ететіндігі терең де жан –жақты зерттелген. Француз тілінің ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы даму сипаттарын, жеке сөздер мағынасында болған құбылыстарды зерттеп отырып, Лафарг ұғымының, әдеби тіл нормасының көп жағдайда қоғамдық қатынастарға тәуелді болатындығындәлелдейді. Ол –тілді өзінің әлеуметтік ортасынан бөліп алуға болмайды деп есептейді.

**Фердинант де Соссюр Швейцар**тіл ғалымы, Париж, кейін Женева университеттерінің профессоры. Жоғары білімді Лейпциг университетінен алған. Ф. Де Соссюрді, әдетте , тіл біліміндегі социологиялық мектептің негізгі салушы деп санайды. Бірақ оның ғылыми мұраларын бір ғана ағым, бір ғана мектеп я көзқарас шеңберінде қарауға болмайды. Оның теориялық өрісі өте кең, жан–жақты. Ол өзінің еңбектері арқылы тіл ғылымының дамуының жаңа дәуірін ашқан, қазіргі заман тіл білімі дамуының ең басты проблемаларын айқындап, оған бағыт-бағдар сілтеген, жан-жақты ойланған біртұтас жүйелі лингвистикалық концепцияжасаған адам. Ғылымның көптеген теориялық тұжырымдары бірсыпыра елдердегі лингвистикалық ой-пікірлер дамуына күні бүгінге дейін күшті әсерін тигізуде. Ф.Де Соссюрдің тіл біліміне қосқан үлесін, көтерген проблемалары мен өзіндік концепцияларын танытатын еңбегі «Жалпы лингвистикалық курс» деген кітабы. Бұл еңбек Ф. Де Соссюр қайтыс болғаннан кейін 1916жылы басылып шықты.

Тілдің әлеуметтік табиғатына алғаш көңіл аударған ХІХ ғасырда П. Лафарг, А. Мейе, А. Соммерфельт т.б. болды. ХХ ғасырда бұл мәселені КСРО-да зерттеген Л. П. Поливанов, В. В. Виноградов, Б. А. Ларин және т.б. ғалымдар. Социологиялық бағыттың Франциядағы көрнекті өкілдері – Поль Лафарг (1842-1911), Ф. Де Соссюр (1857-1913),

А.Мейе (1866-1936), Ж.Вандриес (1875-1960), Э.Бенвенист (1902). **Француз социоллингвистикасы.** А. Мейе еңбектеріндегі тілдің әлеуметтік құбылыс ретінде анықталуы. А. Мейенің салыстырмалы-тарихи тіл біліміне қосқан үлесі. Салыстырмалы-тарихы әдісті негіздеуі. Ататіл ұғымы. А. Мейенің тілдердің араласуы туралы көзқарастары.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Социологиялық бағыт туралы түсінік беріңіз
2. Француз әлеуметтік лингвистикасының өкілдері кімдер?

**Ұсынылатын әдебиеттер:**

- 1.Ковчиков. В.А. Психоллингвистика.Теория речевой деятельности. М: Астрель,2007.-318с.
2. Попова З.Д.Общее языкознание. -М:АСТ:Восток-Запад,2007.-408с.
3. Копыленко М.М. Избранные труды в 2-томах. А:Ин-т языкознания им. А.Байтурсынова.2010.,2010.-443с.
4. Норман Б.Ю.Лингвистические задачи. –М: Флинта-Наука.2009.-271с.

## 13-тақырып Америкалық этнолингвистика

Жоспар:

1. Дескриптік мектептің қалыптасуы
2. Металингвистиканың зерттеу нысаны
3. Америкалық этнолингвистиканың қалыптасуы

Дескриптивтік мектеп 20 ғасырдың 20-жылдарында Америкада қалыптасқан. Мектепті қалыптастырушылар АҚШ тіл білімінің классиктері профессорлар Эдуард Сепир (1884-1939), Леонард Блумфилд (1887-1949). Бұл структурализмді қалыптастыруда екеуінің атқарған рөлі мен ұстанған принциптері бір емес. Сондықтан бұл екеуі қазіргі АҚШ тіл біліміндегі – этнографиялық, структуралық деп аталатын екі мектептің дем берушілері болып саналады.

Дескриптивистер тіл – ішкі, сыртқы байланыстары бар сигналдар жүйесі дейді де, тіл білімін металингвистика, микролингвистика деп екі салаға бөледі. Америка структурализмі дескриптивтік мектеп немесе дескриптивтік әдіс деп аталады. Бұл әдіс бойынша тілдің белгілі бір дәуірдегі күйі, статикалық қалпы эмпирикалық тәсіл бойынша сипатталады, ондағы өзгеріс-құбылыстар, даму, тарихы дегендер ескерілмейді. Дескриптивтік мектеп-тілдік текстерді талдаудың әдіс-тәсілдерін қалыптастыру, жетілдіру, лингвистикалық терминдерді айқындау мәселелеріне ерекше мән береді. Америка структуралистеріне бірден-бір материал болған және сол әдісті дүниеге келуіне себепші болған индеецтер тілдерін ең алғаш зерттеген адам – Американың көрнекті тіл ғалымы белгілі антрополог Франц Боас (1858-1942). Л. Блумфилд өз зерттеулерінде бихевиоризмдік психологияның концепцияларын басшылыққа алды. Бұларша, психология тек мінез-құлықты ғана зерттеу керек, ал мінез-құлық дегеніміз-организмнің сыртқы реакциясының жиынтығы, реакция қоршаған орта туғызатын стимулдар арқылы механистік жолмен пайда болады.

Дескриптивистер тіл – ішкі, сыртқы байланыстары бар сигналдар жүйесі дейді де, тіл білімін металингвистика, микролингвистика деп екі салаға бөледі. Металингвистика сөздік мінез-құлықтың сыртқы жағын зерттейді. Ол этнолингвистика, психолінгвистика, социолінгвистика, менталингвистика, фонетика, паралингвистика, деп аталатын салаларды қамтиды. Микролингвистика сөздік сигналдарды сипаттайды, бірақ оны сипаттағанда металингвистикалық жайттарға, яғни сыртқы өмірмен байланысқа, тарих мәселелеріне, тілдің семантикалық жағына көңіл аудармайды, оның материалдық жағын ғана зерттейді.

Этнографиялық лингвистика. Лингвистика тарихында тіл мәселелерін сол тілді қолданушы қауымның мәдени өмірімен, салт-сана, әдет-ғұрпымен байланыстыра зерттеушілік те болды. Бұл жөніндегі алғашқы пікір 18 ғасырдың соңғы жартысында өмір сүрген неміс жазушысы және әдебиетшісі Иоганн Бердердің (1744-1803) поэзияға байланысты зерттеулерінде, одан кейінгі кезде Гумбольдт еңбектерінде кездеседі. Бірақ тіл мәселелерін мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санамен байланыстыра зерттеуге ерекше көңіл бөлу, оны тіл білімінің күрделі проблемасы ретінде қарау 20 ғасырдың 20-30-жылдарында белең алды. Қазіргі тіл білімінде осы негізде туып қалыптасқан екі бағыт бар: оның бірі – Америкада, екіншісі – Германияда. **Америка этнолингвистикасы.** Ф. Боас және оның американдық үндістердің тілі туралы зерттеулері. Америка бихевиоризмі: Л. Блумфилд, Л. Блумфилдтің постулаттар қағидасы. Адамның тілі және мінез құлқы (стимулдар және реакциялар). Сепирдің модель теориясы. Америкадағы этнолингвистика (антропологиялық лингвистика) және оның өкілдері: Ф. Боас, Э. Сепир, С. Лэм, Б. Уорф. Тіл және әлем көрінісі. Тіл мен мәдениеттің байланысы.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Микролингвистиканың зерттеу нысанына не жатады?
2. Дескриптік мектеп қалай қалыптасты?

**Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Ковчиков. В.А. Психоллингвистика. Теория речевой деятельности. М: Астрель, 2007.- 318с.
2. Попова З.Д. Общее языкознание. -М: АСТ: Восток-Запад, 2007.-408с.
3. Копыленко М.М. Избранные труды в 2-томах. А: Ин-т языкознания им. А.Байтурсынова. 2010., 2010.-443с.
4. Норман Б.Ю. Лингвистические задачи. –М: Флинта-Наука. 2009.-271с.

## **14-тақырып**

### **Структурализмнің негізгі бағыттары**

#### **Жоспар:**

1. Структуралық тіл біліміне сипаттама
2. Структуралық тіл білімінің негізін салушылар

20 ғасырдың алғашқы жартысында дүниеге келген тілдік мектептердің ең көрнекті және кең тарағандарының бірі – структуралық тіл білімі деп аталатын бағыт. Бұл мектеп салыстырмалы – тарихи тіл біліміне, оның бір бұтағы жас грамматикалық мектепте қарсы бағытта туып қалыптасты.

Структуралық тіл білімінің немесе структуралық әдістің дүниеге келуінің ішкі – сыртқы себептері бар. Ең негізгісі 20 ғасыр ғылымы дамуында пайда болған жаңа бағыт. 19 ғасыр ғылымының негізгі сипаты тәжірибе арқылы бақылаудан туған фактілерді есепке алу, сипаттау болса, 20 ғасыр ғылымы олардың өзіндік мәнін, ішкі заңдылықтарын, зерттеліп отырған нысанның құрылым ерекшелігін, оны құрайтын элементтердің арақатынасын, бір – бірімен байланысын, бір – біріне тигізетін әсерлерін ашуға тырысады.

Структуралдық бағыттың көпшілікке танылған үш мектебі болды: Прага (Чехословакияда), Копенгаген (Данияда) мектептері және дескриптивтік мектеп (Америкада). Кейін келе бұл бағыт басқа елдерге де тарады.

Прага мектебі. Бұл мектеп өзіндік бағыты бар лингвистикалық үйірме ретінде 1926 жылы қалыптасқан. Оны қалыптастырушы чех ғалымы профессор В. Матезиус (1882-1945). Үйірме құрамында Б. Гавранек, Б. Трнка, В. Скаличка, орыс эмигранттары С. Карцевский, Р. Якобсон, Н. Трубецкой, т.б. болған.

Тілдік элементтердің қызметін бірінші орынға қоятындықтарына қарап, бұл мектепті Прагалық функционалды лингвистика деп те атайды.

Функционалды лингвистика өкілдерінің әрқайсысы әр түрлі проблемамен айналысты.

Копенгаген структуралық мектебі. Бұл мектеп өкілдері өздерін компаративистикалық бағыттығылардан бөлектеу үшін гректің глосса деген сөзі негізінде глоссематиктер деп атады. Глоссемантикалық бағытты қалыптастырушы және оған дем беруші Дания тіл ғалымы профессор Луи Ельмслев (1899-1965). Бұл мектептің теориялық негізін белгілеген алғашқы еңбек – Ельмслевтің 1928 жылы жарияланған «Жалпы грамматиканың негіздері» атты кітабы. Глоссематиктер 1933 жылдан бастап Прага мектебімен бірлесіп, «Тіл білімі жөніндегі еңбектер» атты журнал шығарып тұрған. Журнал структуралистердің халықаралық органы деп жарияланды.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. XX ғасыр тіл біліміндегі бағыттар мен мектептерінің өкілдері кімдер?
2. Структуралық тіл білімінің негізін салушылар кімдер?

#### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Ковчиков. В.А. Психоллингвистика. Теория речевой деятельности. М: Астрель, 2007. - 318с.
2. Попова З.Д. Общее языкознание. -М: АСТ: Восток-Запад, 2007. -408с.
3. Копыленко М.М. Избранные труды в 2-томах. А: Ин-т языкознания им. А. Байтурсынова. 2010., 2010. -443с.
4. Норман Б.Ю. Лингвистические задачи. -М: Флинта-Наука. 2009. -271с.

## 15-тақырып

Лингвистикалық талдау тәсілдері. Жоғарыда ескертілгендей, сипаттама әдістың болсын, құрылымдық әдістың болсын алға қоятын мақсаты — тілдің белгілі бір дәуірдегі жүйелік құрылымын синхрондық күйде сипаттап шығу. Ал онысипаттау — тілдік тұлғаларды бөлуге олардың өзіндік ерекшеліктерін, қызметтерін дистрибуцияларын айқындауға байланысты.

Тілдік тұлғаларды сипаттау, талдау үш кезеңге бөлінеді: Бірінші кезеңде текстен номинативтік, коммуникативтік тұлғалар бөлініп алынады. Екінші кезеңде ажыратылып алынған номинативтік және коммуникативтік тұлғалар әрі қарай құрылымдық бөлшектерге, яғни сөз — морфемаға, сөйлем — сөз тіркестері мен сөйлем мүшелеріне жіктеледі. Ал үшінші кезеңде алдыңғы екі кезеңде бөліп алынған номинативтік, коммуникативтік және құрылымдық тұлғалар талданып түсіндіріледі.

Құрылымдық түсінік, негізінде, категориялық және дискреттік талдау арқылы беріледі. Категориялық талдау арқылы айқындалған элементтер әр түрлі жақындықтарына қарай әр түрлі парадигмалық топтарға жіктеледі. Ал дискреттік (латын сөзі — «бөлшектік») талдауда құрылымдық элементтер әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең ұсақ элементтерге дейін жіктеледі.

Лингвистикалық талдаудың жоғарыда аталған үш кезеңнің алдыңғы екеуіндегісі *компоненттік* талдау деп аталады. Мұнда сөз — морфемдік, сөйлем — мүшелік бөлшектерге талданады. Компоненттік талдау, сонымен бірге, сөз мағынасын түсіндіруде де қолданылады. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *адам* деген сөздің лексикалық мағынасы былай айқындалған: «Ойлау және сөйлеу қабілеті бар, өмірге қажетті өндіріс құралдарын өндіре алатын және ол құралды қоғамдық еңбек процесіне пайдалана алатын жан иесі, кісі». Бұл анықтамада «адам» деген сөздің лексикалық мағынасының алты түрлі белгісі аталған. Олар: 1) ойлау, 2) сөйлеу, 3) құрал өндіру, 4) құралды пайдалана білу, 5) жан иесі, және 6) кісі. Бұлардың әрқайсысы — сөздің лексикалық мағынасының жеке компоненттері. Осы компоненттердің бірігуі арқасында сөз мағынасы жан-жақты айқындалады. Компоненттік талдау дегеннің мәні де осында.

Бірақ көптеген сөздердің, басқа да тілдік тұлғалардың мағынасын айқындауда компоненттік талдаудың жетімсіз болатыны, контекстік талдауды қажет ететіні болады. Контекст деп тілдік тұлғаның орналасқан ортасын айтады. Лексикалық, грамматикалық омонимдердің, полисемиялы сөздердің мағыналарын айқындауда контексті пайдалану шешуші роль атқарады (Күннің көзі, терезенің көзі, бұлақтың көзі, малды суар, малды ауыл, қолын малды).

Кейбір әдебиеттерде контекстік талдау *дистрибутивтік*, әдісика деп те аталады. Бірақ бұлай атау орынсыз, өйткені контекстік талдау мен дистрибутивтік талдау бір емес: алдыңғы, негізінде, тілдік тұлғалардың мағыналарын айқындауды көздейді, ал соңғы кез келген тілдік элементтің орналасу тәртібін, қандай элементтер арасында, қасында келе алатынын, олардың қызметін айқындауды көздейді, сондықтан ол синтагмалық тіркесудің барлық түрінде, фонема үшін фонема тіркестерін, морфема үшін морфема тіркестерін контекст ретінде қолдана береді.

1. **Математикалық әдіс.** Кейінгі жылдарда физика, химия, математика ғылымдарының тез қарқынмен дамуы нәтижесінде техниканың ролі мейлінше артты. Ол өмірдің бар саласына да кең тарала бастады. Күрделі есептер шығаратын, бір тілден екінші тілге аударатын электрондық машиналар жасалып шығарылды. Содан барып математикада қолданылатын әдісті басқа ғылымдарда, солардың ішінде тіл білімінде де қолдануға болмас па екен деген сұрақ туды. Оған себепші боларлық кейбір жайттың тілде барлығы даусыз. Мысалы, тілдің құрылымында оның элементтерінің сандық шамасының да атқаратын ролі аз емес. Онда белгілі бір элемент, форма көп болса, екінші біреулері сан жағынан одан әлдеқайда аз болады. Бірі өнімді, актив қызмет атқарса, екінші біреулері өнімсіз, пассив болады, өте сирек қолданылады.

Бұларды айқындау, есепке алу — ғылым үшін қажет нәрсе. Өйткені тіл білімі үшін тілдік элементтердің сапалық сипаты қандай мәнді болса, сандық сипаты да сондай мәнді.

Математикалық әдіс тілді күрделі есептер шығаратын, немесе тексті бір тілден екінші тілге аударатын электрондық машинамен қалай жақындастыруға болады дегенді зерттейді. Кейбір ғалымдар математикалық әдістің бұл міндетін автоматтық анализ әдісі деп бөліп қарайды.

Математикалық модельдер үлгісін тілге де қолдану, тіл білімін де автоматтандыру талабы хабар, информация теориясы негізінде, соның қасиетінен туып, соңғы жылдары өте тез қарқынмен дамып келе жатқан кибернетика ғылымының әсерінен пайда болды. Бұл совет тіл біліміне 50-жылдардың екінші жартысынан бастап ене бастады. Содан бергі уақыт ішінде ағылшын, француз тілдерінен орыс тіліне электрон машинасы арқылы аударуға бірнеше әрекет жасалды.

Математикалық әдісті тіл білімінде қолдануға бола ма деген мәселенің басы әлі ашыла қойған жоқ елеулі қиындықтарына қарамастан, математикалық әдісын егер дұрыс қолдана білсе, тіл біліміне едәуір септігін типзері даусыз.

2. **Салыстырмалы әдіс.** Фактілерді бір-бірімен салыстыра тексеру — ғылыми зерттеу атаулының бәріне де қажетті тәсіл. Сондықтан бұл әдіс барлық ғылымдарға тән, ортақ тәсіл деп есептеледі. Салыстыру тек ғылыми зерттеуде ғана емес, әр түрлі тілдерді үйрену, оқыту істерінде, салыстырмалы сөздіктер жасауда да кең қолданылады. Салыстыру арқылы салыстырылып отырған объектінің өзіндік ерекшеліктері, басқаларға ұқсастық және одан өзгешелік жақтары айқындалады. Салыстырудың жолдары, одан шығатын қорытынды, көзделер түпкі мақсат — әр ғылымда әр басқа болуы мүмкін. Сондай өзгешелік лингвистикада қолданылатын салыстырмалы әдіста да бар. Басқа ғылымдарда қолданылатын салыстырулардан өзгешелігін айтпаған күнде де бұл әдістің бір тіл білімінде қолданылуының өзінде де әр түрлілік аз емес. Ондай түрлілік салыстырылатын фактілердің ерекшеліктерінен, салыстырудан күтілетін нәтижелерден, көзделетін түпкі мақсаттан туады. Салыстырылатын фактілер әр түрлі тілдерден алынуы да бір тілдің өз фактілері болуы да мүмкін. Сондай-ақ салыстырылатын әр түрлі тілдер өзара туыстас, төркіндес тілдер болуы да, бір-бірімен ондай жақындықтары жоқ тілдер болуы да мүмкін. Салыстырылатын фактілердің осындай өзгешеліктеріне қарай салыстырмалы әдіс тіл білімінде *салыстырмалы-тарихи* әдіс, *тарихи-салыстырмалы* әдіс, *салғастырмалы* әдіс делініп үш түрге бөлінеді.

3. **Тарихи-салыстырмалы әдіс.** Кейбір әдебиеттерде зерттеудің бұл түрін тарихи әдіс деп те атайды. Бұлай аталатыны: бұл тәсіл тілдік фактілердің тарихын айқындау үшін қолданылады. Оны айқындауда, зерттеліп отырған тілдің әр дәуірдегі фактілерін бір-бірімен салыстыра зерттеу әдісі қолданылады, яғни фактілер тарихы салыстыру арқылы ашылады. Сондықтан біраз әдебиеттерде тарихи деп атауға салыстырмалы деген сөзді қосарлап, тарихи-салыстармалы әдіс деп атайды.

Мұндағы салыстырудың салыстырмалы-тарихи методтан ең негізгі ерекшелігі — алдыңғыда туыстас бірнеше тілдер фактілері салыстырылса, соңғыда бір тілдің фактілері де бір-бірімен салыстырылады.

Тарихи-салыстырмалы әдіс тілдің өзгеру, даму жолдарын, ол өзгерістердің заңдылықтарын және оған түрткі болған ішкі-сыртқы себептерді зерттеу үшін қолданылады. Бұл метод тілді дамып, өзгеріп отыратын тарихи құбылыс деп танудың, сөйтіп, оның тарихын зерттеуге мән берудің нәтижесінде XIX ғасырда пайда болды.

Тарихи-салыстырмалы әдісті қолдана отырып, тіл тарихын зерттегенде, тілдің құрылымының әр қабаты-фонетикасы, морфологиясы, синтаксисі т.б. жеке-жеке зерттелуі

мүмкін. Соған қарай тіл білімі тарихи фонетика, тарихи морфология, тарихи синтаксис немесе тарихи грамматика деп бөлшектеніп те аталады.

Тілдік құбылыстардың көпшілігі, әдетте, қоғам дамуымен, қоғамның рухани өмірінің дамуымен тығыз байланысты. Сондықтан тіл тарихын зерттеуші ғалым сол тілдің иесі болып табылатын қауым тарихын ескерусіз қалдыра алмайды. Оның үстіне, тілдің әрбір тарихи дәуірдегі күйін білдіретін жазба нұсқа да бола бермейді. Мұндай жағдайда тілдің өткен кезеңдерінен сақталған белгілі фактілерді бір-бірімен салыстар отырып, белгісіз кезеңдердегі тілдік жүйенің, тілдік элементтердің сипаты туралы ғылыми болжамдар жасауға да тура келеді. Бұл ретте археология, этнография, тарих ғылымдары ашқан фактілердің тигізетін пайдасы да аз болмайды. Осыған байланысты тіл тарихшысы бұл ғылымдардан да хабардар болуы шарт.

Тіл фактілерін тарихи тұрғыдан алып зерттеу, білу ғылым үшін де, практикалық іс үшін де керек. Өйткені, қандай құбылыстың, фактінің болса да өткенін, тарихи даму жолдарын білмей тұрып, оның қазіргі күйін, сырын жете білу мүмкін емес.

## 16-Тақырып

### Дескриптивтік лингвистика (америка структурализмі)

Дескриптивті мектеп үстіміздегі ғасырдың 20-жылдарында Америкада қалыптасқан. Мектепті қалыптастырушылар және АҚШ тіл білімінің классиктері профессорлар Эдуард Сепир (1884-1939), Леонард Блумфилд (1887-1949). Бірақ структурализмді қалыптастыруда екеуінің атқарған ролі мен ұстанған принциптері бір емес, сондықтан бұл екеуі қазіргі АҚШ тіл біліміндегі - этнографиялық, структуралық деп аталатын екі мектептің дем берушілері болып саналады.

Америка структурализмі дескриптивтік мектеп немесе дес-криптивтік әдіс деп те аталады. Бұл әдіс бойынша тілдің белгілі бір дәуірдегі күйі, статикалық қалпы эмпирикалық тәсіл бойынша сипатталады, ондағы өзгеріс-құбылыстар, даму, тарих дегендер ескерілмейді.

Дескриптивтік мектеп - тілдік текстерді талдаудың әдіс-тәсілдерін қалыптастыру, жетілдіру, лингвистикалық терминдерді айқындау мәселелерге ерекше мән береді.

Дескриптивтік мектеп ол баста таза практикалық мақсаттан туған. Американың байырғы тұрғындары индеецтер тілдерін зерттеуге салыстырмалы-тарихи әдіс жарамады. Бұл тілдердің қазіргі статикалық күйін түсіну үшін зерттеудің жаңа әдіснамасын табу қажет болды. Ізденіс нәтижесінде структуралық әдістің тиімділігі айқындалды.

Дескриптивтік мектептің жұмыс әдісі мен принциптері салыстырмалы принципке сай келгенімен, көп мәселеде Ф. де Соссюр мен Копенгаген структуралистерінің концепцияларын басшылыққа алғандарымен, оның өзіндік ұстанған жолы, бағаты бар. Структурализмнің басқа мектептеріне қарағанда оның қалыптасқан, тұрақты зерттеу жүйесі бар. Кейбір ғалымдар дескриптивтік тіл білімін тілдің құрылымын сипаттаудың ең айқын тәсілін қалыптастырған мектеп деп санайды.

Америка структуралистерше бірден-бір материал болған және сол әдістің дүниеге келуіне себепші болған индеецтер тілдерін ең алғаш зерттеген адам - Американың көрнекті тіл ғалымы белгілі антрополог Франд Боас (1858-1942).

Л.Блумфилд өз зерттеулерінде бихевизмдік (мінез-құлық) психологияның концепцияларын басшылыққа алды. Бұларша, психология тек мінез-құлықты ғана зерттеу керек, ал мінез-құлық дегеніміз - организмнің сыртқы реакциясының жиынтығы, реакция қоршаған орта туғызатын стимулдар арқылы механистік жолмен пайда болады.

Л.Блумфилд те өз ілімін механистік теория деп атады. Бихевиоризмнің механистік концепциясын сол күйінде сөйлеу процесін түсіндіруге белгілі бір жағдайға байланысты туатын реакциясы деп есептейді.

Сөйлеу процесі бірнеше стимулдар мен реакцияларға бөлшектенеді, тіл арқылы қатынас жасау дегеніміз - стимулдар мен реакциялардың, әсер мен салдар туғызған себептердің жиынтығы деп түсіндіреді.

Сөйлеудің ойлаумен, ұғыммен байланыстылығы ескерілмейді. Тіл қызметінде жеке индивидумның мінез-құлқына, адам организмнің құбылыстарына, организмге сырттан болатын әр түрлі әсерлерге, түрткіге шешуші мән береді. Тілдің коммуникативтік қызметін мойындағанымен, оның іске асуын механистік жолмен түсіндіреді. Ал тілдің ойды қалыптастыру қызметін тіпті сөз етпейді.

Бұл тәріздес елеулі кемшіліктеріне қарамастан, Л.Блумфилд негізінен тілдердің қай-қайсысына болса да қолдануға жарайтын, тіл білімінің дамуына белгілі ықпалы болған жаңа әдісті қалыптастырып, сындарлы жүйеге келтірді. Ол тілді формальды сипаттаудың қажеттігін дәлелдеп негіздеді. Л.Блумфилдті әдетте, дескриптивтік, кейде Йель мектебі деп аталатын лингвистикалық бағыттың негізін қалаушы деп санайды. Оның ілімін З.Харрис, Б.Блок, Ч.Хоккет, Дж.Л.Трейджер т.б. шәкірттері басшылыққа алып отырды.

Дескриптивтік әдіс өз дамуының жоғары сатысына 40-50 жылдары көтерілді. Л.Блумфилдтің көрнекті шәкірттерінің бірі З.Харрис 1951 жылы "Структуралық лингвистиканың әдістері" деген монография жазды. Бұл еңбек Америка структуралистер зерттеулерінің жинақталған қорытындысы іспеттес. Онда дескриптивтік әдістің ең түйінді, өзекті мәселелері жан-жақты талданған.

Америка структуралистері өздерінің алдына жалпы тіл білімі теориясын дамыту міндетін емес, тілдік элементтерді оңай және тез табу, оларды есепке алып, қандай контексте қолданылатынын айқындау міндеттерін қойды.

Дескриптивистер тіл - ішкі, сыртқы байланыстары бар сигналдар жүйесі дейді де, тіл білімін металингвистика, микролингвистика деп екі салаға бөледі.

Мегалингвистика сөздік мінез-құлықтың сыртқы жағын зерттейді. Ол этнолингвистика, психолінгвистика, социолінгвистика, мевталингвистика, фонетика, паралингвистика /интонация, ымдау-нұсқау сияқтыларды зерттейді/ деп аталатын салаларды қамтиды.

Микролингвистика сөздік сигналдарды сипаттайды, бірақ оны сипаттағанда металингвистикалық жайттарға, яғни сыртқы өмірмен байланысқа, тарих мәселелеріне, тілдің семантикалық жағына көңіл аудармайды, оның материалдық жағын ғана зерттейді.

Америка структуралистері зерттеудің негізгі әдістемесі ретінде дистрибуцияны алады (бөлу, жіктеу мәнінде). Тіл білімінде дистрибуция дегеннен белгілі бір тілдік элементтің сөйлеу процесінде қолданылатын орны, контексті деген мағына түсініледі. Мысалы, фонема үшін контекст оның алды-артында келетін фонемалар болса, морфема үшін контекст оның айналасында келетін, яғни оны қоршап тұрған морфемалар болады.

Дескриптивтік талдаудың объектісі - сөйлеу тілі, сөйлеу процесіндегі тілдік материалдар. Ал көзделетін түпкі мақсат – сол ауыз екі материалдарды талдау арқылы тілдің құрылымдық сипатын айқындау. Бұл мақсатқа жету үшін әр қабаттың элементтері жеке-жеке айқындалып, есепке алыну керек, екіншіден, ол элементтердің дистрибуцияларын айқындау керек. Бұл әрекеттердің әрқайсысы екі реттен қайталанады: бірінші - фонемалық элементтерді бөліп, олардың дистрибуциясын ашу; екінші - морфологиялық элементтерді есепке алып, олардың дистрибуциясын айқындау.

Дескриптивистер әр қабаттың өзіне тән ең кіші элементтері болады: фонологиялық қабатқа фонема, морфологиялық қабатқа морфема тән т.б. Фонема фонологияның, морфема морфологияның объектісі, фонологиядан фонемалардың қатынасын зерттейтін фонотактика, морфологиядан морфемалар қатынасын зерттейтін морфотактика дейтін пәндер бөлінеді, ал фонология мен морфологияға бірдей тән пән морфонология болу керек, мұның міндеті - морфемалардың фонемалар арқылы көріну жолдарын, ондағы заңдылықты зерттеу дейді.

Америка структуралистері глоссематиктер ізімен тілдік элементтердің конкретті мағыналары мен дыбыстық құрамдары тіл құрылымына жатпайды, сондықтан олар тіл біліміне объект бола алмайды дейді. Бұл - қате тұжырым, тіл дыбыстарының тіл ғалымдарын қызықтыратын бір ғана жағы бар, ол - дыбыстардың фонемалық қасиеті, бұл - тіл дыбыстарының ең негізгі, бірден-бір өзіндік сипаты, грамматика мен лексиканың да назарын аударатын жағы - олардың бір-біріне байланыссыз алынған мағыналары мен акустикалық жақтары емес, форма мен форманың, сөз бен сөздің қатынасы, дифференциациялық мәндері дейді. Сөйтіп, бұлардың үшін тіл ғылымының ең өзекті мәселелері фонология мен морфология. Бірақ фонеманы оның дыбыстық материясынан бөліп алып, оған қарсы қояды. Фонема - лингвистиктердің интеллектуалдық шығармашылығы, структуралдық нүкте ғана дейді. Бұлардың идеализмі де осында. Дескриптивистер семантика мен фонетиканы тіл білімінің құрамынан шығарып, алдыңғыны логика мен психология, соңғыны физика мен физиология ғылымдарының объектісі етуді ұсынады. Бұл - қате тұжырым.

Шынында, қоғамдық өмірдегі болсын, табиғаттағы болсын әрбір құбылыс бір-бірімен әр түрлі байланыста, шартты қатынаста тұрады. Сондықтан тілдің жүйелік, құрылымдық сипаттарын зерттеу орынды, әрі оның біліміне берері де көп. Бірақ кейбір ғалымдар, әсіресе Копенгаген структуралық мектебі мен Америкадағы дескриптивтік лингвистика өкілдері тілдік жүйе, жүйе элементтерінің байланысы дегендерге шектен тыс мән береді. Олар жүйе элементтерінің өздерін, олардың мағыналы жақтарын ескермей, оларды зерттеуді қажетсіз санап, тілдік материалдардан, мағынадан бөліп алынған әлдеқандай таза байланыс, таза қарым-қатынас дегенді дәріптейді. Сөйтіп, бірінші орынға тілдік элементтердің

қатынасын, байланысын қояды: Ал, дұрысында, жалпы материя сияқты тілдік материалдар да алғашқы, бастапқы, ал олардың бір-бірімен қатынасының соңғы, екінші екені дау туғызбайтын мәселе.

Сонымен, айқындалғандардан шығатын қорытынды: XIX ғасыр тіл біліміндегі әр түрлі ағымдардың, көзқарастардың басын біріктірген, бәріне ортақ нәрсе - өз зерттеулерінде салыстырмалы-тарихи әдіске сүйенуі соны басшылыққа алуы, бүкіл тіл білімін сол әдістің атымен салыстырмалы-тарихи тіл білімі деп атауы болса, структурализмнің әр түрлі тармақтарының басын біріктіретін бәріне ортақ нәрсе - өздерінің зерттеулерінде структуралық әдісті қолданып, бүкіл тіл білімін сол әдістің атымен структуралық тіл білімі деп атаулары.

Зерттеу әдістерінің қай-қайсысы болса да мәңгілік емес, ғылымның дамуына байланысты өзгеріп, көнесін жаңасы ауыстырып отырады, бірақ ғылым қала берді. Сондықтан әдістің атын ғылымның атына айналдыру дұрыс болмайды.

Жаңа структуралды бағыттың тууымен одан бұрын қалыптасқан және қолданылып келген лингвистикалық әдістер, тәсілдер, мектептер жойылып кеткен жоқ, жойылмайды да. Олардың барлығы да структуралық бағытпен қатарласа дамып келеді Сондай-ақ, өткен ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде дүниеге келген социологиялық, психологиялық, логикалық, ареалдық бағыттар да өз мәндерін жойғызуы былай тұрсын. Қайта жаңа жағдайға жаңа талапқа сәйкестеле дамып отыр. Өйткені бұлардың қай-қайсылары болса да тіл білімі үшін маңызды мәселелер.

Тақырып-17

Франция функционалдық мектебі

1. А. Мартине. Лингвистикалық структурализм мен функционализмнің жетістіктері және кемшіліктеріне сын.

## Тақырып-18: Лондон лингвистикалық мектебі

### Жоспар:

1. Лондон лингвистикалық мектебі туралы
2. Лондон мектебі — структуралық тіл білімі бағыттарының бірі.

Лондон мектебі — структуралық тіл білімі бағыттарының бірі. 20 ғ. 40 жылдарында қалыптасқан - негізін салған Дж. Р. Фёрс және оның төңірегіндегілер—У. Аллен, М. А. К. Халлидей, Р. Х. Робине, У. Хаас, Ф. Р. Палмер т. б. Лондон мектебі нақты тілдердің өзіне тән ерекшеліктерін түсіндіруге арналған жалпы теория құруға, соған сай оларды зерттеудің құрылымдық-функционалдық әдістерін жасауға тырысты. Лондон мектебінің жалпы тілдік ұстанымының қалыптасуына Э. Дюркгейм мен Ф. де Соссюрдің кейбір идеялары және бихевиоризмнің қағидалары ықпал етті. Лондон мектебі үшін тіл білімінің міндеті — тілдік құбылыстарды зерттеудің техникалық тәсілдерін жасау болып табылады. Оның өкілдерінің пікірінше, тіл білімі басқа ғылымдардың (психология, әлеуметтану т. б.) деректеріне сүйенбей-ақ дамитын жеке сала. "Тіл" ұғымын негізгі үш мағынада қолдануға болады: адам табиғатындағы ішкі ынталылықты оятатын табиғи сый; дәстүрлі жүйе немесе дағды негізінде қалыптасқан құбылыс; сансыз индивидуалдық пікірлер мен тілдік әрекеттер түрінде. Лондон мектебінің нақты зерттеулері мынадай мәселелерге қатысты: тілдің қоғамдағы орны мен қызметі; тіл және мәдениет; тілдің мәні және оның анықтамасы; тіл дамуын қозғаушы күштер; тілдің құрылысы; тіл деңгейлері мен тіл бірліктерін ажырату; тілдік категориялардың белгілері және оларды анықтаудың шарттары т. б. Лондон мектебінің зерттеулері әлеуметтік тіл білімінің, функционалды грамматиканың, контекстуалды грамматика мен мәтіндік тіл білімінің қалыптасуында белгілі орын алады.

### Бақылау сұрақтары:

1. Лондон лингвистикалық мектебінің өкілдері кімдер?
2. Лондон лингвистикалық мектебінің негізін салушылар кімдер?

### Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Ковчиков. В.А. Психоллингвистика. Теория речевой деятельности. М: Астрель, 2007.- 318с.
2. Попова З.Д. Общее языкознание. -М: АСТ: Восток-Запад, 2007.-408с.
3. Копыленко М.М. Избранные труды в 2-томах. А: Ин-т языкознания им. А. Байтурсынова. 2010., 2010.-443с.
4. Норман Б.Ю. Лингвистические задачи. -М: Флинта-Наука. 2009.-271с.

## **Тақырып-19 Ресей тіл білімі Жоспар:**

1. Ресей тіл біліміне қысқаша шолу
2. Ф.Ф. Фортунатовтың лингвистикалық көзқарастары.
- 3.Ф.Ф. Фортунатов еңбектеріндегі салыстырмалы-тарихи тіл білімі және типология мәселелері.
4. А.А. Шахматовтың жалпы және салыстырмалы-тарихи тіл біліміндегі мұрасы.
5. А.М. Пешковский, В.М. Ляпунов, Д.Н. Ушаков, М.М. Покровский және т.б лингвистикалық көзқарастары.

Ресей тіл білімі. Қазіргі орыс тілі теориясының қалыптасуы: Л.В. Щерба, Л.П. Якубинский, П.С. Кузнецов, В.В. Виноградов, С.Г. Бархударов, Б.А. Ларин, Н.Ю. Шведова және т.б. Тілді зерттеу және оның мәдениетке, халық психологиясы мен мифологияға қатысы (Ф.И. Буслаев, А.А. Потебня, А.Н. Афанасев) және И. Смирницкий еңбектеріндегі сөз туралы ілім. Орыс тілі білімінің көрнекті өкілдері Алексей Александрович Шахматов (1864-1920), Александр Матвеевич Пешковский (1873-1933) т.б. болды.

Академик А.А.Шахматов – Фортунатовтың шәкірті, ежелгі орыс мәдениетінің, тілінің тарихшысы, тіл мәселесімен де, әдебиет мәселесімен де айналысқан. Оның ең басты еңбектері “XIII-XIV ғасырлардағы Новгород грамоталары туралы зерттеу” (1886), “XV ғасырдағы двин грамоталары туралы зерттеу” (1903), “XIV-XV ғасырлардағы Псков ескерткіштері туралы бірнеше ескертпелер” (1909), “Орыс тілі тарихы ежелгі дәуірінің очеркі” (1915), “Қазіргі орыс әдеби тілінің очеркі” (1913), “ Орыс тілі синтаксисі” (1925 жылы қайтыс болғаннан кейін жарияланды).

А.М.Пешковский – Фортунатовтың, Шахматовтың ізімен орыс әдеби тілінің грамматикасы мәселелерін және мектептерде орыс тілін оқытудың әдістерін зерттеген. Оның орыс тілі синтаксисіне, интонациясына арналған зерттеулері күні бүгінге дейін өз құнын жоймаған еңбектер. Көрнекті еңбектері: “Орыс тілінің ғылыми синтаксисі” (1914), “Ғылыми және мектеп грамматикалары” (1914), “Ана тілі, лингвистика, стилистика, поэтика методикалары” (1925) т.б.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ресей тіл білімінің өкілдері кімдер?
2. Ресей тіл білімінің негізін салушылар кімдер?

### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

- Амирова Т.А. Олбховиков Б.А., Рождественский Ю.В. Очерки по истории лингвистики. М., 1975
- Ахманова О.С. Основные направления лингвистического структурализма. М., 1985
- Березин Ф.М. История лингвистических учений. М., 1978
- Березин Ф.М., Головин Б.Н. Общее языкознание. М., 1979
- Гумбольдт В.А. Избранные труды по языкознанию. М., 1984
- Бодуэн де Куртенэ Избранные труды по языкознанию. М., 1984
- Звегинцев В.А. Внутренние законы развития языка. М., 1985
- Кодухов В.И. Общее языкознани. М., 1974
- Қордабаев Т.Р., Қалиев Ф. Жалпы тіл білімі, А., 2004
-

Тақырып-20  
Қазақ тіл білімі туралы ілім

## 21-тақырып

А.Байтұрсынов, Қ.Жұбановтың жалпы лингвистикалық ілімдері

### Жоспар:

1. А.Байтұрсынұлы - қазақ тіл білімінің негізін қалаушы
2. Қ.Жұбановтың лингвистикалық ілімдері

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы  
Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интелгенциясы өкілдерін баулуынан танылады.

Ахмет Байтұрсынұлын үстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ қауымы көшінің рухани басшысы етіп танытқан – оның қазақ халқын «іргелі жұрт» қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстанған бір қаруы - ағартушылық идеясы болды.

Оқу-ағарту идеясы – Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі. Бұл платформаны мықтап ұстауға итермелеген- оның туған халқының тағдырын ойлаған қам- қарекеті. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы жатқан отар ел болатын. Халқы үшін сол кезде бебеу қаққан ойшылдардың көзімен көріп, сөзімен айтқанда, бұл тұстағы қазақ халқы «көгі қараңғы, көңілі ұйқылы, еспесі жоқ қайығы қалтылдақ, малы талауда, жаны қамауда» болған «қайран ел, қайран жұрт» еді. Қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін, амал- әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу, «надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты».

Халықты ағарту мектептен, баладан басталады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын, ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын, содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды принципті талап етті. 1913 жылдың өзінде ол «Қазақ» газеті мінбесін пайдаланып, қазақ қоғамына оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлдейді. Ахмет бұдан 80 жылдай бұрын байқап- түйгендері, айтқан пікірлері дәл бүгінгі күні айтылып жатқан мәселелерімізбен үндес келеді. «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі- үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік» деп жазды «Қазақ» газетінде. Надандық деп отырғаны - халқының білім- ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Қалыс қалуға үлкен себеп - қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ дейді. Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан қатқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе!» деп бейнелі түрдегі тілмен білдіреді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды- жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады.

Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кезіндегі интеллегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті.

Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «**Оқу құралы**» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым **«Әліп-бидің»** жаңа түрін жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты **«Тіл – құрал»** атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды.

«Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды.

Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі - ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын екі кітапты **«Тіл жұмсар»** деген еңбегі белгілі. Ол методика саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін **«Баяншы»** атты кітапшасы 1912 жылы жарық көрген. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліп-би астары» атты методикалық еңбегінде тағы көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі методикасына арналған бірнеше мақала жариялайды.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» дүниеге келген, екінші-сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

Ахметтің қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (синтаксис) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. **«Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сінді. Қазақ мектебі, қазақ тілі секілді орында оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды»**,- деп жазды Сәбит Мұқанов, 1929 жылы 5 мамырда Ахмет Байтұрсыновтың өз қолымен жасап берген газет және журналдарда жарияланғаннан басқа ғылыми, ғылыми-методикалық, еңбектердің тізімі» деген құжат ҚазПУ архивінде сақталған.

Ғалым бұрын айтқан пікірін тағы келтіріп, үдетіп беру машығынан таймайды. Ахмет Байтұрсыновтың азамат, қайраткер ретінде қалыптасуына зор ықпал еткен ХХ ғасырдың о жақ, бұ жағындағы қоғам дамуы мен оның қайшылықтары, ұлт аймақтарындағы езгінің күшеюі, сол уақыттағы қазақ халқының тағдыры жөнінде ой қорытудан бастады.

Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интелегенциясы өкілдерін баулуынан танылады. Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. **“Ахметтің октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды”, — деп жазды Сәбит Мұқанов. Ғаббас Тоқжанов пікірі де осымен сабақтас. “Бір кезде сары маса боп ызыңдап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып сүйсінеді”.**

Өз қолымен жазған “Өмірбаянында” (1929, 8 наурыз) Ахмет Байтұрсынов былай дейді: “Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін (шрифтін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен; ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жады тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған “Қазақ” газеті арқылы іске асты”. Бұл жолдарда ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылған. **“Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...”**, – деп жазды ол. Бұдан кейін жазуға үйрету, хат таныту мәселелері сөз болады. Қазақ мектептеріндегі оқыту жайлы, олардың қиындықтарын таратып айта келіп, автор өзінің оқыту әдістерін ұсынады. Жалпы ғылыми мәні бар пікірлерді де айтып отырады. Мына тұжырымға көңіл бөліп, ой жүгіртіп көріңіз: “Дүниедегі жұрттардың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршек тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл. Түбіршек тіл түпкі қалыбынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен: қытай, жапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен: түрік, финн тілдері. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылып, өзгертілетін тіл, мәселен: орыс тілі, араб тілі” Дәл бүгін айтылғандай әсер қалдыратын бұл пікіріне таңданбасқа шара жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ

таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын, өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады.

XX ғасырдың басында қазақ даласындағы әлеуметтік -саяси жағдай күрделілене түсті. Бір жағынан патшалық Ресейдің отаршылық саясаты күшейсе, екінші жағынан , жергілікті ұлықтардың озбырлығы да отқа май құя түскендей болды. Осы кезде қазақтың бір топ оқығандары: А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Жұмабаев ұлт-азаттық қозғалыстың көш басшылары болып, халқын күрес жолына бастады.

Осы үркердей топтың ішінде Ахмет Байтұрсынұлының азаттық жолындағы күресте атқарған қызметі айырықша. Оның бүкіл саналы ғұмыры туған халқының бақытты болашағы үшін қызмет етуге арналған. Жастайынан әділетсіздікті көп көріп өскен Ахметтің ой-санасы ерте оянады. Ол көрген өмірдің ауыртпалықтары, патша өкіметінің отаршылдық қысымы жас жігіттің бойындағы халықтық қасиеттерді қалыптастырады. Патша ұлықтарына қарсы шыққан әкесі мен ағасының сотталып кетуі, кейіннен зорлық-зомбылықты басынан көп өткеруі оны азаттық жолындағы күреске ұмтылдырады. Бұл туралы ол бір өлеңінде «оқ тиіп, он үшімде ой түсіріп, бітпеген жүрегімде бар бір жарам» деп он үш жасынан бастап осы жолға түскенін айтады.

Ахмет Байтұрсынұлының тарихтағы орнының, оның әлеуметтік-қоғамдық істерін дүниетанымдағы кейбір қайшылықтарын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі-Сәкен Сейфуллин. Ол- «Еңбекші Қазақ» газетінде «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген арнаулы мақала жазып, онда былай дейді: «А. Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша, арам қулықты атаман шабармандардың қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жырлап, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт –намысын жырлап, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз –ақ Ахмет еді. Ұлт қамы дегенді көкसेген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда бостандыққа жол көрсеткен Ахаң еді», -деп айтқан еді.

Бұдан кейінгі уақыттарда, «байтал түгел бас қайғы» дейтін күндер мен зұлмат жылдар туған шақта А. Байтұрсынұлы еңбектерін талдап тарихтағы орнын көрсетпек түгел, атын атаудың өзі-қылмыс, азамат басын жұтатын абақтыға апарар жолға айналды. Бірақ сонда да ескі газет-журналдарды, архивтерді ақтарған көне кітаптарды оқыған сұңғыла жандар алдынан тұтас тау сілеміндей болып А. Байтұрсынұлы мұрасы шығар еді. Көзі қарықты, қайрат-жігерінен, азаттығынан айырылмаған аға буынның кейбір есті өкілдері, кейде оңашада, алды-артына бір қарап қойып «Ақаң былай деген ғой» деп суырыла жөнелер еді.

Ақаңның тарихи мұраларына тоқтала кетсек мынадай мән-жайларға ие боламыз. Қалайда халықты ояту, сезіміне әсер ету жылдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақорыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, дәл аударма жасау дәстүріне мойынсұнады. Бұрынғы ескі ертегі, хикая үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиялы-жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға әсер ету мақсатымен аудармалар бастыра бастады.

А. Байтұрсынұлының тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жүйелеу, оларға тарихи тұрғыдан баға беру тілші ғалымдардың еншісіндегі зор жауапкершілігі бар іс. Ахмет Байтұрсынов-тіл білімінің негізін қалаушы өшпес жұлдыз.

Тілді қарым-қатынас құрал ретінде қолдану деңгейі (тілді білу деңгейі) қоғам мүшелерінің бәрінде бірдей емес... Қоғамның басым көпшілігі тілді тілдесім деңгейінде ғана біледі, яғни сол тілде қарым-қатынас жасайды (сөйлесім, тыңдалым, жазылым, оқылым). Ал сол қоғамның бір әлеуметтік тобы тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сол тілде сол тіл туралы ізденістер жүргізу үшін де қолданылады. Басқа сөзбен айтатын болсақ, сол тілде сол тіл туралы ғылыми тілдесімдік қызмет жасайды. Тілдің

құрамындағы осы тілді метатіл (метаязык), метатілдесім (метаречь) дейді. Тіл білімі сөздігінде метатілдің түсіндірмесін былай берген: “Метатіл (грек meta – арқылы, кейін)... тіл – құрал көмегімен объект – тілдің сипатталуы ...” [1, 220 б.]. Бұл түсіндірмеге “жүйелендіру” сөзін де қосуға болар еді, себебі метатіл тек сипаттаймайды, жүйеге де келтіреді. [2, 297-298 бб.].

Сонымен тілдің құрамындағы бұл тілді (метатілді) арнайы тіл, “екінші қатардағы” тіл десек те болады [3, 232 б.], себебі бұл тілдің құрамында тілді ғылым саласы ретінде зерттеп сипаттайтын, жүйелендіретін, осы салада қолданылатын тіл бірліктері – терминдер (сөздер, сөз тіркестері) болады. Метатілдің, метатілдесімнің түрлері өте көп. Мысалы, тілтанымның метатілі, математиканың метатілі, геологияның метатілі...

Термин жасаушы маманға жаңа терминді дүниеге келтіру, терминологиялық сөздікті жасаушы маманға бір мағынада қолданылып жүрген бірнеше синоним-терминдердің арасынан ең қажеттісін таңдап алу көп уақытты, үлкен тәжірибені, теориялық және машықтық тапқырлықты талап етеді. Көп жағдайда мамандар өзінің білімі мен сезімталдығына, халықаралық ғылыми тәжірибеге сүйенеді, терминнің ғылыми қолданыстағы жиілігіне басқа сөздіктердегі, оқу құралдарындағы орнына, сипатталуына көңіл бөледі. Мысалы, Н.М. Шанский [4] “Лингводидактика” терминін дүниеге келтірген де орыс тілінің бір сөз жасамдық моделіне сүйенген (лингвостилистика, лингвотипология, лингвоконтрастивный). М. Жүсіпұлы (М. Джусупов) сингармофонема, сингармовариант, сингармовариация терминдерін жасағанда жалпы тіл біліміндегі фонография, фонометрия, фоностилистика сияқты терминдердің сөзжасамдық үлгісіне сүйенген [5, 72-81 бб.; 6, 90-104 бб.]. Ә.Жүнісбеков үндесім, үйлесім терминдерін жасағанда қазақ тіліндегі асым, салым сияқты сөздердің жасалу жолын үлгі тұтқан [7, 262-268 бб.].

Ахмет Байтұрсынов қазақ термині мен терминологиясын жасағанда қазақ тіліндегі сөзжасам үлгілері ғылыми жүйеге келтірілмеген еді, терминологиялық сөздіктер жоқ еді, оқу құралдары өте аз еді. Ахмет Байтұрсынов барлық жағдайда ең алдымен жеке өзінің тәжірибесіне, содан соң сол салада атсалысып жүрген замандастарының тәжірибесіне, содан соң орыс және басқа үнді еуропа мамандарының тәжірибелерінің, солардың тіл білімінің жетістіктеріне, араб, парсы сөзжасам үлгілеріне сүйенді.

Ахмет Байтұрсынов жат тілдеріндегі терминжасамдық үлгілерді қазақ тіліне көшіріп өткізбеді, олардың ғылыми-әдістемелік бағытын зерттеді, жетістіктеріне анализ жасады. Яғни, қазақша терминжасамдық творчествосында қазақ тілінің сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық ішкі және сыртқы мүмкіншіліктерін толық пайдалана алды. Тек осындай көзқарастың нәтижесінде Ахмет Байтұрсынов жасаған терминдер нағыз ұлттық (қазақша) болып шықты.

Терминжасамдық ізденістер жүргізу үстінде Ахмет Байтұрсынов қазақ тілінің **дериватологиясының (сөзжасам), лексикологиясының, семантикасының, сөздердің синтаксистік байланысу жолдарының, сөз және термин стилистикасының ғылыми негіздерін** салып кетті. Бұл тарихи маңызы биік ғылыми мәселелер арнайы ізденістер жүргізуді талап етеді.

Тіл білімінің бір саласында бірнеше ғылыми теориялар болуы мүмкін. Мысалы, орыс тілі фонологиясында Ленинград фонология мектебі (ЛФМ), Москва фонология мектебі (МФМ), Р.И.Афанесовтың фонологиялық теориясы, т.б. концепциялар бар. Осы теориялардың терминдік айырмашылықтары күрделі, себебі ұғымдарының айырмашылықтары күрделі. Мысалы, сөздің мағынасын өзгертетін дыбыстың (фонеманың) сөз құрамындағы позициялық түрлерін Ленинград фонология мектебінде типичный оттенок (звукотип, звуковой тип – негізгі түр), оттенки (түрлер) деп атайды. Москва фонология мектебінде инвариант (негізгі түр), вариация (сәл өзгертілген түр), вариант (толық өзгертілген түр) деп атайды. Сонымен тілдің бір саласындағы теориялардың айырмашылықтары ғылыми мәселенің сапа жағын да, сан жағын да қамтиды. Бірақ әр ғылыми мектептің өкілдері қолданатын терминдер – сол ғылыми мектептердің теориялық ұғымдарының семиотикалық таңбалары. Яғни, бір тілдегі бір

құбылысты, бір тіл бірлігін әр түрлі терминдермен атау – тілтанымдық ғылыми мектептердің ұғымдық, категориялық ерекшеліктерінің қалыптасқандығының нәтижесі.

Ахмет Байтұрсынов қазақ терминологиясын жасаған кезде ғылыми мектептер, ғылыми терминдер қалыптаспаған еді. Тіпті орыс тіл білімінің өзінде бұл жағдай (әсіресе, лингвистикалық терминология) енді тұрақты бір қалыпқа түсу жолында еді.

Сондықтан **А.Байтұрсыновтың алдында екі үлкен мәселе тұрды:**

**а) қазақ тіл білімінің, әдебиеттанымның, тілге оқыту әдістемесінің ұғымдарын анықтау;**

**ә) сол ұғымдарды терминдермен таңбалау.**

Термин пайда болу үшін, ең алдымен, ұғымды анықтау керек. Мысалы, заттық ұғым – зат есім, қимыл-әрекет ұғымы – етістік, т.б. Яғни, А.Байтұрсынов ғылыми ұғымдар қорын анықтап, терминдер қорын жасап тілтанымдық, әдебиеттанымдық, әдістемелік және терминологиялық ғылыми мектептерді дүниеге келтіріп қалыптастырды.

Терминдер қолданысы әркез бірдей емес. Кейбір терминдер қолданыстан шығып, олардың орнына жаңа терминдер қолданылуы мүмкін. Бұл жағдай жалпы ғылым тарихында да, ғылыми мектептердің өмірінде де кездеседі. Терминнің қолданыстан шығуының негізгі себебі терминнің ұғымды толық қамти алмайтындығында, сол ұғымды толық қамтитын жаңа терминнің дүниеге келуінде. Жаңа термин сол тілдің сөзжасамдық мүмкіншіліктерінің негізінде де, жат тілдерден еніп келуі негізінде де пайда болуы мүмкін. Мысалы: негізгі түр (негізгі нұсқа) – инвариант. Кейбір жағдайларда бұрын қолданылып жүрген термин де, жаңа термин де бірдей (синонимдер ретінде) қолданыста болуы мүмкін. Мысалы: тәлім-тәрбие – педагогика, пәлсафа – философия. Бұл жағдайда бірінші қатардағы терминдер де, екінші қатардағы терминдер де ұғымды толық қамтиды. Жаңа терминдердің еніп келуінің себебі олардың әлем ғылымында термин – доминанта ретінде өте жиі қолданылуы.

Ұлттық тіл білімінде ана тілінің негізінде жасалған термин интернационалдық терминнен кейін де пайда болуы мүмкін. Мысалы, 1924 жылы Х.Досмұхамедұлы қазақ тілінің дыбыс жүйесін зерттегенде сингармонизм терминін пайдаланған [8, 81-99 бб.], одан соң осы ұғымды атайтын аударма терминдер тіркестері пайда болды (дауыстылар гармониясы, дауыстылар үндестігі – гармония гласных); одан соң (XX ғасырдың соңында) осы ұғымды атайтын үндестік, үндесім терминдері пайда болды.

Бүгінде осы бес термин де қолданылады, бірақ тіл білімінде сингармонизм ұғымы кеңейгендіктен, дауыстылар гармониясы, дауыстылар үндестігі терминдері ол ұғымды толық қамти алмайтын болды, сондықтан, біздің пікіріміз бойынша, келешекте бұл терминдер қазақ сингармофонологиясында актуальды қолданыстан шығуы мүмкін, себебі соңғы 10-15 жылда жарияланған ірі ғылыми еңбектерде [7; 6;] бұлар ғылыми коммуникацияның периференциясынан орын алды.

Бүгінде сингармонизм терминінің тағы да қазақша баламалары қолданылып жүр:

а) дыбыстар гармониясы. Бұл пікірді (сингармонизм – сөз құрамындағы барлық дыбыстардың гармониясы) бірінші болып Х.Досмұхамедұлы айтқан еді [8, 81 б.; 5, 48 б.; 6, 70-71 бб.].

ә) үндесім [7, 266 б.].

б) үндестік [6; 9]

Сонымен қазіргі қазақ тіл білімінде дыбыстардың сөз құрамында я жуандық, я жіңішкелік үндестігін төмендегі терминдермен атайды:

а) сингармонизм;

ә) дауыстылар гармониясы;

б) дауыстылар үндестігі;

в) дыбыстар гармониясы (үндестік заңы)

г) үндестік;

д) үндесім (дыбыстар үндесімі).

Сонымен қатар герман тіл білімінде (ағылшын т.б.) сингармонизмді алшақтық ықпал (дистантная ассимиляция) деп те атайды.

Доминанта – сингармонизм термині. Келешекте осы терминдердің қайсысы сингармонизм термині сияқты, доминанта болатындығын уақыт анықтайды (біздің болжамымыз бойынша келешекте қазақ тілтанымында сингармонизм терминімен қатар үндестік, үндесім, дыбыстар үндестігі терминдері де жиі қолданылатын болады).

А.Байтұрсынов қалдырған терминологиялық мұраның маңызы өте кең, өте биік, себебі, ол мұра бір әлеуметтік саланы емес, бірнеше әлеуметтік салаларды қамтиды: тілтанымды, әдебиеттанымды, әдістемені, этнографияны, тарихи мәдениеттанымды, философияны, психологияны, педагогиканы, т.б. Сол терминдер осы әлеуметтік салалардың әрқайсысына енетін бірнеше ғылыми ағымдарды да, тармақтарды да қамтиды. Мысалы, А.Байтұрсыновтың тілтанымдық терминдері тіл білімінің барлық саласында қолданылады (фонетикада, фонологияда, сөзжасамда, ...). А.Байтұрсыновтың ғылыми ізденістерінің нәтижесінде дүниеге келген терминдер моно стильдік те, поли стильдік те қызмет атқарады. Себебі олар ғылыми стильдің нақ ғылыми түрінде ғана емес, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-публицистикалық түрлерінде де, ресми құжаттарда да қолданылады. Бірақ сонымен қатар ол терминдер өздерінің негізгі терминдік қасиеттерін (бір мағыналықтығын, бейэмоциялықтығын, ...) толық сақтайды.

Сонымен, А.Байтұрсынов жасаған ғылыми терминдер қазіргі тіл танымның биік талаптарына жауап береді, себебі ол терминдер терминология теориясының – салалық терминология, метатіл, терминдер номенклатурасы тағы басқа ұғымдарына сәйкестендіріп жаратылған.

«Қазақ білімпаздарының 1-съезі» бекіткен қағидат негізінде толықтырылып, жүйеленген терминология қағидаттары жөніндегі баяндаманы Бакуде өткен Бірінші бүкілодақтық түркологиялық құрылтайда А.Байтұрсынұлы жасады.

#### **Ол қағидаттары мыналар :**

**а) Ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу. Бұл қазақ тілінің жоғарыдағылар мен төмендегілердің, дәлірек айтқанда сауаттылар мен сауатсыздардың тілі болып жіктелмесі үшін керек. Қай жерде және кім бастырып шығарса да баспа өнімдері, газет-журналдар, кітапшалар пайда әкелуі үшін, тіл қалың көпшілікке түсінікті болуға тиіс. Сонда аз ғана пайызды құрайтын сауаттылар көптеген сауаты жоқтарға қызмет көрсете алады.**

**б) Ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу. Олай етуіміздің себебі : 1)туыстас тілдердің көптеген сөздерінің тұлғалары бірдей болмаса да олар ортақ түбірден тараған, сол себепті туыстас емес тілдердің сөздеріне қарағанда оларды түсіну жеңіл және естігенде де айтқанда да бөтен болып сезілмейді; 2) түркі халықтары қашанда өзара қарым-қатынаста болған және бола береді, сондықтан да бір тілдің көптеген сөздері ортақ түбірден өрбімесе де өзге тілдің тұтынушыларына таныс болуы мүмкін.**

**в) Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек. Оларды алмастыруға болатын қазақ сөздері болған жағдайда тандауды қоғамның өзі жасауы үшін, екеуі де қатар алынуы тиіс. Жаппай қолданылатын деп біз араб сөздерін емес, қазіргі кең тараған европа сөздерін айтып отырмыз. Араб сөздеріне қарағанда оларға басымдық беріп отыруымыздың себебі біз қазір араб емес европа мәдениетіне ден қойып отырмыз. Европа мәдениетінің барлық жетістіктері тұтастай европа тілдерінде атала алады. Алайда кірме терминдер біздің қазақ тілінің айтылуына бағынуға тиіс, яғни оларға тілдің қалыпты артикуляциясынан бастау алатын біздің тіліміздің дыбыстық**

зандылықтары үстемдік етуі (таратылуы) керек. Шет тілдерінің сөздерін өзіміздікі ету үшін, бұл міндетті түрде солай болуы қажет.

г) Қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек. Бұл дегеніміз, біріншіден, құрамында қазақ тіліне жат дыбыстары бар барлық сөздердің тиісті төл дыбыстарымызбен алмастырылады, екіншіден, кірме сөздердің жұрнақтары қазақ жұрнақтарымен қабылданады, төртіншіден, қазақ тіліне жат қосымшалар Оренбург-Орынбор, Самара-Самар, пуховой-бөкебай, покров-боқырау, Адамовский-Адамау т.б сияқты тілге қажетті талап шеңберінде өзгертілуге тиіс» А.Байтұрсынов [2, 417-425 б.].

А.Байтұрсынұлы құрылтайға қатынасушыларға осы қағидаттарды таныстыра отырып, өзге түркілерге де ғылыми терминологияны қалыптастыруда қазақ білімпаздары жасаған осы қағидаттарды басшылыққа алуды ұсынды. Оның ұсыныстары ғалымдар тарапынан қолдау тауып, құрылтай қарарына енді Құрманбайұлы Ш. [3, 51-52 б.б.].

Қазақ тілінің дыбыс, сөз және сөйлем жүйесіне арналған «Тіл – құрал» оқулықтарында (1914, 1915, 1925) 310 лингвистикалық термин қолданған. Оның 118-і (38,5%) қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылып жүрсе, 192-сі (61,5%) қазір қолданылмайды. Бұл терминдерді тіл білімінің салаларына қатысты жіктесек:

-фонетикаға қатысты 108 термин (35,4%);

-лексикологияға қатысты 11 термин (3,6%);

-морфологияға қатысты 109 термин (34,9%);

-синтаксиске қатысты 64 термин (21,3%);

-жалпы тіл біліміне қатысты 18 термин (4,8%) Ахметтану бастамалары [1, 14-15 б.]

Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде 310 тілтану терминдері қолданған. Б.Қалиевтың «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде»[23] берілген терминдермен салыстыра келіп, Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған терминдердің қазіргі тіл білімі еңбектерінде 118-і қолданылатынын білдік. Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған әдебиеттану терминдері - 327.

1998 жылы З.Ахметов пен Т.Шаңбаевтың құрастыруымен шыққан «Терминдер сөздігінде» берілген терминдермен салыстыра отырып, қазіргі әдебиеттану саласында Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған терминдердің 57-сі қолданылатынын білдік.

Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми ізденістері туралы ғалым

Т. Қордабаев былай дейді: «А.Байтұрсынов—қазақ тілін туған тілімізде зерттеудің үлгісін жасап, оның ғылыми терминдерін қалыптастырып, сөйтіп, тіліміз туралы берік негізін қалаған ғалым ғана емес, сонымен бірге оның ілгері дамуына, болашағына бағыт-бағдар сілтеген, игі әсер еткен ғалым» Ахметтану бастамалары [1. 238 б.].

Ғалым аты біліммен, тіл біліміне сіңірген еңбегімен өлшенбек. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ лингвистикасына жалпы тіл біліміне, түркі тіл біліміне енгізген жаңалықтары мол.

«Тіл - құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Кезінде қазақ қауымы Байтұрсынұлы десе, Байтұрсынұлын «Тіл - құралды», «Тіл құралы» десе, Ахметті қазір – Ахаң деп танытын болған.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын графикасын жасауды

мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» (Төте жазу) дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

2014 жылы 18 ақпанда ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысы – ҚР Мемлекеттік хатшысы міндетін уақытша атқарушы К.Мәсімовтің төрағалығымен қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселесі жөнінде Кеңес болды. Осы Кеңесте А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас маманы Ә.Жүнісбектің жетекшілігімен және Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың профессоры А.Шәріпбайдың жетекшілігімен дайындалған латынша қазақ әліпбиі жобалары талқыланды. Сонда талқыланып қарастырылған мәселелерге орай, 2014 жылы 21 наурызда «Мемлекеттік тілді дамыту институты» ЖШС базасында арнайы шақырылған мамандардың жиыны өткізілді. Осы жиындағы пікірталастан пайымдағанымыз: ХХ ғасырдың 20-жылдарында болған қазақ емлесінің дауы ХХІ ғасырға да жеткен екен. Біз күні бүгінге дейін әлі бір ұстанымға келе алмай, әркім өз білгенін тықпалап, әрі-сәрі күй кешуде екенбіз. Осы дау басталған кезде-ақ ұлы ағартушы А.Байтұрсынұлы: «Дұрыс емле мен қате емлені айыруға, менің ойымша, былай қарау керек шығар деймін: тіл табиғатына қарай емлені ыңғайлау ма? Жоқ емле түріне қарай тілді ыңғайлау ма? Мен ойлаймын, емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса, тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек, тілдің табиғатына қарамай зорлап, емлеге таңып байласа, қытай қатындарының аяғы болып шығады» [1, 395], – деп, нық тұжырым жасаған еді. Оның осы ой-тұжырымын кезінде М.Дулатұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлы, С.Садуақасов, Қ.Қаратышқанов секілді т.б. көптеген Алаш зиялылары қолдаған болатын. Олардың көзі тірі кезінде А.Байтұрсынұлы құрастырған арабша жаңа әліпбиде (төте жазуда) де, сол әліпби негізінде жасалған 1928 жылғы латынша қазақ әліпбиінде де (бұл әліпби 1938 жылға дейін ұлттық тіл бағытында болды) тіліміздің табиғи бітім-болмысы, өзіндік заңдылықтары сақталған еді. Алайда олар репрессияланған соң, олармен бірге ұлттық ой-тұжырымдар да, ұлттық рухани-мәдени танымдар да тұтастай құрдымға кетті.

Ұлттық дүниетаным рухани сабақтастық сақталған жағдайда ғана кемелдене түсетінін ескерсек, Алаш зиялыларының тарихи және мәдени іс-тәжірибесінен 60-70 жылдай қол үзіп қалған біздің жазба мәдениетіміз, тіпті жалпы рухани-мәдени дүниеміз соның залал-зардабын күні бүгінге дейін тартуда. Қазір біз сол арыстарымызды түгелдей ақтап алсақ та, ұлт үшін еткен ерен еңбектерінің қадіріне әлі жете алмай жүрміз. Тіпті «Ол дәурен келмеске кетті. Тіліміз дамудың жаңа жолына түсті. Заман ағысына қарай жаңаша өң алып дамуда» деген сықылды жасанды қағиданы уағыздап, тіліміздің, демек ұлтымыздың табиғи болмысына кереғар нәрселерді қасақана елемеушілік те байқатып жүрміз. Еліміздің бүгінгі саясаткерлері «ұлттық идея керек» дейді, бірақ сол идеяның ХХ ғасырдың басында-ақ жасалып қойғанын мойындағылары келмейді.

Сөйтіп, біз Алаш арыстарының ұлттық мақсат-мүддені көздеген ой-тұжырымдарын зерделеп пайдаланудың орнына 1940-50 жылдары «жасанды әр алуандылықты жою мақсатымен» деп дәлелдеп, «орыс сөзі мен халықаралық атаулар, орыс тілі арқылы алынған сөздер орыс орфографиясы бойынша жазылсын» деген академик И.И. Мещанинов пен профессор Г.П. Сердюченконың кеңестік барша халықты орыстандыруды мақсат етіп ұсынған қағидасын (принципін) әлі күнге басшылыққа алып келеміз.

«Заман озып, заң тозғанын» түсінсек те, теріс қағиданың шылауынан шыға алмай, соның кесірінен кезінде қасақана ескерілмеген тіліміздің мыңдаған жыл бойы қалыптасқан өз заңдылығы, төл дыбыстары, төл дыбыстарының өзіндік тіркесімі, сол дыбыстар мен дыбыс тіркесімдерін айтатын өзімізге ғана тән дыбыстау ерекшелігіміз (артикуляция, акустика) бар екенін тіптен ұғынғымыз келмейді.

Қазіргі қолданыстағы қазақ әліпбиін кеңестік-коммунистік жүйенің тілдік (ұлттық) саясатының тікелей ықпалымен ф.ғ.д., профессор С.Аманжолов еріксізден-еріксіз

құрастырды. Ол оны қазақ тілінде жоқ орыс әріптерімен толықтырды. Бұл өз кезегінде қазақ тілінің бітім-болмысына, табиғи заңдылығына жат ережелерді кіргізіп, жазу емлесін өзгертіп, оны күрделендіріп жіберуге әкелді. Сондықтан қазақ тілі емле (орфография) сөздіктері бірнеше рет (1940, 1957, 1978, 1983) қайта өңделіп отырды [2,7]. Соңғы нұсқа 2006 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен «Орфографиялық сөздікте» негізге алынды [3].

Осы уақыттар (1940 жылдан бүгінге дейін) аралығында қазақ тілінің табиғатынан тыс дыбыс таңбаларымен толықтырылған әліпбиімізді, ескертулерден аяқ алып жүргісіз емле ережелерімізді мақтап, «орыс тілінің игі әсері арқасында тіліміз байыды, кез келген шетел сөздерін жаза да, айта да алатын болдық» деп қазақ тілінің белгілі ғалымдары еңбектер жазады [4; 5,199-205;6,48;7,22т.б.]

Дыбыстық жүйесі мүлде кереғар, грамматикалық құрылымы бір-біріне сәйкес келмейтін тілдерге (қазақ, орыс) ортақ ереже шығару әрекеті емле ережелерін ескертулерге толтырып жіберді. Бұл қиындықтан шығудың жолын көрсетпек болып, тағы бір қазақ ғалымдары арнайы еңбек те дайындады[8].

Қазақ қоғамының осы әліпби мен жазуға әбден бауыр басып, дағдыланып кеткендігі соншалық – өз тіліміздің төл заңдылықтарыөзімізге жат болып көріне бастап, «Сөздердің дыбысталуы мен жазылуы арасындағы кереғар алшақтық біржолата жойылды» [9, 222], «Қазақ тілінде сөздер қалай жазылған болса, солай оқылады» [10, 10; 11, 5] деген ой-тұжырым тілші ғалымдар тарапынан да айтылатын болды.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бері өзгетілдік сөздерді, әсіресе өзгеріссіз қолданыста болып келе жатқан қоғамдық-саяси лексика мен ғылыми-техникалық терминдерді қазақшалау мәселесі қазіргі уақытта өзекті мәселелердің біріне айналды. Бұл мәселе жөнінде қазақ ғалымдарының (тілші-лингвистерінің) көзқарастары әртүрлі. Біреулері жалпы кірме сөздерге балама табуды көздесе, енді біреулері тек орыс тілінен енген сөздерді ғана қазақшалау керек, ал орыс тілі арқылы енген, бірақ арғы тегі грек, латын т.б. тілдерінің сөздері болып келетіндерді қазақшалаудың қажеті жоқ деп есептейді.

Алайда бірінші ұстанымдағылардың ниеттері дұрыс болғанымен, жүзеге асуы қиын шаруа. Себебі сан мыңдаған шетелдік сөздердің тілімізге күн сайын толассыз енуіне қолайлы жағдай тудырып отырған мына ақпараттар тасқыны қарқынды дамыған заманда бірен-саран сөздерге әрең дегенде қазақша балама тауып, бірақ соның өзін сан-саққа жүгіртіп, дауласып жүргенімізде түр-тұрпаты өзгетілдік сөздердің барлығына балама сөздер табу дегеніңіз үлкен машақатты қажет етеді.

Екінші ұстанымдағылардың грек, латындық «халықаралық сөздер» деп жүргендері – тілімізге қазақшаланып емес, орысша қалай айтылып-жазылса, еш өзгеріссіз сол қалпында қолданылып жүрген орыс сөздері. Олар осыны қаперлеріне алмай жүр. Біздің бұл уәжіміз күдік-күмән (претензия) тудыратын болса, сол «халықаралық сөздер» делініп жүрген сөздердің латын-гректік түпнұсқасы мен орысша нұсқасын салыстырып қарауға болады. Латын-грекше бір басқа, орысша нұсқасы бір басқа.

Әрине, бұл біздің қазіргі әліпбиіміз бен емлеміздің мейлінше орыстанып кетуінен болып жатыр. Яғни өзгетілдік сөздерді сол қалпында жазып-айтуға мәжбүрлейтін қазақ тіліне тән емес орыс тілінің дыбыс-әріптерінің қазіргі әліпбиіміздің құрамында болуы мен өзгетілдік (орыстілдік) сөздердегі тілімізге жат дыбыс тіркесімдерінің қолданыста жүруі және соларға сәйкес емле ережемізде арнайы қағидалардың болуы оған басты себеп болып отыр.

Бұл мәселені әліпбиімізді қайтадан латыншаға көшіру арқылы шешуге болатынын көпшілік енді түсіне бастағандай. Оған ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2012 жылғы Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады» [12], – деген сөзі себеп болды.

Содан бері еліміздің қазақтілді қоғамы арасында латынға көшу жөніндегі қоғамдық пікір

аса жандана түсті. Небір ғылыми, ғылыми-көпшілік баяндамалар жасалып, мақалалар жарияланды. Латыншаға негізделген қазақ әліпбиінің жобалары қалың қауымға ұсынылып, талқыланды. Оның күрделі де маңызды мәселелерін қарастырып талқылаған ірілі-ұсақты талай жиындар, арнайы конференциялар мен семинарлар, симпозиумдар өтті.

Осылардың өзекті де маңызды мәселелерді көтергендерін және 1928 жылдан басталған қазақ жазуын ауыстырудың тарихын зерделеп, ой таразысына салсақ, мәнісіне тереңірек бойлап, кеңірек ой жүгіртсек, жалпы арабшадан латынға, латыншадан кирилге, енді қайтадан кирилден латыншаға көшудің ұлттық мүддеден гөрі саяси астары басым болып келгенін аңғарамыз. Қазіргі латыншаға көшуді жақтаушылар, көбінесе, ғылыми-технологиялық, компьютерлік-бағдарламалық, электронды құрал-жабдық-тық, саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік, педагогика-психологиялық, тарихи-мәдени байланыстық (түркілік ұлттардың бірдей әліпби пайдаланып тұтасуын) және т.б. жанама себептерді алға тартып жүр. Біздің ойымызша, әліпби ауыстыру арқылы ұлттық-лингвистикалық мәселені шешіп, рухани тәуелсіздікке қол жеткізу – ең негізгі мәселе. Демек латыншаға көшу тіліміздің өзіндік табиғи бітім-болмысын сақтап қалу үшін қажет.

Латын жазуына негізделген өзіміздің төл әліпбиімізді құрып алған соң, тіліміздің табиғатында жоқ, орыс тілінен және сол арқылы «халықаралық сөз» деген желеумен орышаланып енген бөтен атауларды жаңа әліпбимен жазып, өз сөзімізге айналдыра аламыз. Сөйтіп, олардың тілімізге бейімделмей толассыз енуіне тосқауыл қоямыз.

Қазір қазақша баламасы (атауы) табылмай, тіліміздің лексикалық құрамына кіре алмай (олар кірме сөз бола алмайды, өйткені кірме сөздер болуы үшін дыбысталуы қазақша болуы керек) жүрген бүкіл сөзді өз тіліміздің төл дыбыстарымен жазып-айтуға тарихи мүмкіншілік туып отыр. Осы мүмкіншілікті дұрыс пайдаланбасақ, ісіміздің бәрі бекер.

Алайда біз қанша жерден дәлелдеп айтып-жазсақ та, өзгетілдік дыбыстар мен олардың таңбаларын болашақ латынша қазақ әліпбиінің құрамында болуын қалайтындардың аса көптігі таңғалдырады.

А.Байтұрсынұлы қазақтың ежелден ауызша қалыптасқан дыбыстық жүйесін негізге ала отырып, араб әліпбиіне негізделген бұрыннан келе жатқан ескіше жазуды түбегейлі өзгерту (реформалау) арқылы жаңа әліпби құрастырды. А.Байтұрсынұлы ұсынған жаңа әліпби қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне негізделіп, тоғыз дауысты (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і, е) және он тоғыз дауыссыз (б, п, д, т, г, ғ, қ, к, ж, з, ш, с, й, л, м, н, ң, р, у) дыбыстардан құралды. Сол себептен арабша әріп-таңбалармен жазылып келген түркілік сөз үлгілері мен қалың жұртшылыққа түсініксіз араб-парсы, тіпті орыс сөздерінің бұрынғыша жазылуына тосқауыл қойылды.

А.Байтұрсынұлының араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасы сол кездегі мамандардың көпшілігінің көңілінен шығып, қалың қауымның ыстық ықыласына бөленді. Ал қазіргі уақыт тұрғысынан қарап бағаласақ, бұл әліпби туралы қазақ тіл білімінің аса көрнекті өкілі, ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі Р.Сыздық былай дейді: «А.Байтұрсыновтың араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір дау-дамайсыз қабылдады. Себебі, Байтұрсыновтың алфавитке жасаған реформасы әрі қазақ тілінің табиғатына сүйеніп, әрі ғылыми негізде жасалған болатын» [13, 9].

Тарихи құжаттарға назар аударсақ, расында да ден қойып үйренгісі келетін адамдар оны бір-екі айдың ішінде-ақ үйреніп, сауат ашқан екен. Сол себептен болар, бұл әліпбиді сол замандағы қазақ қоғамы «төте жазу» немесе «төте оқу» деп атапты.

А.Байтұрсынұлының төте жазуын тек қазақ зиялылары ғана емес, әлемдік тіл білімі (лингвистика) ғылымының көрнекті өкілдері де мойындап, жоғары бағалаған болатын (Е.Д. Поливанов, В.Н. Яковлев және т.б.). Мысалы, Е.Д. Поливанов А.Байтұрсынұлының әліпбиі туралы: «Ол кездегі Қазақстанның істеген жұмыстарын рақаттанып еске түсірем. Ол кезде Қазақстанның соңынан басқа түрік елдері араб жазуын өңдеу, өзгерту жұмыстарын қолға алды. Бірақ ол жағынан Қазақстан басқа түрік елдерінің алдында отырды, басқаларға мұрындық болды. Қазақстаннан кейінгі орында Татарстан

болды. Сол кездегі Қазақстан мен Татарстанның ескі жазуындай жақсы, дұрыс жазу болған жоқ. Араб әліппесіп дұрыстап өңдеу тек Қазақстан мен Татарстанның ғана қолынан келді. Қазақстанда мұны істеген Байтұрсынұлы болды [14, 32],–деп ерекше атап көрсеткен еді.

Сөйтіп, А.Байтұрсынұлының зор еңбегінің арқасында қазақтың төл әліпбиі мен емлесі (жазу) дүниеге келіп, 1929 жылға дейін толық қолданыста болды. Тіпті 1929 жылы қабылданған латынша жазумен қатарласып, 1940 жылға дейін жарыса қолданылып келді. Қазақ қоғамындағы қолданысының өміршеңдігін бертіңгі уақытқа дейін сақтай алды.

Мәселен, алғашында ескіше сауат ашып, кейін төте жазумен білім-біліктілігін жетілдірген заманымыздың заңғар жазушылары М.Әуезов пен Ғ.Мүсірепов латынша, кирилше жазуларды оқып-үйренсе де, соларды бізден гөрі жақсырақ меңгерсе де, өмірлерінің соңына дейін өз қолжазбаларының басым көпшілігін бала шағында үйренген арабшаға негізделген қазақ әліпбиімен, демек А.Байтұрсынұлының «төте жазуымен» жазып өткен екен.

«Төте жазу» халқымыздың жаппай сауат ашуында, жастарды сапалы оқытуда, қазақша газет-журналдар мен көркем шығармаларды көптеп басып шығаруда, жалпы қазақ жұртының мәдениеті мен әдебиетін дамытуда зор рөл атқарды. Қазір де өзінің сол қызметін әлі жоғалта қойған жоқ. ҚХР-да тұрмыс-тіршілік етіп тұрып жатқан миллионнан астам қандастарымыз осы жазуды күні бүгінге дейін кең пайдаланып, білім алып, ғылымды игеріп, оқулықтар мен оқу құралдарын жазып, газет-журналдар, түрлі кітаптар шығарып, қолданып келеді.

Қазақ тілі емлесін төл табиғатына әкеліп, реформалау мәселесі латын әліпбиі жобаларын жасаудан басталып отыр. Қазақ қоғамы, соның ішінде қазақтілділер бұл мәселеге белсене атсалысып, 100-ден астам жоба ұсынылды. Оған шетелдегі қазақтар да, тіпті, өзгетілді ағайындар да үн қосып келеді [15].

Оларды шартты түрде үш бағытта топтастыруға болады. 1-бағыт ортақ түркі әліпбиін құру мақсатында кеңейтілген (астылы-үстілі белгілері бар) латынға негізделеді (Ә.Жүнісбек т.б.). 2-бағыт «бір дыбысқа бір таңба» ұстанымы бойынша пернетақтада жоқ дыбыс таңбалары үшін диакриттік белгіні пайдаланады (Р.Абдықадыров т.б.). 3-бағыт негізгі латын таңбаларын ғана алып, пернетақтаға сыймай қалған дыбыстар үшін қосарланған таңбаларды пайдаланады (А.Шәріпбай т.б.). Соңғы екі бағыт компьютерлік бағдарламаларды мүлтіксіз пайдалану мақсатын көздейді.

Қазіргі қолданыстағы кирилге негізделген қазақ әліпбиінде орыс тілінің барлық әріптері толығымен қоса қамтылғаны белгілі. Соған қатысты латынша жоба нұсқаларындағы дыбыс таңбаларының саны да әралуан. Кейбірі (Ә.Жүнісбек, Б.Қаңтарбайұлы) қазақтың төл дыбыстарына ғана арналған 28 таңбамен шектелуді жөн көреді. Бірақ «Көк итті көп ит жеңедінің» салдары ма екен, жоғарыда аталған Кеңесте талқыланған Ә.Жүнісбек жетекшілігімен дайындалған жобада өзгетілдік дыбыс-әріптердің барлығы қамтылыпты. Енді біреулері (А.Шәріпбай) кірме в, ф, х дыбыстары қосылған 31 әріптік әліпбиді жақтайды.

Әліпбидегі дыбыс таңбаларына қарай емле ережелері түзілетіні белгілі. Осыған байланысты 28 және 31 таңбалы әліпби жобалары арасында келіспеушілік бар. Алғашқысы қазақ тілін бастапқы таза, яғни айтылым қалпына келтіруді, ол үшін кірме в, ф, х дыбыстарынан тазартуды ұсынады. Ол бойынша кірме сөздерді жазу үлгісі мынадай: халық – *kalik*, фабрика – *fabryka* немесе *‘fabryka*, вагон – *bagon* немесе *wagon*. Соңғысы, яғни в, ф, х дыбыстары сақталуы тиіс деп есептейтіндер кірме сөздердің жазылу үлгісін сол қалпында сақтауды көздейді.

«В, ф, х дыбыстарын қалдыру керек» деушілердің қатарында қазақ тілінің майталман мамандары да аз емес. Олар: «Бұл «в, ф, х» дыбыстары тілімізге орныққан, оларды айтуға артикуляциялық базамыз қалыптасқан. Оны қайта өзгерту мүмкін емес. Сондықтан да бұл таңбалар шетел сөздерін дәл таңбалау үшін жаңа әліпбидің құрамында болуға тиіс»деп біледі.

Сөйтіп, қазіргі уақытта мәселені шешудің екі жолы ұсынылып отыр: бірінші ұстанымдағылар қазақтың 28 төл дыбысымен шектеліп, айтылым бойынша жазуды көздесе, екінші ұстанымдағылар өзгетілдік «в, ф, х» дыбыстарын әліпби құрамында қалдырып, бұрынғы жазылым емлесін сақтауды мақсат тұтады.

Ал біздің ойымызша, алдағы уақытта латын әріптеріне негізделетін жаңа әліпбиді онтайлы құрастырып, оны тиімді пайдаланып, еш өзгеріссіз қолданыста болып келе жатқан өзгетілдік сөздерді тіліміздің табиғи бітім-болмысына ыңғайлап жазу үшін, оның сандық-сапалық (дыбыстардың саны мен олардың қалай таңбалануы) жағы мен емле қағидалары – Ахмет Байтұрсынұлының тоғыз дауысты және он тоғыз дауыссыз дыбыстардан тұратын әліпбиінен алшақ кетпеуі керек, сонда ғана қазақ жазуы өзінің төл табиғатын тауып, айтылым (орфоэфия) мен емле (орфография) арасындағы сәйкессіздіктен арыла алады.

Ахмет Байтұрсынов қазақ тілін 20 ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның іргетасын қалады. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Қазақ тіл білімінің атасы. Ахмет Байтұрсынов зерттеуші ғалым. Қазақ тіл білімінің терминдерін қалыптастырушы. Бұл зерттеу жұмысында А.Байтұрсыновтың еңбектері мен қазақ тіл біліміне енгізген терминдерінің классификациясы жасалып, олардың қолданылу аясы анықталды.

## 2. Қ.Жұбанов

Қ.Жұбанов қазақ тіл білімінің сан саласынан іргелі-іргелі зерттеулер жаса отырып, сол тұстағы көкейтесті мәселелердің бірі болған қазақ жазуы мен әліпбиі бойынша белгілі фонетист ғалым ретінде құнды-құнды пікір айтып, ғылыми маңызы зор еңбектер жазған. Қ.Жұбановтың әліпби және жазу мәселесіне қатысты көзқарастарын оның «Әліппеміз бұқарашыл болсын», «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы», «Қосар ма, дара ма?», «К проекту реформы казахского алфавита», «Проект казахского алфавита», «К пересмотру казахской орфографии», «К проекту реформы казахского алфавита», «Проект изменений орфографии и алфавита казахского языка», «Выступление К.К.Жубанова на научно-орфографической конференции в г. Қзыл-Орде» /2-4. 1929г./ т.б. мақалалары мен түрлі жиындарда сөйлеген сөздерінен байқауға болады. Ғалымның жазу, орфография жөніндегі теориялық зерттеулері негізінен қазақ әліпбиін жасау, бөгде тілдің графикасын қазақ тілінің ішкі ерекшелігіне бейімдеудің тиімді жолдарын іздестіру, жүйелі жазу емлесін құрастыру, оны жетілдіру, орфоэпия мен орфографияның өзіндік белгілеріне сай қазақ тілі дыбыстарының ерекшеліктерін көрсету, қазақ тіліне енген терминдердің жазылу заңдылықтарын бір жүйеге келтіру, қазақ орфографиясының жетекші принципін анықтау, т.б. бағыттарда болды. Дыбыстық тіл жазу арқылы таңбаланады десек, графиканың басты қағидаларының бірі - белгілі бір әріп бір ғана фонеманың таңбасы болуы керек. Сондықтан да Қ.Жұбанов қазақ орфографиясын ғылыми негізде құру үшін алфавит құрамына еруге тиісті әріптердің санын қазақ тіліндегі белгілі бір фонеманың іс жүзіндегі қажеттілігіне қарай белгілеуді мақсат еткен. Дыбыс жазуы дыбысталған сөздің сол қалпындағы көшірмесі емес, оның басты қызметі ой мен сезімді жеткізу болғандықтан, дыбыс жазуында фонетикалық қоршауға тәуелді, фонологиялық жүктемесі жоқ, небір дыбыс құбылыстары ескерілмейді. Қ.Жұбанов та фонологиялық жазудың ерекшелігі бойынша фонемалардың негізгі реңкі таңбаланады да, фонетикалық қоршауға тәуелді реңктері ескерілмейтінін басты нысана етіп ала отырып, дыбыстық қоршауға тәуелді кез-келген дыбыстық құбылысты жазуда таңбалай беру ультра-фонетик бағытқа бой ұру болатынын айтады. Ғалымның айтуынша, қазақ жазуы фонетикалық принципті ұстануы тиіс, себебі бұл принцип қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкес келеді дейді. Қ.Жұбанов бұл жерде фонологиялық принцип туралы айтқан, себебі ол кезде “фонология” термині қолданыста болмағанын және ғалымның сөз дыбысталуына жақын жазылуы керек деген сөзін ескеруіміз керек. Сөздің дұрыс жазылуы, айтылуы сол тілдің ішкі ерекшеліктерінен туындауы керектігін айта келіп: “Емле негізіне қожа сол тілдің жаратылыс заңы болуға керек. Тіліміздің жаратылысына қарасақ, емле дыбыс негізді болуға керек”, - деп түйін

жасаған [1.498]. Ал қазақ орфографиясы мен терминологиясын қалыптастыруда өзіндік орны бар тұлға Е.Омаров қазақ жазуы алғашқы кезеңде фонетикалық принципке сүйенгенмен, кейін бірте-бірте морфологиялық принципке көшу керек деген көзқараста болған еді.

Қ.Жұбанов тіліміздің фонологиялық ерекшеліктерін дөп басып тани білген ғалым қазақ тілі дыбыстарын буын құрамында қарастырып, дауыстылардың таңбасы “буынның жуан-жіңішкелігін білдіретін қарақшы” деген дәлелді пікір айтады. Кезінде **ұу, үу, ый, ій** - қосынды дыбыстар екендігін көрсете отырып, оларды жазуда жалаң **у, и** әріптерімен таңбалау туралы айтқан ұсынысы жазу сауаттылығын жақсарту бағытындағы сол алғашқы ізденіс кезеңі үшін маңызы болғанын жоққа шығара алмаймыз. Себебі, латын графикасына негізделген алғашқы дауысты дыбыстар қазақ әліпбиінде 13 әріп (17 таңба) арқылы белгіленген болса, ғалым енді оны қазақ тілінің ішкі мүмкіншілігін ескере отырып, 7 әріппен таңбалауға болатындығын көрсетеді [1. 521]. Латын графикасын қабылдауда кеткен кемшіліктер мен олқылықтарды түзеу жөніндегі жұмыстарға Қ.Жұбанов белсене ат салысты. Қазіргі таңда латын графикасына көшудің маңыздылығы туралы мәселе көтеріліп жатырса, бұл жөнінде де ғалым есімі еріксіз ойға оралады.

Қ.Жұбанов емле жасау жөнінде өз ойларын былайша тұжырымдайды: “Қазақтың әдеби тілінде ұстап-тұтынылатын сөздердің бәрі де дұрыс жазылып, әрқайсының өзіне меншікті тұрақты таңбасы болуы керек те, сол тұрақты түрден айнып, басқаша жазылған жазудың бәрі де қате делінетін болуы керек. Бірақ ол үшін мына сөз “таза қазақша”, мынаның “тегі жат” деп, - сөз-сөздің тегін қосып жатудың қажеті жоқ: тегі қайдан шықса да бәрі бір, қазақ тіліне кірген сөздің бәрі де қазақтың өз сөзі делінуі керек”, - дейді [1.337]. Ол ереже жасауда негізгі есте болар жай, “емле жеңіл болу үшін ереженің санын да, ережеге көнбейтін одағай қалыптардың санын да құр тек “аз ету” шарт емес, қайта тілде бар, емлеге керекті қалыптардың бәрінің түгел тексеріліп, ереже болып қорытылып шығуы шарт”, - дейді [1. 340].

Басқа тілден енген сөздерді дұрыс жазу үшін олардың дыбысталу қалпын бұзбау қажет, яғни алфавитке сол тілдің дыбысын дәл жеткізе алатын таңба болуы керектігін айтып, халықаралық мәні бар сөздерді дұрыс таңбалау мақсатында қазақ әліпбиіне **ф, х, һ** әріптерін енгізу туралы да ұсыныс жасайды [1.510].

Қ.Жұбанов қазақ әліпбиіне **и,у** әріптерін ұсына отырып: «**ұу, үу, ый, ій**-лердің әрқайсысында екі-екіден дыбыс бар деушілердің екінші әрі бар күшті дәлелі-бұл қосар әріпті ерте кезде бір дауысты, бір дауыссыздан құралған екі дыбыс болған деседі. Мұнысы дұрыс: «су» сөзі бұрын бірде «сұу», бірде «сұғ» түрінде болуы рас. Бірақ бұрын сондай болушылығының өзі осы күні сондай екендігінде, немесе, осы күні қосар таңбамен жазудың дұрыстығына дәл ел бола ала ма?» деп, олардың бұрын қос дыбыс болғандығына келісе тұрып, қазіргі кезде қос әріппен таңбалауға қарсылық білдіреді. [1.345] Бұған дәлел ретінде кейінгі зерттеушілер пікірін алға тартады: “Қазақ тілінің грамматикасын ең жақсы тексерген профессор П.Мелиоранский де осы Радлов пікірінде болып, **ұу, ій**-лерді жалаң әріппен таңбалаған. Бұл дыбыстардың татар тіліндегісі мен қазақ тіліндегісінің ешбір айырмасы жоқ. Ал татар тіліндегісін эксперименталь түрде тексеріп келіп, Ғалымжан Шарап бұлардың жалаң дыбыс екенін ашты. Татар, түрік тілдерін эксперименталь фонетика жөнімен көп зерттеген оқымыс Богор одикий “О корневом вокализме в турецком языке” деген еңбегінде ана Радлов пікірін қуаттап, бұларды жалаң дыбыс деп шығарды”, - деп, жалаң әріппен таңбалауды жақтайды. [1.347-348] Осындай танымал ғалымдар пікірлерінен кейін олардан басқаша ой қорытып, тұжырым жасауын Ә.Жүнісбеков зерттеуінің құндылығының бір қыры деп түсінеміз. Себебі Ә.Жүнісбеков бұл **и,у** әріптерінің әрқайсысы дауысты+дауыссыз қос дыбыстың таңбасы екендігін, қазақ тілінде дауысты **и,у** дыбыстары жоқтығын ғылыми тұрғыда дәлелдеді [2.11]. Қ.Жұбанов қазақ әліпбиін жасаудағы А.Байтұрсыновтың мұрасына да

құрметпен қараған. “Алфавит құрудың математикалық формуласы” туралы Н.Ф.Яковлевтің еңбегі шын мәнінде А.Байтұрсыновтың қазақ әліпбиін жасауда қолданған амалы екендігін айтып, оны заңсыз иеленуді ғылыми плагиат деп ашық сынаған да Қ.Жұбанов болды [1.507]. Осы мәселеге байланысты сөзінде А.Мектептегі: “Құдайберген Жұбановтың ащы шындықты тіке айтуы ол кезең тұрғысынан жүрек жұтқандық, ерлік еді”, - деп бағалайды [3. 166]. Қ.Жұбанов әліпби және жазу мәселесін шешу бағытында өз тілімізбен қатар басқа тілдердің де тарихын зерделеп, салыстырып, салғастырып пікір айтады: “Қырғыз тіліндегі секілді ұзындық-қысқалық қазақ дыбыстарында жоқ” [1.346]. “Наши алтайские языки в древности, вероятно, не дифференцировались по признаку звонкости и глухости звуков, как уйгурской письменности, где *п* и *б*, а также *к* и *г* обозначаются одной и той же буквой. Это все нам показывает, что в сознании тогдашних тюрков, которые писали на этом алфавите, эти буквы не отличались так друг от друга. ...Сейчас чувашский язык, например, не знает различие глухих и звонких. Глухие звуки в открытом слоге превращаются в звонкие, а в закрытом-глухие” [1.502]. “Наша письменность, можно сказать, имеет значительно древнюю историю. Еще в VI-VII веках тюрки имели письменность” [1.499].

Ғалымның бұл пікірлерінің тек фонетикалық жағынан ғана емес, фонологиялық, салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи тұрғыдан да құндылығын танымыз. Әлем лингвистикасына жүгінер болсақ, фонологиялық танымдар алфавит жасау проблемасымен астасып жатқанын байқауға болады. Бұған дәлел ретінде А.Байтұрсыновтың қазақ әліпбиі мен жазуы туралы ізденістерін айта аламыз. Демек, бұл бағыттағы А.Байтұрсыновтың ізденістерін Қ.Жұбанов жалғастырғаны, латын алфавитіне көшу, жаңа әліпби бойынша жазу заңдылықтарын жетілдіру мәселелері де тіліміздің фонологиялық табиғатына сай ізденісті қажет еткені аян.

Ғалым жазу, орфография мәселесін барлық уақытта да сингармонизммен байланыста қараған. Мәселен, латынға көшу кезінде араб жазулы қазақ алфавитінің жетістіктерінің бірі дәйекшіден бас тарту дұрыс еместігін, себебі қазақ тілінің табиғатында *е*, *к*, *г* дыбыстарынан басқасы жуан-жіңішке болып екі түрлі дыбысталатынын, сондықтан, оларды бір таңбамен белгілеу мүмкіндігінен айырылып қалатындықтарын айтты [1.504]. Араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуындағы дәйекшінің артықшылығын Қ.Жұбанов өте жоғары бағалаған. Ол 1912-1930 жылдар аралығында 18 жылдай қазақ сөзі А.Байтұрсынов жасаған әліпби арқылы жазылғанын айтып, араб алфавитінің табиғатына тән кейбір ерекшелігі болмаса, бұл жазудың еш кемшілігі байқалмағанын, сондықтан одан бас тартып, латынға көшу мәселесі жоғары жақтың қысымы екендігін ескертеді [1. 506]. А.Байтұрсыновтың өзі де латынға көшуге қарсы болмаған. Ол араб графикасынан латын жазуының артық екендігіне анық көз жететін болса, онда латын графикасына деген қарсы ой болмайтындығын білдірген еді. Қ.Жұбанов жазу мәселесіндегі теориялық зерттеулерінде орфография мен орфоэпия мәселесінің ара жігін ашып, жазу емлесін жасау барысында, әсіресе, түбір мен қосымша арасындағы дыбыстардың айтылуы мен жазылуына сингармонизм заңдылығы тұрғысынан жете көңіл бөлген [1.208-213]. Әр тілдің өзіндік табиғаты, дыбыстар тіркесімі болуы заңды жағдай болып табылады. Соған орай әр тілдің өзіндік орфографиялық ережелері болуы шарт. Бұл заңдылық сақталмаған жағдайда тілге қиянат болады. Осы орайда, тіл заңдылығын терең түсіне білген Қ.Жұбанов: “**Білек, тыраш,ыстаған (мес)** сияқты қазақ сөздері, осылай, басқы ашық буында келте дауысты *ы*, *і*-лермен жазыла тұрып, **пленум, трактор, стахановшы** сияқты сөздер *ы*, *і*-лерсіз жазылатын болса, жеңіл соғар ма еді?”, - деп дыбыстарының тіркесу заңдылығы тіліміздің табиғатына сай емес орыс тіліндегі сөздерді көрсетіп, оларды жазудың тиімді жолын іздестіреді. [1.137]

Ғалым сауатты жазу үшін ана тіліндегі сөздермен қатар, басқа тілден енген сөздердің де тіліміздегі жазылу заңдылықтары туралы ереже шығару үшін әуелі әліппе мен емле мәселесін шешу керектегі туралы өз ойын төмендегіше білдіреді: “Халықаралық терминдердің емлесі де үзілді-кесілді шешілген жоқ. Орысша жазылуынша болсын деген

жалпы бағытқа ешкімнің көріне дауы жоқ сияқты. Бірақ жалпы бағыт бар да, ереже бар. Бұл екеуі бір емес қой. Нағыз толық ереже беру мәселесі әліппе мен емлені түгел қарастырмай шешілмек емес”. [1.137] Қазақ жазуы үшін қандай принципті басшылыққа алу керек деген мәселені шешу бағытында Қ.Жұбанов тарихи жазбаларға да назар аударады. “У нас, например, *лар* пишется *лар, лер, дар, дер, тар, тер*. Вуйгурском алфавите *лар* писалось только через *а*, в чагатайской письменности *-лр*” –дей келіп, қазақ тілінің табиғатына сай жазу бағытын таңдау керектігін айтып: “Казахское *лар* имеет 4 начертания, мы не можем отказаться от них и перейти к (лр). Это затруднит обучение первоначальной грамматике, а в дальнейшем также самую грамотность” [1.348] деген тоқтамға келеді. Қазақ орфографиясын қалыптастыру бағытындағы Қ.Жұбановтың көзқарасын білу үшін өз сөздеріне назар аударып көрейік: “Әріп қатар екен деп дыбысы қосар бола бермей, дараланып қалып, жазу мен айтудың екеуі екі жаққа кеткенін көреміз (француз, ағылшын, армян әліппелері” [1.347]. “Біз емлені ермекке түземейміз, оңайласын деп түзетеміз” [1.348]. «Чтобы не писать безграмотно, начертание должно быть приближено к произношению» [1.348]. “...Что такое казкхский язык данного периода и куда он идет в своем дальнейшем развитии. Выяснение этого вопроса было необходимо, так как орфография казахского языка данного периода должна была создаваться по образу и подобию языка именно этого периода” [1.516-517].

Қазақ терминологиясын жасау, қалыптастыру жұмыстарының алғашқы қиын кезеңінде Қ.Жұбанов терминдерді жазу мәселесіне ерекше мән берді. Ол психологияны - жан жүйесі, геометрияны - пішіндеме деп жазуды сынап, бұлардың бәрі термин емес, тек терминнің лексикалық мағынасын қазақшалау екендігін, бірақ сол аудармалардың өзі термин мағынасын жеткізіп бере алмайтынын ескертті [1.524]. Ғалым қазақ орфографиясын жетілдірудегі негізгі талап - қалың көпшілікке түсінікті, игеруге жеңіл болуы деп көрсетті. Орфографияны жеңіл жасаймыз деп, жадағайлатып жіберілгенін, соның нәтижесінде бір сөзді бірнеше вариантта жазуға жол берілгенін, сауатты жазудың орнына бәрі сауатсыз жазуына әкеліп соқтыратынын сынады. Ғалым ғылыми пәндерде орыс тілінен енген “техника”, “физика” сияқты сөздерді өзгертпей жазу туралы пікір айтып, осындай көзқарастағы Қ.Кемеңгеров сияқты ғалымдарды қолдады [1.503]. Алфавиттегі әр әріптің өзінің аты бар. Дауысты дыбыстар көбіне сол өздерінің дыбысталуы түрінде айтылса, дауыссыз дыбыстарды алдына не артынан бір дауысты дыбыс қосып айтамыз. “Мысалы: *балалар* деген сөздің бас дыбысы (*б-ны*) бөлек айтпақ болсақ, *бы* деп, *ыб* деп қана айта аламыз. Осы балалар деген сөздің соңғы дыбысы (*р-ды*) бөлек айтамыз десек те, не *ыр* деп, немесе *ры* деп қана айту мүмкін. *бы, ры* деп айтқанда *б* мен *р-дың* соңынан, *ыб, ыр* деп айтқанда, алдынан дауысты *ы* дыбысын қосып отырмыз. Өйткені дауыссыз дыбыс пен сонор дыбыс алдынан, не артынан бір дауысты дыбыс қоспай, өздігінен бөлек айтылмайды”, - деп Қ.Жұбанов текке айтпаса керек [1.196]. Ал мектепте қазақ тілін оқыту барысында қазақ алфавитіндегі дыбыстардың атауы *бе, ве, ге, эн, эс, эр, те* түрінде орысша үйретіліп келеді. Бұл дұрыс емес. Сондықтан Қ.Жұбановтың буын туралы тұжырымдары мен Ә.Жүнісбековтің сингармотеориясына сүйеніп, қазақ дауыссыз дыбыстарының жалаң айтылмайтынын ескере отырып, алдынан не артынан бір дауысты қосып қазақша айтамыз. Қорыта айтқанда, ғалым ұсынған ойлардың бәрі де өз кезінде шешімін таппағанмен де, оның өміршең идеялары мен теориялық тұжырымдары қазақ тіл білімінің ғылым биігіне көтерілуіне үлес қосты.

Қазақ жазуы алғашқы кезеңде араб графикасына негізделсе, 1929 жылдан бастап латын әліпбиіне көшірілді де, 1940 жылы кирилл жазуына ауыстырылды. Қазақ халқы өзінің ұзақ тарихында бірнеше жазу үлгілерін пайдаланғаны мәлім. Әсіресе, А.Байтұрсынұлының жаңа әліпбиі қазақ халқының мәдени тарихында, рухани өмірінде, түркітануда, жалпы тіл ғылымында үлкен мәні бар белес болды. А.Байтұрсынұлының сингармофонологиялық зерттеулерімен таныса отырып, оның қазақ алфавитін құрастырып, орфография принциптерін жасауда ғажайып білгірлік танытқанының куәсі боламыз. Жазу, орфография мәселесіне байланысты жұмыстарда А.Байтұрсынұлы пен

Қ.Жұбановтың еңбегін ерекше атаған жөн. Араб графикасына негізделген жазу А.Байтұрсынов есімін еріксіз ойға алдырса, латын графикасын қазақ жазуына икемдеу істерінде Қ.Жұбановтың орны ерекше. Сондықтан да, қазақ жазуы мен орфографиясында, жалпы, қазақ жазу мәдениетін арттыруда осы қос ғалымның қосқан үлесі зор. Қорыта айтқанда, Қ.Жұбанов қазақ әліпбиі мәселелерін талдау барысында жалпы тіл білімі деңгейіндегі ғылыми ізденістерге, белгілі ғалымдар еңбектеріне, басқа тілдің кейбір экспериментальды зерттеу деректеріне арқа сүйей отырып, грек, ағылшын, француз, неміс,орыс, армян, грузин, араб және туыс түркі тілдерінің ерекшеліктерін жетік біліп, оларды қазақ тілімен байланыстыра, салыстыра баяндағанын көреміз.

## 22-тақырып Тілдің дамуы Жоспар:

1. Тілдің шығуы.
2. Тілдің дамуы.
3. Тілдің өзара әсерлері.
4. Жазба тілдер.
5. Әдеби тіл және сөйлеу тілі.

Тілдің шығуы туралы мәселені сөз еткенде, ең алдымен, екі түрлі проблеманы бір-бірімен ажыратып алу қажет: оның бірі – жалпы адам баласы тілінің шығуы, яғни алғашында адамның сөйлеуді, ойын айтып жеткізуді қалай үйренгендігі туралы мәселе де, екіншісі – жеке, нақтылы тілдердің, мысалы, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, араб тілі, испан тілі немесе француз тілінің шығып жасалуы туралы мәселе. Бұл екі мәселені бір – бірімен шатастырмау керек. Бұлай дейтініміз: адамзат тілінің пайда болуы сонау көне заманға – адамдардың жануарлар дүниесінен бөлініп шығу заманына, алғашқы адамдардың пайда болу заманына барып тірелсе, жеке нақтылы тілдердің немесе туыс тілдердің тобының жасалып құрылуы жалпы адамзат тілінің шығып пайда болу заманынан анағұрлым бертінгі дәуірлерде болған. Нақтылы, жеке тілдердің, мысалы, қазақ тілінің, орыс тілінің немесе ағылшын тілінің пайда болып жасалуын және олардың пайда болу дәуірін тарих пен лингвистика ғылымдары тұрғысынан зерттеп айқындауға болады. Ал жалпы адамзат тілінің шығуы, яғни адамдардың о баста сөйлеп үйренуі туралы проблеманы қарастырып айқындау үшін, тек қана тарихи-лингвистикалық зерттеулердің өзі тіптен жеткіліксіз болады. Адамзат тілінің шығуы адамның пайда болуы және адам баласы қоғамының пайда болуы тәрізді күрделі мәселелермен тығыз байланысты. Осылай болғандықтан бұл мәселелерді бірін екіншісіне байланыстырмай, жеке дара күйінде алып қарастыру да, тыңғылықты түрде шешу де мүмкін емес.

Тіл білімі ғылым ретінде пайда болудан көп замандар бұрын тілдің және ойлаудың шығуы туралы мәселе әр түрлі ойшылдардың назарын аударған болатын. Ғасырлар бойында бұл мәселе туралы философтар мен социологтар, психологтар мен лингвистер түрлі-түрлі пікірлер мен жорамалдар айтып, сан түрлі байымдаулар жасап келді.

Тіл қоғамдық құбылыс. Сондықтан оның тарихы мен дамуы қоғамның тарихы мен дамуына тікелей байланысты болады. Осыдан тілді және оның даму заңдарын сол тілді иеленушілердің тарихы мен тығыз байланысында қарастыру міндеті келіп туады.

2. Қоғам тілдің дамуына әсер етеді, бірақ тілдің дамуы қоғамның даму заңдары бойынша емес, өз дамуының ішкі заңдары бойынша іске асады. Тілдің даму заңдары қоғамның даму заңдарына сәйкеспейді. Тілдің дамуы туралы қате көзқарастар болды. Мысалы, Н.Я. Марр тілдің дамуы туралы мәселеде “сатылық даму теориясын” ұсынды. Тілді қондырмалық құбылыстың қатарына жатқызған Н.Я. Марр тіл дамуының әр түрлі сатысы бар және ол сатылардың әрқайсысы белгілі бір қоғамдық формацияға сай келеді деп есептеді. Ол тілдің ескі сападан жаңа сапаға көшуі кенет қопарылыстар арқылы болады дейтін мүлдем қате көзқараста болды. Н.Я. Марр лингвистикалық заңдарды социологиялық заңдармен ауыстырған болатын. Өз сөзімен айтқанда, ол “семантикада ғана емес, морфологияда да салмақты тілдік құбылыстардың әлеуметтік – экономикалық факторларға байланысты екендігіне аудара отырып, тіл дамуының ішкі заңдарының маңызын төмендетуді” көздеді. Тілдің даму қарқыны туралы мәселе де маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Бұл мәселе жайында Н.Я. Марр тілдің сатылық даму теориясын ұсынып, тілдің ескі сападан жаңа сапаға көшуі кенет жарылу жолымен болады деп есептеді. Бұл теорияның қате екендігі тіл білімі жайындағы 1950 жылғы дискуссияда көрсетіліп, тілдің дамуы бар тілді жойып, жаңа тіл жасау жолымен емес, бар тілдің негізгі элементтерін өрістетуге, жетілдіру жолымен болатындығы, ал тілдің бір сападан екінші сапаға көшуі жарылу жолымен де, бірден ескіні жойып, жаңаны орнату жолымен де емес, тілдің жаңа сапасы мен құрылымының элементтерін бірте-бірте қорландыру

жолымен болатындығы айтылып , бүтіндей тілдің эволюция жолымен дамитындығы дәлелденді. Алайда , тілдің даму қарқыны оның барлық дәуірлерінде бірдей болмауы мүмкін. Жүздеген жылдар бойында елеулі өзгерістерге ұшырамаған тіл белгілі бір дәуірде айтарлықтай өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

3.Әр түрлі халықтар бір-бірімен қарым-қатынаста өмір сүреді. Халықтардың арасындағы қарым-қатынас түрлі-түрлі салада – экономикада, сауда, мәдениет т.б салаларда- болуы мүмкін . Халықтардың өз ара бір-бірімен қарым-қатынас жасауының барысында олардың тілдеріде бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, бір тілден екінші тілге , екінші тілден үшінші тілге тілдік элементтер де ауысады. Тілдердің бір-біріне қарым-қатынасы тоғысу түрінде де , тілдердің бір-біріне әсер етіп, тілдік элементтердің бірінен екіншісіне жай ғана ауысу түрінде де болуы мүмкін.

Тілдердің тоғысу процесінде *субстрат* деп аталатын құбылыс пайдаболады. Жеңген тіл жеңілген тілден сөздер мен жеке дыбыстарды, кейбір морфемаларды қабылдайды. Жеңген тілдегі жеңілген тілдің элементтері субстрат деп аталады.

Зерттеушілер белгілі бір тілдегі тарихи өзгерістердің себебін айқындап дәлелдеу үшін , әдетте, ең алдымен, сол тілдің және онымен туыстас тілдердің материалдарына үңіледі. Егер ол тілде немесе туыстас тілдерде ондай өзгерістердің мән-жайын айқындайтындай деректер болмаса, онда зерттеуші сырттан болатын әсерге , басқа тілдердің материалдарына назар аударады.

Екі тілділік, тілдердің бір-біріне әсері, өз ара бірін бірі байытуы , тілдердің араласуы немесе тоғысуы – осылардың бәріде тілдердің қарым-қатынастарының түрлері болып табылады.

4.Әдеби тілдің тарихына қатысты негізгі мәселелердің басын ашып , ғылыми тұжырым жасау үшін әдеби тілдің өзін дұрыс анықтап алу қажет . Яғни әдеби тіл деп нені айтамыз? Оның өмір сүру формасы қандай? Әдеби тілге не енеді? Қазақ әдеби тілінің тарихы қай кезден , неден басталады. Әр кезеңдегі әдеби тілдің дамуының , нормалануының тенденциясы , оның тілдік көрсеткішіне қандай әдебиет нұсқалары жатқызылуы тиіс және олардың мазмұны мен сипаты қандай болмақ деген сұрақтардың нақты жауабы әдеби тілдің анықтамасымен тікелей байланысты болып отыр. Соған орай әдеби тіл деген ұғымды әр түрлі түсінудің салдарынан кейбір зерттеулерде оған қатысты проблемалық мәселелер әр түрлі баяндалып жүр.

Бұл ретте орыс тіл білімі көрнекті өкілдерінің тұжырымдары мен пікірлеріне сүйенсек , әдеби тіл , біріншіден, жазба тіл, яғни тек жазба әдебиет тілі, екіншіден , сол жазу , жазба әдебиет арқылы жалпы халықтық тілдің өңделген , екшелген , стильдік тармақтары қалыптасқан түрі. Басқаша айтқанда әдеби тіл –жалпы халықтық тілдің жазу арқылы белгілі дәрежеде өңделген , сұрыпталған түрі, жазусыз әдеби тіл болмақ емес , әдеби тілдің тарихы –жазба әдебиет тілінің де тарихы , сөйтіп , жазу , жазба әдебиет әдеби тілдің ең негізгі , маңызды сипаты , өзіндік басты белгісі. Сондықтан әдеби тіл – жазба көркем әдебиет тілі ғана емес , жазба әдебиеттің басқа да алуан түрлерінің , ғылыми – зерттеу , саяси , ресми, публицистикалық , т.б. әдебиеттердің тілі болып саналады деген пікір басым болып келді. Бірақ бұл көрсетілгеннің өзі орыс тіл білімінде даусыз , талассыз қабылданылған бірден-бір пікір екен деуге де болмайды. В.В.Винаградов әдеби тіл ұғымын нақтылы анықтауда , мәнін ашып , оның өзіндік негізгі белгілерін көрсетуде әлі де болса тұжырымды айқын , үзілді-кесілді бір пікірдің болмай жүргенін көрсетеді.

5.Әдеби деген термин латынның *litteratura* деген сөзінен қалыптасқан. Ол гректің грамматика (*grammatica*) сөзінің баламасы ретінде жаза білу , оқи алу деген мағынада қолданылған. Көне римдіктер *litteratus* деп әріпті тани алатын , яғни кітап оқи алатын сауатты адамды атаса да , кейін келе бұл сөз жаңа мағынада қолданыла бастайды, ол-тек оқи алатын , жаза білетін ғана емес сонымен бірге жоғарғы білімді деген де мағына . Осындай мағыналық дамудың нәтижесінде бұл термин қазіргі Еуропа халықтарының тілінде сұрыпталған , сымбатталған , жүйеге түскен деген мағынада қолданылып жүр.

Әдеби тілдің тұрақты нормаланып қалыптасуында , сұрыпталып , икемделіп , сымбатталуында , жетілуінде , жанрлық –стильдік тармақтарының орнығып , дамуында жазба әдебиеттің алатын орны ерекше .

Жазба әдебиет арқылы әдеби тілдің икемділігі , ортақтық қасиеті артып , құрылысы жүелі қалыпқа түседі , “тілге орамды , жүрекке жылы тиетін” элементтері ұштала түседі. Бірақ әдеби тіл деген ұғымды , бір жағынан , тек жазба әдебиетпен байланыстырып , сол шеңберде ғана қарап , әдеби тілді жазба тілмен балама деп тану , екінші жағынан, әдеби тіл тарихын сол халықтың қоғамдық, әлеуметтік , экономикалық , мәдени тарихынан бөліп алып қарау , соның негізінде жазуы жоқ не жазуы дамымаған не кеш дамыған халықтың әдеби тілі жоқ деген үзілді –кесілді пікір айту шындыққа жанасымды бола бермейді. Мұндай пікірдің айтылу себебі , біріншіден жазба тілдің , жазба әдебиеттің жоғарыда көрсетілгендей , әдеби тілді қалыптастырып , дамытудағы ерекше ролімен байланысты. Кейбір зерттеушілер жазба әдебиеттің осы ролін әдеби тілді қалыптастырып , дамытудың бірден-бір жолы ғана деп түсініп , басқа факторларға мән бермейді, әдеби тілді қалыптастыруда белгілі бір орын алатын , оның дамуына себін тигізетін басқа да құбылыстарды ескермейді. Екіншіден, әдеби тіл мен жазба тілді тең көрушілік бұл терминнің алғашқы , жазу-сызумен байланысты мағынасын басшылыққа алудан туады. Үшіншіден, мұндай пікір әр халықтың әдеби тілін сөз еткенде, олардың өзіндік ерекшеліктерін сол халықтың тарихымен , басынан кешірген саяси -экономикалық жағдайларымен, мәдени дәрежесінің өркендеуімен , қоғамдық дамуындағы мәдениет өндірістерінің амалдарымен байланысты ерекшеліктерін ескермей , барлығын ортақ өлшеммен кесіп-пішуден де туады. Р.А.Будагов дүние жүзіндегі барлық халықтардың әдеби тіліне ортақ болып келетін әмбебап схема үлгі жасаудың ғылыми жағынан кемшіліктері былай тұрсын , үлкен зияны бар екенін көрсетіп , одан зерттеушілерді қатты сақтандырады.

**Бақылыу сұрақтары:**

- 1.Тілдің шығуы.
- 2.Тілдің дамуы.
- 3.Тілдің өзара әсерлері
- 4.Жазба тілдер.
- 5.Әдеби тіл және сөйлеу тілі.

## Тақырып-25 Фонема туралы түсінік

### Жоспар:

1. Фонема ұғымы туралы түсінік
2. Дыбыс және фонема
3. Фонеманың мағына ажыратқыш қызметі
4. Орфоэпия жайлы ұғым

1.Тілдегі сөздер бір-бінен мағыналары мен дыбысталуы жағынан ажыратылады. Мысалы, қазақ тіліндегі тас пен тес, тоз бен тез деген сөздердің әр басқа сөздер екендігін олардың мағынасы мен дыбысталуының әр басқа болуына қарап ажыратылады. Мағына мен дыбысталудың әр басқа болуы сөздердің формаларын да, морфемаларды да ажыратады. Мысалы, біл деген сөздің біле, біліп, білсе және тағы басқа формаларының әр басқа формалар екендігі олардың мағыналары мен дыбысталуындағы айырмашылықтар арқылы белгілі бола алады. Бұл мысалдардан тіл дыбыстарының сөз құрамында келіп , бір-бірінен сөздерді ғана емес сонымен бірге, сөздің формаларын және иорфемаларды ажрататындығын көреміз. Тіл білімінде дыбыстардың осы қызметіне орай фонема деген ұғым пайда болды. Фонема – сөздер мен олардың дыбыстық формаларын ажырататын, ары қарай бөлшектеуге келмейтін дыбыстық единица.

2. Тіл білімінде фонема туралы ұғымның сыр-сипатын ашып айқындау фонетиканың тарихында жаңа үлкен белес болды және оның мазмұнына тіл дыбыстарын лингвистикалық аспектіде қарастыратын ілім – фонологияны енгізіп, фонетиканың шеңберін кеңейте түсті. Енді, сол фонемалардың табиғатын ашып айқындау мәселеріне келейік.

Фонема дегеніміз де – тіл дыбыстары, бірақ ол тіл дыбысы болғанда, сөздердің жігін ажырататын дыбыс. Фонема тіл дыбыстарынан бөлек тұрмайды, қайта, олармен тығыз байланыста болады. Фонема да – тілдің материалдық единицасы. Фонемаларды зерттейтін фонология мен тіл дыбыстарын зерттейтін фонетика екеуі екі түрлі пен емес, тіл туралы ғылымның бір түгін саласының екі түрлі жағы. Фонема дегеннің ұғымы мен тіл дыбыстары дегеннің ұғымы әр уақытта бірі-бірімен сәйкес келе бермейді. Фонема бір дыбыстан ғана емес, сонымен бірге екі дыбыстан да құралуы мүмкін. Керісінше, кейде екі фонема бір дыбыс түрінде айтылады. Мысалы, орыс тіліндегі детский деген сөзде т мен с фонемасы бір ғана ц дыбысы түрінде айтылады. Фонемалардың саралап ажыратушы қызметі тілдің өзінің табиғатынан, оның бүтіндей жүйесінен келіп туады. Тілдегі дыбыстардың бір-бірінен ажыратылуы қаншалықты қажет болса, морфемалардың да жігі ашылып ажыратылуы, сондай-ақ сөз тіркестерінің де шегі айқындалып өз ара ажыратылуы, - тілдің табиғатына тән және қажетті нәрсе. Фонемаларды саралап ажыратушы қызметі бүтіндей тілдің жүйесінен, оның атқаратын қызметінен келіп туады дейтініміз де осыдан.

3. Әрбір халықтың әдеби тілінде айтылудың жалпыға бірдей ортақ және қалыптасқан бірінғай нормалары болады. Солар жайындағы ережелердің жиынтығы орфоэпия деп аталады. Әрбір әдеби тілдің орфоэпиясы дыбыстар мен дыбыс тіркестерінің дұрыс айтылу ережелерін ғана емес, сонымен бірге сөздер мен фразалардың да дұрыс айтылу ережелерін қамтиды.

Сөз құрамындағы дыбыстар немесе сөздердің аралығындағы дыбыстар бір-бірімен өз ара үндесіп, үйлесе айтылады. Сөйлеуде олардың үндестігін сақтап, нақышына келтіре айту үшін тілдің дыбыстық жүйесінің табиғатын, дыбыстардың бір-біріне әсер ету заңдылықтарын жете білу қажет.

Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы бойынша сөздердің аралығында қатар келген екі дауысты дыбыстың алдыңғысы сөйлеуде түсіріліп айтылады. Мысалы, торы ала ат, бара

алмады, келе алмады, бала ісі, бері отыр деген тізбектер торалат, балмады, келалмады, балісі, беротыр түрінде айтылады.

Әдеби тілдің орфоэпиялық нормаларын қалыптастыруда мектеп, радио, телевидение, театр және киноның атқаратын ролі айрықша күшті.

Әрбір сауатты адам үшін жазудың ережелерін меңгеріп, дұрыс жаза білу қаншалық қажетті және міндетті болса, айтылудың ережелерін меңгере білу сөйлеуде үндестікті сақтап айту, жалпыға ортақ қалыптасқан қағидалардан ауытқымау да соншалықты қажет және міндетті болып саналады.

Бақылау сұрақтары:

1. Дыбыс және фонема.
2. Фонеманың қызметі
3. Фонеманың жаңа ажыратқыш сипаты
4. Фонемалар жүйесі жайлы ұғым.
5. Орфоэпия жайлы ұғым.

## 26-Тақырып Сөз-лексикология пәні

### Жоспар:

1. Кіріспе.
2. Негізгі бөлім:
  - а). Лексикология және оның түрлері мен салалары
  - б). Лексикологияның тіл білімінен өзге салаларымен байланысы.
3. Қорытынды бөлім.

Лексика-көне гректіктің *Lexikos* (сөздік) деген сөзі. Лексика деген сөз жер жүзіндегі халықтар тілінің көпшілігінде термин болып қалыптасып кеткен. Біздің тілімізге ол орыс тілі арқылы келіп орнықты. Бұл термин - бір тілдегі барлық сөздердің жинағы деген ұғымды білдіреді. Осы лексика деген терминнің ұғымына тілдің жергілікті ерекшелігі де, сол бір тілдің говорлары да, диалектілері де енеді. Лексикалық құрамына енген сөздерді тексеретін-лексикология, мағыналарын тексеретін-этимология, сөздік жасау, сөздерді жүйелі түрде жинау ісін тексеретін-лексикография кіреді. Бұған фразеология да іргелесіп отырады. Тіл ғылымының этимология, лексикология, семасиология, лексикография деген тараулары лексиканы тексереді. Сонымен қатар лексика грамматиканың негізгі базасы болып табылады. Грамматикалық категорияларды сөздің грамматикалық өзгерістерін, түрленуін, бір сөз бен екінші сөздің байланысын-оның негізгі объектісі болатын-сөзден бөліп қарауға болмайды. Сөздердің мағынасын, оның жалпы лексикалық системадағы алатын орнын, шығу төркіне қолдану қабілеттігін күнделікті қарым-қатынастағы көрінісін, стильдік мәні мен сипатын тексеретін лексикология.

Лексикология тілдегі барлық сөздердің жиынтығын, сөз байлығын зерттейді, тілдің негізгі сөздік құрамының келеі мәселелерін түгел қамтып, оны егжей-тегей түсіндіруді мақсат етеді.

Лексикология - сөзді және сөздердің жиынтығы-тілдің сөздік құрамын (лексикасын) зерттейді. Сөз лексикологияда лексикалық единица ретінде қарастырылады. Лексикалық единицалардың (сөздердің) жиынтығынан тілдің сөздік құрамы (лексикасы) құралады. Әрбір тілдің сөздік құрамындағы сөздер қаншама көп және алуан түрлі болғанымен олар бір-бірімен байланысты, өзара шарттас элементтердің жүйесі ретінде құралады да сөз тілдің лексикалық жүйесінің элементі ретінде қаралады. Жалпы қатынас құралы ретіндегі тіл атаулының лексикалық жағына тән құбылыстар мен жалпылама заңдылықтар мен ұғымдар жалпы лексикологияда қарастырылса, лексикалық құбылыстар мен жалпы заңдылықтардың жеке, нақтылы тілдердің лексикасына икемделіп көрініс табуы және әрбір тілдің сөздік құрамы мен дамуы, өзіндік ерекшеліктері жалқы лексикологияда (жеке нақтылы тілдің лексикологиясында) қарастырылады. Әрбір тілдің лексикологиясы (жеке лексикология) жалпы лексикологияның жалпы теориялық қағидаларына негізделеді де, нақты бір тілдің лексикасын зерттейді.

Жеке лексикология білгілі бір тілдің сөздік құрамын шығуы мен тарих бойында дамуы тұрғысынан немесе тілдің сөздік құрамын сол тілдің белгілі бір дәуірдегі мысалы, қазіргі дәуірдегі қалпы тұрғысынан қарауы мүмкін. Осыған орай, лексикология тарихи (диахрониялық) лексикология және сипаттама (синхрониялық) лексикология болып бөлінеді. Тарихи лексикологияда тілдің сөздік құрамы шығуы замандар бойында қалыптасуы және дамуы, лексиканы құрастырушы арналар және олардың тарихы тұрғысынан зерттеледі. Ал сипаттама немесе синхрониялық лексикологияда, мысалы

"Қазіргі орыс тілі, "Қазіргі ағылшын тілі", "Қазіргі қазақ тілі" атты пәндердің лексикология бөлімдерінде аталған тілдердің лексикасының осы заманғы қалпы, сөздің мағыналық құрылымы, лексиканы құрастырушы арналар мен қат-абаттар, сөздердің активті және пассивті топтары, сөздік құрамның даму жолдары, лексиканың стилистикалық жақтан дифференциялануы сөздердің қолданылу аясы, мағыналардың қарым-қатынасына қарай сөздердің топтасуы және тағы басқа мәселелер қарастырылады.

Тарихи лексикологияның бір саласы - этимология. Этимология сөздердің шығу тегін зерттеп, олардың ең алғашқы мағынасының қандай болғандығын айқындайды. Этимологиялық зерттеулердің жеке сөздердің шығу тәркінін ғана емес, сонымен бірге жалпы тілдің тарихын танып білуде маңызы күшті. Этимологи ялық зерттеулердің екі түрлі проблемаға қатысы бар. Оның бірі - тіл мен тарих проблемасы, екіншісі - тіл мен ойлау проблемасы.

Лексикологияның енді бір саласы- салыстырмалы лексикология, туыстас тілдердің сөздік құрамын, ондағы сан алуыан сөздерді бір-бірімен салыстыра отырып зерттейді. Салыстырмалы лексикология туыстас тілдердің лексикасын салыстырып қана қоймайды, оларды тарихи даму, өзгеру тұрғысынан қарастырады. Сондықтан ол, әдетте, салыстырмалы-тарихи лексикология деп аталады. Оның маңызы мынада: тілдің ерте кездегі шағын сөздік қоры талай замандар бойында, біріншіден, талай өзгерістерге ұшыраса, екіншіден өрбіп, өсіп сан мыңдадаған сөздер қосылып, бұл күнде оның аумағы да арнасында кеңіді. Тілдің лексикасындағы әрбір сөздер белгілі бір мағына бар. Сөздердің мағыналық жақтары семасиологияда қарастырылады.

Семасиология сөздердің мағыналарын және ол мағыналардың өзгеру жолдарын семантикалық заңдарды зерттейтін арнаулы бір сала болып табылады. Семасиология лексикологияның ең басты және маңызды саласы, өйткені оның зерттейтін мәселесі мағынаны әрбір сөздің "жаны" десе болады. Лексикологияның семасиология тарауымен тығыз байланысты бір саласы-ономасиология деп аталады. Семасиология сөздің мағыналары, семантикалық заңдарды зерттесе, ономасиология зат немесе құбылыс ұғымының белгілі бір сөзбен аталуының себеі неліктен екендігі қарастырылады. Ономасиологияның диалектологияға қатысы бар. Ономасиологияның диалектологияға қатысы әсіресе лингвистикалық географиядан айқын аңғарылады. Әр түрлі тілдердің диалектологиялық атластарының лексикология картасы ономасиологиялық негізге сүйеніп жасалады да, бір заттың немесе құбылыстың диалектілеріндегі әр түрлі атауларының таралу шегі көрсетіледі.

Ономасиологияның айырықша бір саласы-ономастика жалқы есімдерді зерттейді. Ол өз ішінде екі салаға бөлінеді: оның бірі антропонимика кісі аттарын зерттеу объектісі етіп алса, екіншісі топонимика географиялық атауларды зерттеу объектісі етіп қарастырады. Лексикология сөздерді тілдің сөздік құрамын құрастыратын единицалар, яғни лексикалық единицалар ретінде қарастырады. Лексикологияда мағынасы жағынан дара сөздермен сәйкес келетін фразеологиялық сөз тіркестері де қарастырылады. Мысалы: жүрегі тас төбесіне шығу (қорку), қас пен көздің арасында (лезде) т.б. фразеологиялық сөз тіркестері әбден лексикаланғанда мағынасы жағынан бір сөз тәрізді болып кеткен. Осылар тәріздес сан алуан фразеологиялық сөз тіркестерін зерттейтін лексикологияның арнаулы бір саласы фразеология деп аталады. Фразеология тұрақты сөз тіркестерінің түрлерін, олардың құрамы мен құрылысын және жасалу жолдарын қарастырады. Лексикология тіл білімінің әсіресе грамматика саласы мен тығыз байланысты. Оның грамматикамен тығыз байланысын әсіресе сөз тудыру тәсілдерінен айқын көрінеді. Сөздердің грамматикалық формаларын тудыру үшін қандай тәсілдер қолданылса, туынды жаңа сөздердің жасалуында да сондай тәсілдер қолданылады. Мысалы, сөздердің бірігуі, қосарлануы, аффикстердің жалғануы форма тудыратын грамматикалық тәсілдер ретінде де туынды жаңа сөз жасайтын тәсілдер ретінде де қызмет атқарады.

Лексикологияның ең басты зерттеу объектісі - сөз. Толық мағыналы сөз. Ол лексема деп аталады. Лексикологияның ең басты салалары:

1. Этимология – сөздің шығу тегін, қалай пайда болғанын, уәждемесін зерттейді;
2. Семантика – сөздердің мағынасын және мағыналық категорияларын зерттейді;
3. Лексикография – тілдегі сөздерді жинақтап, әртүрлі сөздіктер құрастырады.
4. Ономазиологияда сөздік қор мен сөздік құрам және оның элементтері тексеріледі.

5. Фразеологияда – тұрақты сөз тіркестері зерттеледі.

6. Терминология – әр түрлі ғылым, өнер салаларындағы арнаулы сөздерді зерттейді.

Лексикология ғылымы – сөзжасаммен, морфологиямен және синтаксиспен байланысады, сонымен қатар ол диалектология, стилистика, когнитивтік лингвистикамен де тығыз байланысады.

Сөз грамматикада қарастырылып зерттеледі бірақ лексикология мен грамматиканың әрқайсысы сөзді әр басқа тұрғыдан алып қарастырады, түрліше талдау жасайды. Мысалы, көр, әлеумет деген сөздердің грамматика үшін ең басты жақтары мыналар: көр сөзі- етістік, оның ішінде сабақты етістік, бұйрық райда; кейде көмекші етістік қызметінде де жұмсалады (айтып көр, жазып көр), әлеумет-зат есім, жалпы есім, атау тұлғада зат есімнің жекеше түрі, көптік жалғаусызда көптік ұғымды білдіре алады. Ал лексикология бұл сөздерді тіптен басқаша жақта қарастырады. Лексикология үшін аталған сөздердің басты жақтары мыналар: көр сөзі белгілі дәрежеде кара, байқа сөздермен синонимдес болады. Бұл сөз шығу тегі жағынан қазақ тілінің төл сөзі. Әлеумет сөзі халайық, жұртшылық, көпшілік, халық деген сөздермен синонимдес болады. Қолданылу жағынан алғанда көтеріңкі поэтикалық стильге тән сөз болып табылады.

Қорыта айт қанда, тіл білімінің лексикология саласы сөзді біріншіден мағынасы жағынан, екіншіден шығу тегі жағынан, үшіншіден қарым-қатынас жасауда қолданылу аясы мен шеңбері жағынан, төртіншіден экспрессивті-стильдік сипатымен қызметі жағынан, бесіншіден, сөздің сөздік құрам мен сөздік қордан алатын орны жағынан - жан-жақты қарастырып зерттейді. Демек, лексикология сөзді тілдің лексикалық единицасы ретінде қарастыра отырып, оны жан-жақты қамтиды. Сонымен, лексикология тілдегі сөздер және барлық сөздердің жиынтығы-сөздік құрам туралы оның жасалып қалыптасуы және дамуы туралы ғылым болып табылады.

#### **аланған әдебиеттер тізімі:**

1. Т.Аханов . "Тіл білімінің негіздері"
2. І.Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. "Қазіргі қазақ тілі"
3. Ә. Болғанбаев. "Қазақ тілінің лексикологиясы"

## **Тақырып-27**

Фразеология.

Жоспар:

1. Сөздердің еркін және тұрақты тіркестері.
2. Фразеологиялық бірліктердің семантикалық тұтастығы және құрылысы тұрғысынан жіктелуі.

## 28-тақырып

### **Сөз тіркесі және сөйлем.**

1. Сөз тіркесі және оларға тән белгілер.
2. Сөйлем және оларға тән белгілер.
3. Жай сөйлем.
4. Жай сөйлемдер құрамындағы синтагмалар.

## 29-тақырып

### **Тілдің сөздік құрамының стилистикалық тұрғыдан жіктелуі.**

Жоспар:

1. Стилистикалық бейтарап сөздер.
2. Кітаби лексика.
3. Ауызекі және жалпыхалықтық лексика.
4. Әдеби тіл лексикасы және диалектілік лексика.
5. Түрлі әлеуметтік топтар лексикасының ерекшеліктері.

## 30-Тақырып Жазу теориясы және жазу тарихы

### Жоспар:

1. Жазу таңбалары және олардың типтері.
2. Жазудың типтері.
3. Пиктография. Идеография.
4. Көне Египет иероглификасы.
5. Шумер жазуы.
6. Буындық жазу.
7. Қазіргі әлемдегі әліпбилік жазу түрлері.

Жазу – адамзаттың ұлы мәдени құндылықтарының қатары-на жататын, өркениет дамуының құрамдас бөлігі. Адамзат мәдениетінің өркениетке аяқ басуы дыбыстық жазу Типінің пайда болуынан басталса, өркениеттің әлеміетке ұласуы жазба коммуникацияның, жазба тілдің жоғары даму сатысына жеткенінен хабар береді. Бүгінде жазу кеңістігі ұлғайғаны соншалық оны жазу және мәдениет, жазу - өркениет, жазу - қоғам, жазу мен ойлау, жазу мен тіл, жазу және коммуникация сияқты іргелі ұғымдар оппозициясында қарауға болады.

Жазудың доминанттық сипаты сөз институттары – мектеп, университет, кеңсе, баспа, бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) – мәдени құндылықтарының маңыздануынан және осыдан келіп бүкіл оқыту (мектеп, университет), басқару (кеңсе), ойды экс-плицитті түрде сыртқа шығару (баспа өкілдері), хабарлау (БАҚ) жүйесінің жазуға негізделуінен шығады. Аудиалды (радио, ау-диотаспа), видео-аудиалды (теледидар, бейнетаспа), БАҚ-ның өзінде ақпараттық хабарлар, көркем әдеби бағдарламалар алды-мен жазуда жүйеленіп, сөйленеді. Бір қарағанда ұялы телефон, бейнетелефон, әліпбидегі әріптерді пайдаланып ауызша сөйлеу формасымен интернет арқылы, яғни таңбаланған ауызша сөз арқылы сол мезетте хабар алысу, телефон сияқты әлеуметтік құралдармен жаппай коммуникацияланып, мәтіндерді (көркем әдеби, публицистикалық) оқығаннан гөрі, көру-есту мүмкіндігі мол фильм, телебағдарламаларды тамашалаудың артықшылығы, уақыт үнемділігі білініп отырған ғасыр жазудың пәрменділігін төмендетуі де мүмкін сияқты. Ғылыми-техникалық өркениеттің дамуы, сөйтіп, өзінің шығу негізі – жазудың - кеңістік пен уақыт шегіне қарай коммуникация құралы болу мүмкіндігін қысқартып, қосалқы дәрежелілікке тықсырып отырғандай. Алайда, жоғарыда айтқандай, мемле-кеттік құрылыстың дамуы, бұқаралық коммуникацияның қар-қындауы және ақпараттар тасқынының күшеюі жазудың қосал-қы қызметтерін жоғары деңгейге көтереді.

Саяси құрылысты басқару жүйесінің күрделілігіне байланысты жазудың факт, аргумент, дәлел болу қызметі бар. Бүгін-де ресми құжаттар (мемлекеттік, заңи, құқықтық, нотариалдық) мен ресми ісқағаздар “тірі адамның өзі” ретінде жүретін бол-ды. Біз айтып тұрған ауызбен емес, қолындағы қағазымен сөйлесетін кезге келдік. Бұл, бір жағынан, бүгінгі қоғамның “қағазбастылық”, “формалдылық” сияқты жағымсыз сипатына да айналып барады. Жазу – адамның жазба есі, жады болу қызметін атқарады. Бұл оқу-ағарту (мектеп) саласында ауызша үйретумен қатар жаздырып, түсіндіруден көрінсе, кейін жоғары оқу орнында (ЖОО) тек жаздыру арқылы (лекция) түсіндіру немесе ауызша түсіндірілгенді студент, аспиранттың өзі қағазға “түртіп” отыруынан байқалады. Жазудың жадылық қызметі қоғамның бұдан басқа да салаларында кеңінен қолданылады. Жалпы жазу термині қазіргі тіл білімінде мынадай мағыналарда жұмсалады: а) ойды, айтылған сөзді қағазға түсіру, таңбалау процесі; ә) осы процесс арқылы жазба мәтін құрау (хат жазу, арыз жазу, ойды жазу арқылы сыртқа шығару); б) белгілі бір тілдің жазба тілінде қызмет ететін графикалық жүйе (мысалы, араб жазуы); в) әліпби; орфография; жазба тілжүйесі (қоғамдық таңба, тілді реализациялайтын жүйе); г) жазылған дүниенің сыртқы формасы, қолтаңба (менің жазуым жаман деген мағынада); ғ) шығармашылықты жүзеге асыру

(әңгіме жазу, өлең жазу, диссертациялық еңбек жазу); д) музыкалық туындыны таңбалау (балет, опера жазу).

Бүгінде қазақ тіл білімінде жазу термині әліпби, графика, орфография, жазба тілұғындарын түгел қамтитын кең мағынада жұмсалады. Қазақ жазуының бүгінгі келбеті мен болашағы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне байланысты. Осыған орай ресми ісқағаздардың, БАҚ-ның қазақ жазба тілде жазылуы, ұлттық ойлаудың жазба тілде жарыққа шыға алуы және оның болашақтағы ғылыми-техника прогресіне төтеп бере алуы “жазу”, “қазақ жазуы”, “жазба тілдің қалыптасуы”, “орфография” сияқты түсініктерді студенттерге тереңдеп түсіндіруді қажет етеді. Қазіргі қазақ тіл білімінде жазуды сөздің қағазға түскен көшірмесі деп тану басым, яғни акад. Л.С.Выготский айтқандай, мектеп оқушыларын жазбаша сөйлеуге емес, сөзді жазуға үйретеді, сондықтан белгілі бір дәрежеде жазбаша сөйлеуге үйрету таза, көркем жазу деңгейінен әлі көтеріле қойған жоқ. Осыған орай қазақ тілінің фонетикалық, морфемдік, лексикалық, синтаксистік жүйесі ретінде жазба тіларқылы нормаланған, әдеби тіл нормасы танылады. Ал ауызша сөйлеу тілі тіл білімі зерттеу нысанынан тыс қалады. Бірақ жазу – сөздің әріп арқылы түскен көшірмесі – ауызекі тілдің өзі емес, өзіндік деңгейлері бар, жүйелі құрылым екені ескерілмейді.

Жазу – адамдардың қашықтықта тұрып, қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ету. Өйткені жазу қоғамдық қажеттіліктен туындады. Адамдар арасындағы күрделі қоғамдық қатынастың дамып жетілуін ауызша сөйлеу тілі қанағаттандыра алмады. Сондықтан жазудың шығуы ең алдымен қарым-қатынастың маңызды бір құралына деген қоғамдық мұқтаждыққа қарыздар. Ауызша сөйлеудің екі кемшілігі болды: таралу кеңістігінің шектеулілігі және уақыт жағынан шектеулілігі. Адамдардың қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік қатынасында жоғарыдағы олқылықтарды толтыру үшін пайда болған жазудың миссиясы, бүгінде қарап отырсақ, тереңде екен. Тілдің даму тарихы тұрғысынан келсек, тіл адам санасындағы ойды жарыққа шығарып, жазу ауызша айтылған ойды оптикалық құралдар арқылы визуалды дүниеге айналдырады. Сонда жазу тек қосалқы қызмет атқаратын құрал болып табыла-ды. Алдымен аса маңызды қатынас құралы болған – тіл ауызша түрде өмір сүрді. Талай жүз жылдықтар бойы басқа қатынастың түрін іздемеді. Сөйтіп, ойды жарыққа шығарудың және айнала-сына қатынас жасаудың жалғыз түрі ауызша сөйлеу ғана бол-ды. Жазу енді тілдің осы екі қызметінің көшірме түрі ретінде, қосалқы қызмет атқаруға келгендей. Оны сызба ретінде былай нобайлауға болады: Тілдік сана ⇒ тіл ⇒ ауызша сөйлеу ⇓ жазу Үшінші мыңжылдықтағы жаңа технологиялар тасқыны, ғылыми-техникалық прогресс, ақпарат таратудағы жаңа көздер, қашықтық пен уақыт барьерін жеңетін жаңа техника түрлерін ойлап табудың жоғары деңгейінде келеді. Осымен байланыс-ты ауызша коммуникацияның жетілген технологиялы бүгінгі кезеңінде жазудың адамзат өркениеті үшін атқарар қызметін парықтаудың қажеттілігі бар. А.Байтұрсынұлы “Біздің заман – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман” деген. Жазусыз өркениет болмасы анық. Тас дәуірінен атом дәуіріне дейінгі адамзат мәдениетінің жетістіктерінің бәрі жазу арқасында. Біздіңше, өркениеттің дамуын сипаттауда жазудың маңызы-нан бастап айту оның әлдеқайда жүйелі, күрделі, дербес құры-лым болып қалыптасқанын, жазудың адамзат өркениетіндегі болашақта атқарар қызметін танытпақ. Мысалы, шумер елін-де жазудың пайда болуы ең алдымен мемлекеттік құрылыстың дамуы мен жетілуіне, сауданың өркендеуіне байланысты болға-ны белгілі. Жазудың сол антикалық дәуірдегі қызметі бүгінгі әлеміет дәуірінде қайта күшейіп, жазу мемлекеттілікке, заңна-ма, құжатнамаға қызмет етеді. Бүгінде ресми ісқағаздар адам-дардың сөйлесуінсіз-ақ түсінісетін, құжаттар өзара “сөйлесетін” жүйе құрайды. Ресми ісқағаздар – айқындылықтың, дәлелдік-тің, аргумент, фактінің құжаты болды. Ендеше, жазудың бүгінгі күн тұрғысынан басты маңызы мен қызметі белгілі кеңістік ше-гіндегі әлем үнкосуларын бекітетін, растайтын деңгейге жетіп отыр. Яғни мемлекеттің күшеюімен байланысты, жазудың дерек болу (визуалдылық арқылы) сипаты артып отыр. Жазу – тілді

жаңғыртудың, бекітудің құралы. Жүйесі мен құрылымы бар тілдік таңба жазуға түсіп, денотаттық тұрпатқа ие болғаннан кейін мәңгілік құндылыққа айналды. Өйткені жазу ауызша сөзді таңбалап қана қоймайды, адамның тіл туралы түсінігін кеңейтеді, тереңдетеді. Тілдің инвариантты, абстракті, күрделі құрылымдық деңгейге жетуіне әсер етеді. Соған сәйкес тілдегі синтаксистік құрылымдар, күрделі фразалық тұтастықтар жазудың негізінде пайда болды. Тілдің (әдеби тілдің) стильдік тармақтары сараланды, стиль нормаларының қалыптасуына әсер етті. Сөйтіп, жазу сөйлеуде елене бермейтін тілдің барлық қалтарыстарын нақтылаудың негізінде тілдің сұрыпталып, нормаланған, електен өткен құрылымын ғана таңбалап, жазу нормасына сай сөйлемдер мен мәтіндерді тілдік жүйеге жатқызды. Сондықтан ауызша сөйлеудегі еркіндік-ті тілдік қалыпқа салу, яғни жазуға түсіру кез келген сауатты адамның қолынан келмейді. Адам күнделікті қарым-қатынас тілімен біреуге хат жазу мүмкіндігіне ие болғанмен, өзінің ойын жүйелі, толыққанды, мазмұнды етіп жазбаша жеткізу-де қиындыққа тап болады. Сонымен, жазудың екінші қызметі тілдің жүйелі құрылымға айналуына әсер етуі болып табылады. Тілдің барлық потенциалды мүмкіндіктерін ашып, пайдалануға әсерін тигізеді. Сондықтан да бүгінде жазылған дүниені сол тілдің жүйесі мен құрылымы ретінде тануға, қабылдауға, тілдің “өзі” деп түсіндіруге, түсінуге күмән қалмайды. Үшіншіден, жазу – адам ойының материалданып, жарыққа шығуының, дәлірек айтқанда творчестволық әрекетінің құралы. “Көңілдегі көрікті ойдың сыртқа шыққанда өні қашатын” болса, жазудың арқасында қағазға түскен шашыраңқы ойды жүйелеуге болады.

Тіл өзінің қатынас құралы болу қызметін ауызша түрде де, жазбаша түрде де атқара алады. Дыбыстық тіл жазу арқылы таңбаланады. Соның нәтижесінде оның қатынас құралы ретінде қолдану шеңбері кеңейеді. Жазу – адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, өмірдің барлық салаларында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал.

Қазірде біз жазба тілді ауызша тілдегі сөздердің жазбаша түрде әріптердің тіркесімен белгіленуі деп түсінеміз. Бірақ алғашында бұлай болмаған. Жазудың тарихына көз жіберсек, әріппен таңбалаудың кейіннен пайда болғанын көреміз. Жазу өте ерте заманда жасалып, мыңдаған жылдар бойы өзгеріп, дамып келді. Жазудың мыңдаған жыл бойына дамып жетілуімен бірге, оның принциптері де өзгеріп отырды.

Пиктографиялық жазу. Бұл жазудың ең алғашқы түрі. Пиктографиялық жазу – суретке негізделген жазу. Сондықтан оны кейде сурет жазуы деп те атайды. Пиктографиялық жазудың таңбалары пиктограммалар деп аталады.

Әрбір сурет өздігінен бүтіндей хабарды білдіре алады. Ол хабар графикалық жағынан жеке сөздерге бөлшектенбейді. Осыған орай пиктограмма тілдік нормаларды емес, оның мазмұнын бейнелейді. Осылай болғандықтан пиктограммалардың мағынасын әр түрлі тілдерде сөйлейтін адамдар түсіне алатын болған. Пиктографиялық жазуға таңба ретінде адамның, қайықтың, малдың, тоғайдың... т.б. суреттері қолданған. Мысалы, “мен аң аулауға кеттім” дегенді білдіру үшін адамның суретіне қоса тоғайдың және аңның суреті салынған.

Пиктографиялық жазу өте жабайы жазу болды, оның кең мазмұнды ойды түгелімен жазып жеткізуге мүмкіндігі болмады. Пиктографиялық жазудың тәсілін қазірде де кездестіруге болады. Мысалы, көшеде жүрудің тәртібін аңғартатын әр түрлі белгілердің, магазинде мен шеберханалардың жарнамасындағы бас киімнің, аяқ киімнің түрлерінің суреттері, сағаттың, примустың және т.б. суреттерінің пиктографиялық сипаты бар.

Пиктографиялық жазудың біртіндеп даму барысында идеографиялық жазу пайда болды. Идеографиялық жазудың таңбалары идеограммалар деп аталады. Пиктографиядан идеографияға көшу өте баяу болды және пиктограммалардан пайда болған идеограммалардың алғашында пәлендей айырмасы да болмады. Идеографиялық жазудың даму барысында идеограммалар пиктограммалардан біртіндеп алшақтап, ақырынды идеограммалар белгіленетін заттың сыртқы формасына дәлме-дәл негізделуден қалып, шартты таңбалар ретінде қолданыла бастады. Идеографияның пиктографиядан басты

айырмашылығы таңбалардың формасында емес , олардың мағынасында. Идеографиялық таңба (идеограмма) не жеке сөзді немесе оның атауыш бөлшегін (мысалы, қытай тілінде бір буынды сөздерден құралған күрделі түбір морфемаларды немесе жапон және корей тілдеріндегі грамматикалық жақтан өзгертін сөздердің негіздерін ) белгілейді.

Идеографиялық жазудың үлгілерін өтө ертедегі қытай жазуы мен шумер жазуынан көруге болады. Қытай жазуының идеографиялық жүйесі осыдан төрт мың жыл бұрын жасалған болатын. Қытайдың жазу жүйесі әрбір таңбаның дыбыстық тілдегі белгілі бір сөзге сәйкес келіп , соған телінуіне негізделген. Қытай жазуындағы таңбалар біртіндеп өзгеріп, жетіліп, белгілейтін заттар мен құбылыстардың шартты таңбаларына айқындалған.

Идеографиялық жазудағы графикалық таңбалар цифрлар тәрізді: олар сөздің дыбысталуын емес , мағынасын білдіреді. Сондықтан қытай тілінде омонимдер әр түрлі иероглифтермен белгіленеді, бірақ олардың дыбысталуы мен морфологиялық құрылысы біркелкі болады. Жазудың идеографиялық принципін қазіргі тілдердегі сандардың таңбаларынан да көруге болады. Мысалы, “5” деген цифрды алалық. Бұл цифрдың сандық мағынасын орыс та, қазақ та, неміс те, ағылшын да, басқалар да түрліше емес, бірдей ұғынады. Бірақ бұл цифрлардың атының дыбысталуы әр тілде әр түрлі: орысша – пять, қазақша – бес, ағылшынша – five.

Цифр белгілі бір ұғымды санның таңбасы ретінде көрсетеді, бірақ ол таңбаның цифр атының дыбысталуына ешбір қатысы болмайды. Осы ерекшелік – идеограммалар мен идеографиялық жазуға да тән нәрсе. Идеограммаларды цифрлар тәрізді таңбалар деп түсіну керек.

Қазіргі кездегі идеограммалар (математикалық, химиялық, астрономиялық, және т.б. ғылыми-техникалық таңбалар) жеке сөзбен немесе сөз тіркестерімен айтылатын ғылыми терминдерді білдіреді. Мысалы, O-“кислород”, -түбір, -“Атом ядросы”, h-“Планк тұрақтысы”. Ғылым саласында жаңадан пайда болған ұғым, ең алдымен , сөз тіркесімен айтылады да , осыдан кейін барып ол арнаулы таңбамен белгіленеді.

Пиктографиялық жазуға қарағанда, идеографиялық жазудағы идеограммалар өзінің мағыналары арқылы тілді дәлірек бейнелейді. Идеографиялық жазу сөйлеудің мазмұнының білдірумен бірге , оның бөлшектері – сөздерді , сөздердің синтаксистік орын тәртібін , кейбір жағдайда сөйлеудің фонетикалық жағынан да ажыратып бере алады.

Жазудың даму барысында буын жазуы пайда болады. Жазудың буын жүйесінде таңба буынды белгілейді. Жазудың буын жүйесі шығу тегі мен таңбалардың фонетикалық мағынасы жағынан бірнеше түрге бөлінеді. Таңбалардың фонетикалық мағынасы жағынан буын жазуын негізгі үш топқа бөліп қарауға болады.

Мұның бірінші түріне ассиро-вавилон , элам, урарт, сына жазулары , майя жазуы, лигатуралы дыбыстық дыбыстық корей жазуы жатады. Жазудың бұл жүйелерінде таңбалар кез-келген буынды, атап айтқанда , буынның мынадай түрлерін белгілейтін болған: дара дауыстының өзі, А(дауысты) С(дауысыз), С А, С А С; майя жазуында сөз соңындағы дауыссыздарды да белгілеген.

Буын жазуының екінші түріне крит-микен буын жазуы , кипр, эфиопия және жапон буын жазулары жатады. Жазудың бұл жүйесінде таңбалар тек дара дауыстыларды және дауыссыздардың тіркесі мен белгілі бір дауыстың қосындысын белгілейді.

Буын жазуының үшінші түріне үнді, жазуының әр түрлі жүйелері ( кхарошти, брахми, жәнет.б.) енеді. Жазудың бұл жүйесінде негізгі таңбалар жеке –дара дауыстыларды (“а”) және дауысыз бен дауыстының (“ ка”) қосындысын белгілейді.

Жазудың буын жүйесі шығу тегі жағынан да үш топқа бөлінеді.

- Логографиялық жазудың даму барысында жасалған крит, майя, кипр буын жазулары,
- Эфиопия, индия (брахма, кхарошти және осылардан жасалған жазулар) буын жазулары.

- Жапон буын жазуы мен дигатуралы-дыбыстық жазу жүйесі (корейлік кун-мун).

Әріп жазуы буын жүйелі жазудан кейін пайда болды. Таза күйінде консонантты-дыбыстық жазу II мың жылдықтың екінші жартысында пайда болса, вокалданған-дыбыстық жазу біздің дәуіріміздің I мың жылдығының басында пайда болды.

Әріп жазуының пайда болуының дүние жүзілік мәдениеттің дамуы үшін үлкен маңызы болды. Жазу жүйелерінің ішінде әріп жазуы – ең қолайлы жазу. Әр түрлі тілдерде буын саны мен сөздің санынан дыбыстың саны әлдеқайда аз. Осыған орай дыбыстарды таңбалау үшін, әдетте, 20-дан 40-қа дейінгі таңба санының өзі жеткілікті болады. Әріп жазуындағы таңбалардың мұндай шағын мөлшері жазуды меңгеруді, сауаттылыққа үйретуді жеңілдетеді. Әріп жазуы – сөздерді ғана емес, сонымен бірге, олардың дыбыстық жағы мен грамматикалық формаларын да дәлме-дәл белгілеу үшін өте-мөте қолайлы жазу.

Орфография дегеннен дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы дегенді түсінеміз. Тілдің дыбыстық жағы оның сөздік құрамы және грамматикалық құрылысымен, өз ара байланыста болады. Осыған орай фонетикалық жазу тілдің дыбысталу жағын ғана емес, сонымен бірге лексикасы мен грамматикалық ерекшеліктерін де қамти алатындай алатындай болуы керек. Орфография дұрыс жазудың нормасы мен қағидаларын белгілегенде, тілдің әр түрлі жақтарын және олардың байланысын ескере отырып, нақтылы принциптерге сүйенеді, соларды негіз етіп алады. Орфографияның жұп-жұбымен тізбектеле қолданылатын алты түрлі принципі бар. Олар мыналар:

**Фонематикалық принцип пен фонетикалық принцип.** Фонематикалық принцип бойынша, әрбір фонема қай позицияда келуіне қарамастан, өзіне бекітілген тұрақты таңба – бір әріппен белгіленеді. Орыс тілінде бір сөздің әр түрлі формалары, мысалы, *плода* және *плод* формалары әр түрлі дыбысталғанымен (плода формасында айтылған сөздің құрамындағы ұяң дауыссыз **д** **плод** сөзінде айтылуда қатаң дыбысқа айналады), біркелкі жазылады. Орфографияның фонематикалық принципі бойынша *дуб* және *дуба* формалары да айтылуда бірінде қатаң, екіншісінде ұяң дауыссыз келуіне қарамастан біркелкі ұяң әріппен жазылады.

Фонетикалық принцип сөздің құрамындағы дыбыстардың айтылуын сақтап жазуды басшылыққа алады. Мысалы, *жаздыгүні*, *қыстыгүні*, *ашудас* деген сөздердің айтылуынша, осылай жазылуы – орфографияның фонетикалық принципіне сүйеніп жазудың нәтижесі. Бірсыпыра сөздердің жазылуында фонематикалық принцип пен фонетикалық принцип бірдей ұштасып, бір-біріне сайма-сай келеді. Мысалы, орыс тіліндегі *пол*, *ток*, *кот*, *сом*, *сам*, қазақ тіліндегі *ағаш*, *тас*, *көл*, *қорған*, *аттаныс* тәрізді сөздер фонематикалық жақтан да, фонетикалық жақтан да біркелкі жазылып, бір-бірінен ажыраспайды. Солай болғандықтан аталған сөздердің жазылуын фонематикалық принципке де, фонетикалық принципке де жатқызуға болады.

**Этимологиялық принцип пен дәстүрлік-тарихи принцип.** Этимологиялық принцип сөздердің қалпын емес, шығу тегін сақтап жазуға негізделеді. Мысалы, орыс тілінде “қайық” деген мағынаны білдіретін сөз *лотка* түрінде емес, *лодка* түрінде жазылады. Бұлай жазуда сөздің негізі *лодочный*, *лодочка* деген сөздердің құрамында кездесетін *лод* екені ескеріледі. Этимологиялық принцип бойынша жазу сөздердің өткен дәуірдегі қалпын сақтайды. Мысалы, орыс тілінде *пчел*, *пошел*, *пшанный* деген сөздердің құрамындағы **е** әрпінің орнына қазіргі кезде **о** дыбысы айтылғанымен, бұлардың ертеректегі қалпы сақталып, этимологиялық принцип бойынша жоғарыда көрсетілген түрде жазылады.

Дәстүрлік-тарихи принцип этимологиялық принциппен төркіндес, соған ұқсас принцип болып саналады. Орфографияның бұл принципі тілдің ерте кездегі жазу дағдысына негізделеді де, сөздің ертеректегі айтылуы мен жазылуын өзгертпей сақтауды көздейді. Мысалы, *помощник* деген сөз шіркеулік славяндық *помощь* дегеннен емес, орыс тілінің *помочь* деген сөзінен жасалғанына қарамастан, дағды бойынша жоғарыда көрсетілген түрде жазылады.

**Морфологиялық принцип пен иероглиф принципі.** Морфологиялық принцип бойынша жазу сөздердің айтылуына емес, түбір тұлғасын сақтауға негізделеді. Көптеген тілдерде сөздерге сөз тудырушы аффикстер мен сөз түрлендіруші аффикстер жалғанғанда, екі сөз бірігіп немесе өз ара тіркесіп айтылғанда, сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуы өзгеріп, әр түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырайды. Морфологиялық принцип дыбыстлудағы бұл рекшеліктерді ескермей, сөз құрамындағы сыңарлардың жеке тұрғандағы қалпын сақтап жазуды басшылыққа алады. Мысалы, *басшы* (башшы емес), *ұшсын* (ұшшын емес), *сәнқой* (сәнқой емес), *көрінбеді* (көрімбеді емес), *қазанғап* (қазанғап емес), *әркім* (әргім емес).

Орыс тілінде айтылуда *вадавоз*, *атрез*, *одзыв*, *хаждение* түрінде дыбысталатын сөздер жазуда морфологиялық принципті гаяныш студің негізінде *водовоз*, *отрез*, *отзыв*, *хождение* түрінде жазылады.

Иероглиф немесе символ принципі біркелкі дыбысталатын сөздерді, яғни омонимдерді жазуда бір-бірінен ажырату үшін қолданылады. Мысалы, орыс тілінде “музыкалы би кеші” деген мағынаны білдіретін *бал* деген сөз бен “оқушылардың білім дәрежесіне қарай қойылатын цифрлы баға” деген мағынаны білдіретін *балл* сөзі жазуда біреуінде жалғыз л әрпі, екіншісінде қосарлы лл әрпі қолданылу арқылы ажыратылады. Орыс тілінде “науқан” деген мағынаны білдіретін *кампания* деген сөзден “бірлестік, серіктестік” *компания* деген сөз жазуда иероглиф принципі бойынша ажыратылып жазылады. Қазақ тілінде “жай, күй, жағдай” деген мағынаны білдіретін *хал* сөзі мен “денедегі кішірек қоңырқай таңба, белгі” деген мағынаны білдіретін *қал* сөзінің осылайша жазылуы иероглиф принципі мысал бола алады. Бұл принциптің сөздерді бір-бірінен ажыратушы қызметі ескеріліп, ол кейде дифференциальды принцип деп те аталады.

Графика ауызекі сөйлеу тілінің дыбыстық жағын, оның ерекшеліктерінің барлығын түгелдей қамтып бере алмайды. Мұндай қызметті транскрипция ғана атқара алады. Транскрипцияның әдеттегі жазудан мынадай айырмашылықтары бар: әдеттегі жазу жүйесінде сөздердің дыбыстық жағымен бірге олардың әр түрлі байланыстары, атап айтқанда, этимологиялық және морфологиялық байланыстары да қарастырылып, есепке алынады. Ал транскрипцияда сөздің дыбыстық жағына ғана назар аударылады. Транскрипция үшін сөздің этимологиялық, морфологиялық байланыстардың ешбір мәні жоқ. Бұл-бір. Екіншіден, графика сөздің дыбысталуын әрқашан дәлме-дәл көрсете бермейді. Ал транскрипцияның ең негізгі қызметі – сөздің дыбыстық немесе фонемалық құрамын дәлме-дәл көрсету. Бір әріп ыңғайына қарай әр түрлі фонемаларды белгілей алса, транскрипциялық таңба бір ғана мәнге ие бола алады. Бір фонема жазуда әр түрлі әріптермен таңбалануы мүмкін, ал транскрипцияда ол әрқашан бір ғана таңбамен белгіленеді.

Транскрипциядан транслитерацияны ажырата білу керек. Транслитерация жазылғанды бір алфавиттен екінші алфавитке, мысалы, орыс алфавитінен латын алфавитіне немесе, керісінше, аударып жазуда қолданылады. Транслитерация әсіресе географиялық атауларды және т.б. басқа жалқы есімдерді жазуда жиі қолданылады.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Пиктографиялық жазу.
2. Идеографиялық жазу.
3. Буын жазуы.
4. Әріп жазуы.
5. Орфография.
6. Транслетерация және транскрипция.